



БОЛАШАҚ БҮГІН БАСТАЛДЫ

КПО-ның ТҰРАҚТЫ
ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ 2022

Мазмұны

КІРІСПЕ

Бас директордың алғысөзі.....	4
Есеп туралы.....	6
КПО бизнес стратегиясы.....	10
Миссиямыз.....	10
Маңызды тақырыптар және стейкхолдерлермен өзара әрекеттестік.....	12



1

ӨНДІРІС

КПО өндірістік объектітері.....	18
Өнімдер және экспорттық бағыттар.....	20
Бұрғылау технологиялары.....	22
Күрделі жөндеу.....	23
Күрделі жобалар.....	24
Өндіріс тұтастығы және ТЖ басқармасы.....	26
Цифрландыру және үздіксіз жетілдіру.....	32



2

БАСҚАРУ

Ұйым құрылымы және басқару тәсілдері.....	36
Бизнес этика.....	42
Нормативтік-құқықтық сәйкестік.....	44



3

ӘЛЕУМЕТТІК ҮЛЕС

Қауіпсіздік техникасы саласындағы тәжірибе.....	51
Еңбекті қорғау және денсаулық сақтау.....	59
Жұмысқа орналасу тәжірибелері.....	67
Қақтығыстар және қауіпсіздікті қамтамасыз ету.....	83
Жергілікті қауымдастықтар.....	87

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҮЛЕС

Климаттың өзгеруіне бейімделу және көміртегі шығарындылары бойынша бейтараптыққа көшу.....	93
ҚОҚ саласындағы басқару тәсілдері.....	94
Атмосфераға тасталатын шығарындылар.....	104
Энергия тиімділігі.....	108
Су қорларын тұтыну және су тарту.....	112
Қалдықтарды басқару.....	118
Биотүрлілікті сақтау.....	122

4



ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮЛЕС

Жеткізілімдерді ұйымдастыру.....	128
Жергілікті қамтуды дамыту.....	130
Мемлекетке төленетін төлемдер.....	132
Электр қуатын жеткізу.....	134
Әлеуметтік инфрақұрылымға қосылатын үлес.....	136

5



ҚОСЫМШАЛАР

КПО-да маңызды тақырыптарды басқару.....	139
Тұрақтылық көрсеткіштері.....	143
GRI мазмұн көрсеткіштері.....	151
КПО-ның БҰҰ ТДМ мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі.....	164
Глоссарий.....	169
Кері байланыс.....	171



КПО-ның тұрақты даму туралы есебі КПО веб-сайтында мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде электрондық форматта қолжетімді

КІРІСПЕ

Бас директордың алғысөзі	4
Есеп туралы	6
КПО бизнес стратегиясы	10
Миссиямыз	10
Маңызды тақырыптар және стейкхолдерлермен өзара әрекеттестік	12



GRI 2-23

Іскерлік қағида: ҚАРЫМ ҚАТЫНАС ОРНАТУ ЖӘНЕ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

Біз барлық мүдделі тараптармен тұрақты диалог пен өзара іс-қимылды қолдаудың аса маңыздылығын түсінеміз.

Біз жұмысымыз туралы хабардар болуға және тиісті ақпарат алуға толық құқылы мүдделі тараптарға сол ақпаратты ұсынуды міндетіміз деп санаймыз, алайда бұл ретте заңды басым құқыққа ие іскерлік құпиялық ережелерін ескереміз.

Қызметкерлерімізбен, серіктестерімізбен және жергілікті қоғамдастықтармен қарым-қатынасымызда көтерілетін мәселелерге көңіл бөлуге және оларға дұрыс және бар жауапкершілікпен ден қоюға тырысамыз.

2022

КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ:



2,2

млн адам сағат
жұмыс атқарылды



12

мың адам жұмысқа
тартылды



0

ауыр оқыс
оқиғалар саны



0

қоршаған ортаға
келтірілген зиян



ӨБТК-нің 25 жылдық
мерейтойы

КПО Тұрақты даму есебінің



15-ші

басылымы жарық көрді

Дүниежүзілік жабайы табиғат
қорының экологиялық мәселелер
бойынша ашықтық рейтингінде



Компания

3-ші

орын алды

КПО алған марапат:



"Paryz – 2022" "Best
Social Project of the year"

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ АЛҒЫСӨЗІ GRI 2-22



Құрметті оқырмандар,

Сіздерге «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясының Қазақстандық филиалының 2022 жылғы тұрақты даму туралы есебін зор қуанышпен ұсынамын. Бұл – есептер жарияланып бастағалы бері жарық көріп отырған біздің он бесінші есеп.

Әлемдегі макроэкономикалық және геосаяси сын-тегеуріндерге қарамастан, 2022 жылы өндірістік және өнімді өткізу бойынша мақсаттарымызға жетуде біраз жақсы нәтижелерге қол жеткіздік, сондай-ақ 4-ші газды кері айдау компрессоры және күрделі жөндеу сияқты ірі де күрделі жобаларды сәтті жүзеге асырдық. Қарашығанақты кеңейту жобасы (ҚКЖ-1) айтарлықтай ілгері жылжыды. Сонымен қатар, 2023 жылдың басында Қарашығанақ газ өңдеу зауытының жобасын бағалау басталды. Бұл жоба КПО 365 стратегиясын жүзеге асыруға айтарлықтай үлес қосуы мүмкін.

Өкінішке қарай, 2022 жылы қауіпсіздікке қатысты қойылған көрсеткіштерге қол жеткізілген жоқ. Айта кетсек, КПО-дағы ЕҚЖЖ (еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақаттар) коэффициенті 2021 жылғы 0,03-тен (бір жарақат) 2022 жылы 0,22-ге (жеті жарақат) дейін артса, ал ТТЖ (тіркелуге тиіс жарақаттар) коэффициенті 2021 жылғы 0,09-дан 2022 жылы 0,40-қа дейін өсті. Әрі қарай жетіліп, көздеген нәтиже жетеміз десек, осылардан сабақ алуымыз керек. Сондықтан осындай оқиғалар қайталанбауы үшін біз олардың барлығын мұқият тексеріп, тергейміз. Оқиғадан алынған сабақтарды әрі қарай мердігерлерімізбен және басқа да мүдделі тараптармен бөлісеміз және қауіпсіздікті арттыру үшін басқа компаниялардың тәжірибесіне қарап үйренеміз.

2022 жылы Қарашығанақ кен орнының тарихындағы ең ауқымды күрделі жөндеу жұмыстарының бірін жүзеге асырдық және жөндеу жұмыстары барысында ешбір ірі оқиға болған жоқ және қоршаған ортаға зиян келтірілген жоқ. Барлық жоспарланған жұмыс көлемі орындалды. Сонымен қатар, біз өндірісті жаңғыртуды аяқтадық, сондай-ақ объектілердің қауіпсіздігі мен технологиялық жабдықтардың сенімділігін арттырдық.

2022 жылы КПО 365 бизнес стратегиясын әзірлеуді жалғастырдық. Бұл стратегия жоба экономикасын әртараптандыруды, кірістерді арттыруды және шығындар құрылымын басқаруды ғана емес, сонымен қатар ESG жаһандық күн тәртібінің ең өзекті

бағыттарын, оның ішінде адамдарға қамқорлық жасау және мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері, «Жасыл КПО» тұжырымдамасына көшу және көміртегі бейтараптығына жету сияқты аспектілерді қамтиды. Стратегияның негізгі бағыттары туралы толығырақ ақпаратты осы есептің келесі беттерінен табуға болады.

КПО 2022 жылы газдың 99,93%-н кәдеге жаратып, яғни газдың небәрі 0,07%-н ғана алауда жағып, бұл көрсеткіш бойынша әлемдік деңгейге қол жеткізді. Біз қоршаған орта компоненттеріне – ауаға, жерүсті суларына, жерасты суларына және топыраққа, сондай-ақ атмосфераға бөлінетін шығарындылар мен сарқынды суларға толық мониторинг жүргіземіз. 2022 жылғы жеткен ерекше жетістігіміздің бірі – тазартылып, техникалық қажеттіліктерге пайдаланылатын сарқынды сулардың көлемін екі еселеу болды, осының арқасында жерүсті су көздерінен алынатын су көлемі айтарлықтай қысқартылды.

Біз «жасыл» технологияларды енгізу бағытында белсенді жұмыс істеп жатырмыз, соның ішінде парниктік газдар шығарындыларын азайту шаралары қолға алынуда және қалдықтарды өңдеудің тиімді әдістері енгізілуде. Оған қоса, біз өзекті экологиялық мәселелерді талқылауға арналған Uralsk Green Forum атты бірегей алаң ұйымдастырдық. Аталмыш шара өткізілген бес жылда компаниямыздың мамандары, мемлекеттік органдар, эко-еріктілер мен келешек ұрпақ өкілдері – студенттер белсенді қатысып, бірге тығыз жұмыс істеп, аймақтағы экологиялық хабардарлық пен мәдениетті арттырды.

Компанияның экологиялық және энергетикалық менеджмент жүйелері үнемі ISO 14001:2015 және ISO 50001:2018 халықаралық стандарттарына сай және тиімді деп танылып келеді. КПО-ның 2022 жылдың соңына дейін қоршаған ортаны қорғау шараларына салған инвестицияларының жалпы сомасы 450 миллион АҚШ долларына жуықтады.

Персоналға келетін болсақ, Компания персоналды оқыту және дамыту бағдарламаларын жүзеге асыруын жүйелі түрде жалғастырып келеді. 2022 жылы кадрлардағы жергілікті қамту үлесі кәсіптік және техникалық құрам бойынша 98%-ға, ал басшылық құрам бойынша 86%-ға жетті. Сонымен қатар, тауарлар, жұмыстар және

қызметтер сатып алудағы КПО-ның жергілікті қамту үлесі 56,4%-ды (511,7 млн АҚШ долларынан астам) құрайды.

2022 жылы өндірістік қатынастарды бақылау және мердігерлермен өзара әрекеттесу бойынша үлкен жұмыс жасалды. Біз өндірістік қызметтің тұрақтылығын қамтамасыз етудегі мердігерлердің жұмысының маңыздылығын түсінеміз және басшылықпен ғана емес, сонымен қатар қатардағы қызметкерлермен де ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері, ҚР Экологиялық кодексінің талаптарын енгізу және жұмыскерлердің еңбек құқықтарын сақтау тақырыбында тұрақты диалог жүргіземіз.

Әлеуметтік көрсеткіштерге келетін болсақ, КПО Батыс Қазақстан облысында мектептер мен дене шынықтыру және сауықтыру кешендерін салу сияқты әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруын жалғастырды. 2022 жылдың қараша айында өткен «Парыз-2022» атты бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі ұлттық конкурста «Жылдың үздік әлеуметтік жобасы» номинациясында марапат алғанымыз біз үшін үлкен мәртебе болды. Аталмыш жүлде КПО-ға Оралдағы көпбейінді мәдениет сарайын салғаны үшін табысталды.

Аймақтағы ең ірі кәсіпорын ретінде КПО өз қызметінің түрлі мүдделі тараптарға ықпал ететінін түсінеді және бұл өз кезегінде бізге бизнесті қалай жүргізу керектігі тұрғысынан айрықша жауапкершілік жүктейді. Мүдделі тараптармен қарым-қатынасты сенім мен ашықтыққа сүйеніп жүргізу тұрақты даму саласындағы мақсаттарға қол жеткізудің негізі болып табылады. Осы жолда бізді алға жетелейтін қозғаушы күштер болып, көшбасшылық, инновациялар мен ынтымақтастық қала береді.

КПО компаниясының тұрақты дамуының негізгі бағыттарын шолуға қош келдіңіз! Қандай да бір сұрақтарыңыз не жеткізгіңіз келетін ойларыңыз болса, бізбен бөлісуіңізді сұрамыз. Себебі сіздің есеп туралы пікірлеріңіз болашақтағы есептеріміздің сапасын жақсартуға септігін тигізеді.

Ізгі ниетпен,

Джанкарло Рую,
КПО бас директоры

ЕСЕП ТУРАЛЫ ТДМ 12.8, 16.10

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясының Қазақстандық филиалы (бұдан әрі – КПО) – Қазақстан Республикасы Батыс Қазақстан облысы аумағында мұнай және газ шикізатын барлаумен және өндірумен айналысатын халықаралық мұнай және газ компаниясы. КПО компаниясы «Шелл», «Эни», «Шеврон», «Лукойл» мен «ҚазМұнайГаз» ҰК акционер компаниялары мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалған өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімнің (бұдан әрі – ӨБТК) негізінде осы компаниялар атынан әрекет ететін Қарашығанақ мұнай, газ және конденсат кен орнының операторы болып табылады. **GRI 2-1, 3-3**

КПО 2008 жылдан бері, яғни 15 жыл бойына тұрақты даму саласындағы қызметтер туралы жыл сайын есеп беріп келеді. 2009 жылы компания [Тұрақты даму кодексі](#) қабылдап, оған сәйкес жыл сайын тұрақты даму саласында «сыртқы мүдделі тараптарға жасалған жұмыс туралы толық және расталған ақпарат көрсетілген есеп беруге» міндеттенеді. КПО тұрақты даму кодексінің ережелері тұрақты дамудың көпшілік мойындаған анықтамасына сәйкес келеді – **«бүгінгі күн қажеттіліктерін болашақ ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктеріне еш қауіп төндірмей өтеу»**.

Бұл – он бесінші есеп және есепте қамтылған жыл 1997 жылдың соңында ӨБТК қол қойылғанына 25 жыл толуымен сәйкес келіп отыр. Бұл құжатта біз тұрақты дамудың үш негізгі бағыты, яғни әлеуметтік, экологиялық және экономикалық бағыттар бойынша есепті кезеңде атқарған қызметтеріміздің нәтижелерін баяндаймыз. Есепте сондай-ақ өндірістік көрсеткіштер мен дамыту жоспарлары, басқару және энергетикалық бетбұрыс саласындағы тәсілдеріміз, сонымен қатар мүдделі тараптар топтарымен өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асырылған әлеуметтік жобалар, экологиялық бастамалар мен экономикалық серіктестіктер берілген.

Болашақ бүгіннен бастау алады және де осыдан 25 жыл бұрын іргесін қалаған ісіміздің нәтижесін бүгін көріп отырмыз. Тұрақты даму қағидаттарын сақтау Қарашығанақты одан әрі игеруде біздің моральдық «лицензиямыз» болды және солай бола береді, өйткені жер қойнауын пайдаланумен қоса, біз қоғамның дамуына үлес қосуға ерекше назар аударамыз.

ГҚДҚ-2



Есепті қолдану аясы мен шегі GRI 2-3, 2-6, 3-3

КПО-ның тұрақты даму туралы есебі Қарашығанақ мұнай, газ және конденсат кен орнына бөлінген жер телімі мен Қарашығанақ-Орынбор тасымалдау жүйесі (ҚОТЖ) және Қарашығанақ-Атырау тасымалдау жүйесі (ҚАТЖ) экспорттық құбыржол жүйелері шегіндегі барлық қызметтерді қамтиды.

Бұл басылымда КПО-ның 2022 жылғы жұмысы пайымдалады. Құжатта 2022 жылғы көрсеткіштеріміз, сондай-ақ 2023 жылға жасалған жоспарларымыз берілген. Қызметіміздің тұрақтылығын көрсету мақсатында маңызды тақырыптар бойынша көрсеткіштеріміз өткен бірнеше жылмен салыстырылып берілген. Қалыптасқан тәжірибеге және GRI стандарттарының талаптарына сәйкес

біз жетістіктерімізбен бірге мәселелеріміз туралы айтуға тырысамыз. Мазмұнда өз көзқарасымыз бойынша ең маңызды тақырыптарды белгіледік, олар аттас тарауларда егжей-тегжейлі сипатталады.

2021 жылғы тұрақты даму туралы есебі 2021 жылғы маусым айының соңында басып шығарылды. Барлық бұрынғы КПО тұрақты даму туралы есептерін КПО веб-парақшасындағы [«Тұрақты даму»](#) бөлімінен табуға болады. Сонымен қатар, біздің есеп корпоративтік жауапкершілік туралы есеп берудің әлемдегі ең үлкен электронды анықтамасы болып табылатын Corporate Register анықтамасының деректер қорында жарияланған (www.corporateregister.com).

Тұрақты даму саласында қолданылатын есеп беру стандарттары

Бұл есеп 2021 жылғы GRI стандарттарының талаптарына сәйкес және 2021 жылғы мұнай-газ секторы үшін GRI стандарттары талаптарын ескеріп дайындалды. Есепте компания үшін аса маңызды тақырыптар бойынша көрсеткіштер жарияланған. Сонымен қатар, біз GRI стандарттарының талаптарына сәйкес келетін ESG күн тәртібін зерттедік.

GRI стандарттары талап ететін ақпараттың ашықтығы мен дұрыстығын қажетті деңгейде қамтамасыз етуді жалғастыру біз үшін маңызды, себебі оларды тұрақты даму туралы есебіміз үшін ең лайықтысы ретінде қарастырамыз.

КПО тұрақты даму туралы есептерін 2008 жылдан бері жариялап келеді.

- ▶ 2008 ж. – 2012 ж. – бастапқыда шығарылған есептер GRI – G3 үшінші нұсқаулығына сәйкес әзірленген болатын.
- ▶ 2013 ж. – 2016 ж. – КПО есептері есептілік бойынша жаһандық бастаманың (GRI G4) төртінші нұсқаулығына сәйкес әзірленді. 2014 жылы КПО компаниясы GRI G4 нұсқаулығы талаптарын қолданған Қазақстандағы алғаш компаниялардың бірі болды.
- ▶ 2017 ж. – 2022 ж. есептер GRI стандарттарының талаптарына сәйкес әзірленген.

Ақпараттың тәуелсіз расталуы GRI 2-5, 2-17

Компания Тұрақты даму туралы есебін растау тәжірибесін 2009 жылы бастады. Содан бері КПО-ның он үш есебі аудиторлық компаниялармен жарияланған ақпараттың растығына тексерілген. Біз тәуелсіз растау тәжірибесі қаржылық емес есептеріміздің ашықтық пен шынайылықтың жоғары деңгейін ұстап тұруға көмектесетініне сенеміз.

Осы құжатты 2023 жылы әзірлеу барысында тәуелсіз растау келісімшартын жасасудың ұзақ процесіне байланысты КПО есепте жарияланған деректердің тәуелсіз сарапшылармен расталуына жүгінген жоқ. Біз тәуелсіз растау тәжірибесін 2024 жылы қайта бастауды жоспарлап отырмыз.

Есеп мазмұнын компания ішінде келісуге келетін болсақ, Тұрақты даму туралы есеп Компанияның директорлар комитетімен бекітіліп, дайындық барысында оператор компаниялар тарапынан тұрақты даму мәселелері бойынша қосалқы комитет мүшелерімен мақұлданады.

2023 жылдың ақпан айында «Шелл» компаниясы тұрақты даму мәселелері бойынша қосалқы комитет мүшелеріне, сонымен қатар КПО компаниясының тұрақты даму туралы есебін әзірлеуге қатысатын жұмыскерлер мен басқа да бірлескен кәсіпорындарға арнап «Бизнесті тұрақты дамыту мен ESG негіздері» атты бірлескен тренинг ұйымдастырды.

Одан басқа, КПО ТД бойынша есептілік секторы жұмыскерлері жыл сайын сертификатталған GRI тренингінен өтеді, ал биыл Қазақстанда алғаш өткізілген екі айлық «ESG есептілігі: толық курсын» аяқтады. Қараша айында тобымыздың мүшелері UNDP ұйымы Атырау қаласында өткізген адам құқықтарына арналған офлайн семинарға қатысты. Осындай шаралар мен тренингтерге белсені қатысу қатардан қалмай, Тұрақты даму есебінің жоғары сапасын қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

КПО-ның тұрақты даму туралы есеп берудегі тәсілдерінің дұрыстығы «Эксперт Қазақстан» агенттігінің жыл сайынғы байқауларында және ұлттық рейтингтерінде бірнеше мәрте танылуымен расталды. 2018 жылы КПО «Азия елдері арасындағы тұрақты даму саласында есеп беру бойынша марапаттау 2018» сайысында «Үздік экологиялық есеп» және «Лайықты еңбек шарттарын қамтамасыз ету бойынша үздік есеп» номинациялары бойынша финалға шықты. 2019 жылдан бастап КПО PwC Kazakhstan рейтингінде ESG-ақпаратты жариялау деңгейі бойынша қаржылық емес компаниялар арасында үздік ондықта келеді. Сонымен қатар 2017 жылдан бастап есепте қоршаған ортаны қорғау туралы ақпаратты жария етудің арқасында КПО Дүниежүзілік жабайы табиғат қорымен (WWF) өткізілетін Қазақстан мұнай-газ компанияларының экологиялық ақпаратының ашықтығы рейтингінде көш бастаған үштіктің қатарында келеді.



Іскерлік серіктестіктер және қауымдастықтарда мүшелік ету

GRI 2-28, ТДМ 17.16, 17.17

Біз «KAZENERGY» қауымдастығы, «Тұрақты дамуға арналған табиғатты пайдаланушылардың қазақстандық ассоциациясы» және «Мұнай-газ машина жасау саласын дамытуға арналған халықаралық орталығы» сияқты қазақстандық қауымдастықтарға мүшелігімізді стратегиялық маңызды деп бағалаймыз. Қауымдастықтарда мүшелік ету арқасында КПО-ның мұнай және газ саласындағы басқа кәсіпорындармен тәжірибе алмасуға, сондай-ақ жұмыс топтары мен комитеттерге қатысу арқылы компания мүдделерін ілгерілетуге мүмкіндігі бар.

Мысалы, 2022 жылдың қазан айында «KAZENERGY» қауымдастығымен бірлесе отыра КПО «Student Digital Fest» байқауына және С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті жанындағы «Энергетика саласындағы әйелдер көшбасшылығы» білім беру бағдарламасының ашылу салтанатына қатысты. Оған қоса, 2015 жылдан бастап КПО Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі, «PSA» ЖШС, «НКОК Н.В.», «КПО Б.В.» және «KAZENERGY» қауымдастығы арасында 2015 жылдың

29 қыркүйегінде қол қойылған ынтымақтастық туралы меморандум аясында білім беру гранттарына жыл сайын 500 мың АҚШ долларын бөліп отырады. **ТДМ 4.б**

ҚР отандық мұнай-газ машина жасау саласын дамыту бойынша 2019–2025 жылдарға арналған шаралар аясында 2020 жылы Мұнай-газ машина жасау саласын дамытуға арналған халықаралық орталық (IMBC) құрылды. Оның қызметінің негізгі бағыты Қазақстандағы ірі мұнай-газ жобаларында отандық машина жасау кәсіпорындарының өнімдерін сатып алуды ұлғайту болып табылады. Аталмыш орталық қызметін үш Оператор – КПО, ТШО және НККОК атынан жүргізеді және Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен, Энергетика министрлігімен, «PSA» ЖШС өкілетті органымен, сондай-ақ отандық мұнай-газ машина жасауды дамытуға қатысатын энергетикалық және машина жасау қауымдастықтарымен тығыз әрекеттеседі. КПО мен IMBC-дің ортақ жұмысы туралы толығырақ «Жергілікті қамтуды дамыту» тарауынан біле аласыз.



IMBC форумындағы КПО басшылығы

КПО 365

КПО 365 стратегиясы «3» мақсатты қамтиды. Олар жылдан жылға өзгеріссіз тұрақты болып қала беруі керек. Бұлар стратегияның негізгі іргетасы іспетті және стратегияның қалған элементтері осыларға негізделеді. Осы мақсаттар КПО-ны қызметі орнықты және тұрақты даму қағидаттарына сәйкес ұйымдастырылған әлемдік деңгейдегі кәсіпорынға айналдыратын қозғаушы күштер болып табылады.

КПО 365 стратегиясында «6» басым бағыт қамтылған. Олар да тұрақты болып қалады, тек қажет болған жағдайда 3 жыл сайын жаңартылып отыруы керек.

КПО 365 стратегиясындағы әр басым бағыт «5» жолды қамтиды. Бұл жолдар – КПО-ның ұзақ мерзімді көздеген мақсатына жетуге жетелейтін жыл сайынғы қысқа мерзімді стратегиялар. Олар жыл сайын қайта қаралады және расталады/жаңартылады, содан кейін тиімділіктің жылдық негізгі көрсеткіштерімен байланыстырылады және кейін осы ақпаратты негізге алып, болашақтағы қызмет жоспарланады.

КПО БИЗНЕС СТРАТЕГИЯСЫ GRI 2-22, ТДМ 7, 8.4, 12, 13, 16.B, 17.14, 17.19

КПО-ның бизнес миссиясы – Қарашығанақ кен орнын қауіпсіз, сенімді және бәсекеге қабілетті жолмен өндіру және игеру арқылы барлық мүдделі тараптарға барынша табыс әкелу. КПО-ның бизнес стратегиясы бүкіл компания ауқымындағы стратегиялық және бизнесті жоспарлау үдерісімен байланысты және ТНҚ мен мақсат қою құралдарының көмегімен бүкіл компания бойынша таратылады.

2021 жылы КПО активтерін болашақта тұрақтырақ ету мақсатында КПО жаңа «КПО 365 стратегиясын»

МИССИЯМЫЗ

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» негізгі миссиясы – Қарашығанақ кен орнын экономикалық және экологиялық тұрғыдан оңтайлы жолмен игеру және жергілікті халық үшін әлеуметтік-экономикалық даму мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.

Осы миссиямызға қол жеткізу мақсатында біз қызметімізге тұрақты даму қағидаттарын енгізуді жалғастырып келеміз. Яғни барлық қызметтерімізде біз келесілерді орындауға міндеттіміз:

- ▶ компания қызметімен байланысты теріс әсерді барынша азайту, ал мүмкіндіктерді барынша арттыру;
- ▶ қабылданған шешімдеріміздің ұзақ мерзімді салдарын ескеру;

- ▶ мүдделі тараптарды сындарлы сұхбатқа тарту;
- ▶ Корпоративтік басқарудың озық әдістерін енгізу және ашықтықты қамтамасыз ету.

КПО-ның ұзақ мерзімді даму негіздерінде бекітілген тұрақты даму қағидаттарын, сондай-ақ КПО бизнес қағидаттарын басшылыққа ала отырып, Компания өз қызметін БҰҰ-ның тұрақты даму саласындағы мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге өз үлесін қоса отырып жүзеге асырады. ТДМ 16.В

ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ

Адамдарға деген қамқорлық



Адамдар – КПО үшін маңызды ресурс болып табылады. Жұмыскерлерімізді дамыту және бизнес-процестерді жетілдіру арқылы компанияның негізін нығайтамыз

ЕҚ, ҚТ, ҚОҚ және Мақсатты нөлдік көрсеткіш



«Goal Zero» немесе жарақат алу мен жазатайым оқиғалар бойынша нөлдік көрсеткішке ұмтылу – бізді жігерлендіретін мақсат. Бұл мақсат қызметкерлеріміздің, жұмыс істейтін ортамыздың және біз күнделікті басқаратын нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге деген ұмтылысымызды көрсетеді.

ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Мүдделі тараптар және қарым-қатынастар



Мүдделі тараптармен арада орнатылған қарым-қатынасымыз компания қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады. Мұндай өзара іс-әрекет жоспарланады, құжатта тіркеледі және заңнамаға және ішкі саясатқа сәйкес жүзеге асырылады.

Шығындар құрылымын басқару



Әр долларды орнымен жұмсай отырып, тұрақты және негізделген бюджет пен шығындар процесін қамтамасыз ету мүдделі тараптармен жақсы қарым-қатынас орнатуға септігін тигізеді, осылайша шығындарымыздың құрылымы жақсырақ басқарылады.

Кірістерді әртарапандыру және арттыру



Қарашығанақ кен орнын игеру стратегиясы мұнай мен тұрақты конденсат өндіруге басымдық беріп, сұйық көмірсутектер өндірудің жоғары деңгейін сақтап тұру мерзімін мейлінше ұзарту арқылы барлық мүдделі тараптар үшін құндылықты/табысты барынша арттыруға бағытталған.

«Жасыл КПО» тұжырымдамасына көшу



КПО «жасыл» стратегиясы компанияны 1-ші және 2-ші қамту аялары бойынша нөлдік деңгейге қол жеткізген және өңірді дамытуға назар аударатын әлемдік деңгейдегі көмірсутектер мен энергияның «жасыл» өндірушісі қылуға бағытталған. Қазақстанның энергетика саласындағы тұрақтылығын сақтай отырып, қоршаған ортаға әсерді азайту.

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР ЖӘНЕ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРМЕН ӨЗАРА ӨРЕКЕТТЕСТІК GRI 2-29, 3-1, 3-2, ТДМ 17.16, 17.17

Тұрақты даму саласындағы табыс бизнес пен мүдделі тараптар арасындағы диалогтың тиімділігіне байланысты. Біз стейкхолдерлерімізбен тығыз байланыстымыз және олардың пікірлері біз үшін маңызды. Тұрақты даму туралы есеп мүдделі тараптарды қызметіміз туралы хабардар етудің негізгі құралы болып табылады. Есепте сонымен қатар негізгі мәселелерді қалай шешкеніміз туралы, есеп берілетін кезеңде компанияға да, стейкхолдерлерге де қандай да бір жолмен әсер етуі мүмкін осыған байланысты өзгерістер туралы баяндаймыз. Оған қоса, Есепте КПО компаниясының бүкіл өңірдің дамуына ықпалын талдауға мүмкіндік беретін көрсеткіштердің үлкен көлемі ұсынылған. Есепті әзірлеуде біз құрушы компаниялардың мол тәжірибесін негізге аламыз және қаржылық емес есептілік саласындағы әлемдік деңгейде мойындалған практика талаптарын ұстанамыз.

Стейкхолдерлерімізбен орнатылған нәтижелі қарым-қатынасымызды жалғастыру және өзара тиімді шешімдер қабылдау біз үшін маңызды. Әдетте, шешімдер өзара әрекет кезінде қабылданады. Стейкхолдерлермен өзара әрекеттестік – Компания қызметінің ажырамас бөлігі: ол заңнама шеңберінде және Компанияның ішкі процедураларына сәйкес жоспарланады, құжат жүзінде тіркеледі және іске асырылады. КПО бөлімшелері өз мүдделі тараптарын қауіп-қатерлер мен маңызды тақырыптарды талдау негізінде анықтайды және осы Есепте олармен өзара әрекеттесу бойынша тәжірибелерімен бөліседі. КПО қызметі ауқымды болғандықтан оның стейкхолдерлерінің құрамына көптеген топтар мен ұйымдар кіреді. 1-суретте стейкхолдерлердің біз үшін аса маңызды топтарын атап шықтық және 2022 жылы олармен өзара әрекеттестікті қандай жолмен жүзеге асырғанымызды көрсеттік.

Тұрақты даму туралы есепті дайындау кезінде Компания ішіндегі түрлі бөлімдермен, сондай-ақ одан тыс мүдделі тараптармен өзара әрекет арқылы ақпарат алмасып, деректер жиналады. Есепті әзірлеудегі көпжылдық тәжірибемізге сүйеніп, біз қызметіміз үшін ең өзекті және маңызды тақырыптар бойынша мәлімет беру үшін жыл сайын қайта қаралатын бірқатар маңызды тақырыптарды белгілеп алдық. Есептің осы шығарылымында біз олардың даму қарқыны туралы хабарлауды жалғастырамыз.

Маңызды тақырыптар шегін анықтау құралы ретінде GRI Есептілік бойынша жаңандық бастама стандарттарын және олардың мұнайгаз саласына арналған қосымшасын басшылыққа аламыз. Есепте берілген нәтижеліліктің аса маңызды көрсеткіштерін Халықаралық мұнай-газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) деректерімен салыстырмалы түрде көрсетеміз. Қолданылатын GRI стандарттарын біз менеджмент саласындағы әдістерді және Компания қызметінің негізгі көрсеткіштерін ескере отырып ашамыз. Сонымен қатар, қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктер бағаланады, алға қойылған мақсаттар өткен кезеңдердің жетістіктерімен сандық түрде салыстырылады.


Әртүрлі стандарттардың талаптарына қарамастан біз Компанияның қызметі мен тұрақты даму саласындағы маңызды тақырыптар бойынша барынша толық ақпарат беруге тырысамыз. Сондықтан Есепте берілген ақпарат GRI көрсеткіштерімен ғана шектеліп қоймайды.


Есепте талқыланатын маңызды тақырыптар жалпы КПО қызметінен және жеке өндірістік операцияларды жүргізу кезінде болатын экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсер ету мәселелерін қамтиды.

Есеп беру кезеңінде баяндалған тақырыптар бас компанияларымызбен, өкілетті орган «PSA» ЖШС-мен, әртүрлі бақылаушы органдармен, мердігерлерімізбен, салалық серіктестерімізбен, жұмыскерлерімізбен, кәсіподақтармен, жергілікті халықпен және БАҚ өкілдерімен көп тарапты өзара әрекеттестік барысында ұдайы қадағаланып отырады. Мүдделі тараптар жергілікті тұрғындармен өткізілетін консультативтік кеңестерде, форумдарда, конференцияларда, қоғамдық тыңдаулар сияқты түрлі жиналыстар барысында, әлеуметтік сауалнамалар мен тексерулер жүргізу кезінде, сондай-ақ Компаниямен тікелей байланысу арқылы өздерін толғандыратын мәселелерді көтереді. (1-Суретті қараңыз) **GRI 2-29**



1-сурет. КПО стейкхолдерлері және олармен 2022 жылғы өзара әрекеттестіктің негізгі жолдары **GRI 2-29**





Ескерту: Тақырыптар маңыздылығына қарай диаграмманың ортасынан сыртқы шетіне дейін қойылған 0-ден 4-ке дейінге диапазонда көрсетілген. Ең маңызды тақырыптар шекті мәні үшке тең қызыл аймақтың сыртында орналасқан.

2022 жылдың аяғында осы есепте көрсетілетін аса маңызды тақырыптарды анықтау мақсатында негізгі стейкхолдерлеріміздің арасында сауалнама жүргіздік. Сауалнама жіберілген тараптардың 83 пайызы жауап берді. Аталмыш сауалнама есеп беру процесін талдап зерделеуге және маңызды тақырыптар тізімінде басым бағыттарды белгілеуге көмектесті.

2-суретте көрсетілген барлық тақырыптар 2022 жылы да КПО мен оның стейкхолдерлері үшін маңызды болып қала берді. Тақырыптар маңыздылығына қарай диаграмманың ортасынан сыртқы шетіне дейін қойылған 0-ден 4-ке дейінге диапазонда көрсетілген. Ең маңызды тақырыптар шекті мәні үшке тең қызыл аймақтың сыртында орналасқан. Олардың қатарына мыналар жатады:

1-кесте. 2021–2022 жылдары мүдделі тараптарға жүргізілген сауалнама нәтижесінде неғұрлым маңызды деп танылған тақырыптарды салыстыру.

2021	2022
1. Жеке және өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету	1. Жеке және өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету
2. Жұмыскерлердің еңбегін қорғау мен қауіпсіздік техникасы	2. Жұмыскерлердің еңбегін қорғау мен қауіпсіздік техникасы
3. Жұмыскерлердің денсаулығын сақтау	3. Жұмыскерлердің денсаулығын сақтау
4. Технологиялық процестердің қауіпсіздігі	4. Технологиялық процестердің қауіпсіздігі
5. ТЖ-да әрекет етуге дайындық	5. ТЖ-да әрекет етуге дайындық
6. Ауа сапасын қадағалау	6. Мердігерлермен өндірістік қатынас
7. Парниктік газдар мен ластаушы заттар шығарындыларын азайту	7. Жұмыспен қамту және еңбекақы төлеу
8. Су ресурстарын тиімді пайдалану	8. Кадрлардағы жергілікті қамту үлесін арттыру

Сауалнама нәтижелері негізінде және есеп беру тобының 2021 жылы жаңартылған GRI стандарттары бойынша сертификат берілетін оқуда алған біліміне сүйеніп, біз маңызды тақырыптардың тізіміне тағы да талдау жүргіздік. 2021 жылмен салыстырғанда маңызды тақырыптар саны 35-тен 32-ге дейін азайды. Оның ішінде біз маңызды деп бөліп қойған екі тақырып – корпоративтік басқару және ISO 14001, 45001, 50001, 9001 бойынша сертификаттау GRI-ға сәйкес ұйымның қызметіне қатысты ортақ көрсеткіштермен қатар жариялауға міндетті тақырыптар болып табылады және олар келесі есептерде әдепкі түрде баяндалатын болады. Ал енді бір тақырып – COVID-19 тақырыбы компания қызметіне елеулі әсер етуін тоқтатты.


қорытындысы бойынша ең көп оқылатын алты бөлімді анықтап алдық.

Бұл сауалнаманың қорытындысы еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, апатсыз өндіріс, персоналды дамыту сияқты тақырыптардың маңыздылығын растайды. Осы тұста ескере кететін бір жайт – сыртқы стейкхолдерлерге өткізілген сауалнама қорытындыларымен салыстырғанда, КПО персоналы үшін қоршаған ортаны қорғауға қатысты тақырыптар әлі де маңызды.

Осы есепте баяндалатын қандай да бір тақырыптардың өзектілік деңгейін 2-суретте байқауға болады.

Есепті дайындау барысында негізгі мақсатымыз осы Есепте жарияланатын маңызды тақырыптар туралы қоғамның хабардарлығын үнемі арттырып отыру деп білеміз. Есептердің қағаз нұсқаларында оқырмандар жыртып алып, толтыра алатын кері байланыс формасы бар. Кері байланыстың онлайн формасын [веб-сайтымыздан](#) таба аласыз. Есеп туралы ойыңызды кез келген уақытта өзіңізге ыңғайлы формада Sustainability@kpo.kz электронды поштасына жолдай аласыз. Келіп түскен ескертулер мен ұсыныстар келесі есепті дайындаған кезде назарға алынатын болады.

1-сызба. Есептің ең сұранысқа ие бөлімдері



ОТ – бұл энергия шығу көзінен энергияның босатылу процесі. От элементі әлемдегі барлық энергия көздерін, соның ішінде күн, су электр энергиясын, ядролық, отын энергиясын білдіреді. Біз мұнай өндіреміз, ол әрі қарай түрлендіріліп, адамдарды энергиямен қамтамасыз етеді.

ӨНДІРІС

КПО өндірістік объектітері	18
Өнімдер және экспорттық бағыттар	20
Бұрғылау технологиялары	22
Күрделі жөндеу	23
Күрделі жобалар	24
Өндіріс тұтастығы және ТЖ басқармасы	26
Цифрландыру және үздіксіз жетілдіру	32



GRI 2-23

Іскерлік қағида: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰСТАР

Ұзақ мерзімді пайдалылықты қамтамасыз ету іскерлік мақсаттарымызға жетудің және акционерлеріміз бен Қазақстан Республикасы үшін тиімді жағдайлар туғызудың елеулі факторы болып табылады.

Іскерлік қағида: ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Біз қызметіміздің қоршаған ортаға әсерін төмендету жолдарын үнемі іздеудеміз.

2022

ӨНДІРІС

Жалпы өндіріс көлемі

128,5

млн мұнай
эквивалентінің баррелі

Тұрақты мұнайдың жалпы
эквиваленті

10 134

мың тонна

Жалпы өндірілген газ көлемі

19 442

млн ст. м³

ҰҢҒЫМАЛАР ҚОРЫ

Ұңғымалардың жалпы саны

471

Қолданыстағы өндіруші
ұңғымалар

117

Кері айдаушы ұңғымалар

20

0

Жабдықтың алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуы оқиғалары: 1-ші және 2-деңгейлер бойынша

0

Шикізаттардың айтарлықтай төгілуі

КІРІСПЕ GRI 2-1, 3-3, OG1

КПО Қазақстанның солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан және ауданы 280 км²-ден астам аумақты алып жатқан Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының (бұдан әрі – ҚМГКК) операторы болып табылады. ҚМГКК – бірегей кен орны, ол күрт континенттік климатқа байланысты өндірудің қиындықтарымен түсіндіріледі. Қабаттың жоғарғы шекарасы шамамен 3500 м тереңдікте жатыр, ал өнімді қабаттың қалыңдығы шамамен 1600 м құрайды. Өндірілетін көмірсутекті шикізаттың құрамында 4,5% дейін жоғарғы уытты, коррозиялық күкіртсутек (H₂S) және көмірқышқыл газы (CO₂) бар, олар белгілі бір жағдайларда жоғары коррозияға ұшырауы мүмкін.

Қарашығанақ кен орны бойынша мұнай, газ, конденсат және илеспе компоненттер қорларын қайта есептеу туралы соңғы есептердің деректеріне сәйкес (ҚР Қорлар жөніндегі мемлекеттік комитетімен 17.11.2017 ж. қабылданған) Қарашығанақ кен орнының қорлары 13,6 млрд баррель сұйық көмірсутектерге және 59,4 трлн текше

фут газға бағаланады, 2022 жылғы жағдай бойынша сұйық көмірсутектердің шамамен 14,8%, ал газдың 14% өндірілді. **OG1**

Экономикалық тиімділікті барынша арттыру және қоршаған ортаға әсерді азайту мақсатында КПО озық технологияларға қомақты қаражат жұмсауда.

*1997 жылы ӨБТК-ге қол қойылған сәттен бастап 31.12.2022 ж. дейін Қарашығанақ кен орнын игеруге инвестициялардың жалпы көлемі 28,4 млрд АҚШ долларынан асты. 2022 жылдың аяғында КПО-да 4053 адам жұмыс істеді. **GRI 2-6***

КПО ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТТЕРІ GRI 2-1, 2-6


Көмірсутекті шикізатты өндіру, дайындау және өңдеу жұмыстары келесі үш негізгі, өзара байланысқан қондырғыда іске асады: Қарашығанақ өңдеу кешені (ҚӨК), Газды кешенді дайындау қондырғысы № 2 (ГҚДҚ-2) және № 3 (ГҚДҚ-3). Негізгі өндірістік объектілерді байланыстыратын және шикізатты ұңғымалардан және объектілер арасында тасымалдайтын кен орны ішіндегі құбырлар желісінің ұзындығы шамамен 2 000 км құрайды. Бұл объектілерге сондай-ақ мұнайды бастапқы өңдеу станциясы (МБӨС) мен экоорталық жатады. Объектілердің жалпы орналасуы 3-суретте графикалық түрде көрсетілген.

КПО пайдаланатын тасымалдау жүйесіне тұрақты сұйық көмірсутектерді тасымалдауға арналған негізгі экспорттық бағыт – «Қарашығанақ-Атырау» тасымалдау жүйесі (ҚАТЖ) кіреді, оның ішіндегі екі сорғы-айдау станциясы, олардың бірі ҚӨК, екіншісі Үлкен Шаған ауылында, сондай-ақ Атырау қаласындағы КПО терминал аумағында

мұнай өнімдерін қабылдау және сақтау объектілері бар. Тағы бір экспорттық бағыт – Ресей Федерациясындағы Орынбор газ өңдеу зауытына көмірсутек шикізатын тасымалдау үшін пайдаланылатын «Қарашығанақ Орынбор» тасымалдау жүйесі (ҚОТЖ).

2022 жылдың аяғында Қарашығанақ кен орнының жалпы қоры 471 ұңғыманы құрап, оның ішінде 117 өндіру ұңғымасы мен тазартылмаған газды кері айдайтын 20 ұңғыма жұмыс істейді. 2022 жылы КПО ұңғымалар қоры өткен жылмен салыстырғанда жаңа үш ұңғымаға өсті: 2021 жылдағы 468 ұңғымамен салыстырғанда 2022 жылы 471 ұңғыма болды. 2022 жылға арналаған бұрғылау жоспарына сәйкес 4 ұңғыманы бұрғылау жоспарланған болатын. Іс жүзінде 3 ұңғыма бұрғыланды, 1 ұңғыма 2021 жылы басталып, 2022 жылы аяқталды. Тағы екі ұңғыманы бұрғылау 2022 жылы басталып, 2023 жылы аяқталды.

3-сурет. ҚМГКК объектілері мен өнімдері (2022 ж. соңына сәйкес) **GRI 2-6**



ӨНІМДЕР ЖӘНЕ ЭКСПОРТТЫҚ БАҒЫТТАР GRI 2-6

КПО тұрақтандырылған және тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектерді, тазартылмаған газды және жанармай газын өндіреді және өңдейді. Өндірілетін көмірсутек өнімінің басым көпшілігі сатудан түсетін кірісті көбейту мақсатында экспортталады.

2022 жылы өндірілген ҚМГКК сұйық сутектің 99,69%-ға жуық көлемі тұрақтандырылған мұнай күйінде батыс нарықтарына келесі жолдар арқылы сатылды:

- ▶ Каспий құбыр консорциумы (КҚК),
- ▶ Атырау-Самара құбыр желісі және одан әрі «Транснефть» құбыр жүйесі арқылы.

КҚК құбыр желісі арқылы КПО мұнайы Қара теңіздегі Новороссийск портына (Южная Озереевка ауылы) жеткізіледі, ал Атырау-Самара құбыр желісі арқылы Балтық теңізіндегі Усть-Луга портына және Қара теңіздегі Новороссийск Шесхарис портына мұнай жеткізу үшін пайдаланылады (4-суретті қараңыз). Негізгі маркетингтік

мақсат – КҚК құбыры арқылы мұнай экспортын барынша арттыру, ол ең жоғары кірістілікпен мұнай сатудың негізгі экспорттық бағыты болып табылады. Атырау-Самара бағыты КҚК арқылы экспортқа іркілістер болған жағдайда резерв ретінде пайдаланылады.

2022 жылы қалыптасқан макроэкономикалық және саяси ахуал кезінде КПО компаниясы халықаралық санкциялар талаптарының сақталуын қамтамасыз ету бойынша барлық шараларды қабылдады.

2022 жылдың қазан айында КПО күшімен «ҚазТрансОйл» (КТО) құбыр жүйесіне теміржол көлігімен КПО мұнай экспортын жүзеге асыру мүмкіндігін ашатын қосылу жобасы сәтті аяқталды және тапсырылды. Қараша және желтоқсан айларында Т. Қасымов атындағы МАС арқылы «Казтрансойл» АҚ КПО компаниясы кейіннен КҚК құбырына ауыстыру арқылы 40 мың тонна көлемінде мұнай тасымалдауды жүзеге асырды.

4-сурет. КПО экспорттық бағыттары GRI 3-3



2022 жылы КПО қалыпты мұнай экспортының көлемі 10,2 млн тоннаны құрады, оның 9,94 млн тоннасы КҚК жүйесі арқылы сатылды. Пайданы барынша арттыру мақсатында Атырау-Самара құбыры арқылы шамамен 0,23 млн тонна мұнай экспортталды. Қарашығанақ өңдеу кешеніне (ҚӨК) техникалық қызмет көрсету шеңберінде ребойлерлерді жуу кезінде сұйық көмірсутектер «Конденсат» АҚ МӨЗ-ге жеткізіліп тұрды.

Қарашығанақ кен орнында өндірілетін газ келесі бағыттарда пайдаланылады:

- ▶ қабаттық қысымды ұстап тұру үшін қабатқа кері айдауға,

- ▶ газды сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты аясында «КазРосГаз» ЖШС-ға шикі газ түрінде сатуға,
- ▶ кен орны объектілерінің технологиялық мұқтаждарына пайдалану мақсатында, КПО объектілері мен жергілікті энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың мұқтаждары үшін ГТЭС-те электр энергиясын өндіру мақсатында күкірт қосылыстарынан тазартуға (яғни күкіртсутектен (H₂S) тазартуға).

Орынбор ГӨЗ-де шикі газды өңдеу үшін «КазРосГаз» ЖШС компаниясының КПО шикі газын өткізу көлемі 2022 жылы 7,5 млрд м³ құрады.

2022 жылдағы өндіру мен сату көлемі GRI 2-6

2022 жылы КПО компаниясы тұрақтандырылған және тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутек пен газ күйіндегі 128,5 млн. баррель мұнай эквивалентінде (БНЭ) өнім өндірді. 2022 жылы газ өндіру көлемі 19 млн м³ жетті. 2022 жылы КПО-да қабаттық қысымды ұстап тұру үшін кері айдалған газ көлемі ~ 11 млрд м³ құрады, бұл өндірілген газдың жалпы көлемінің ~ 57,3% құрады.

2-кесте. 2022 жылғы өндіру көлемі.

		2022* ж.	2021 ж.	2020 ж.
Жалпы өндіру көлемі (қабатқа кері айдалған газ көлемі кірмейді)	мұнай эквивалентіндегі млн.баррель	128,5	134,1	143,9
Тұрақтандырылған мұнайдың жалпы көлемі	мың тонна	10 134	10 338	10 941
Газ өндірісінің жалпы көлемі	млн м ³	19 442	18 980	20 214
Газды қабатқа кері айдау	млн м ³	11 131	9 998	10 362
Кен орнының қажеттіліктері үшін тазартылған газ	млн м ³	843	789	761

* Кең ауқымды ЖХЖ өткізілген жыл

3-кесте. 2022 жылғы сатулар

		2022 ж.	2021 ж.	2020 ж.
Сатудың жалпы көлемі	мұнай эквивалентіндегі млн.баррель	124,9	130,7	139,4
Тұрақтандырылған сұйық көмірсутектер КҚК және Атырау-Самара құбыры арқылы жеткізілетін мұнай/тұрақтандырылған конденсат	мың тонна	10,2	10 366	10 857
Тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектер «Конденсат» АҚ МӨЗ-ге жеткізілетін тұрақтандырылмаған конденсат	мың тонна	30	1,5	24
Тазартылмаған газ Орынбор ГӨЗ-на	млн м ³	7 455	8 182	8 986
Отын газы БҚО халқы үшін электр энергиясын өндіруге БҚО-ға жеткізіледі	млн м ³	70	70	90

2022 жылы өнімнің және қызмет санаттарының тұтынушының денсаулығы мен қауіпсіздігіне әсері немесе айыппұл, өсімпұл, ескертуге әкелетін ережелерді сақтамау жағдайлары тіркелген жоқ. GRI 416-1

БҰРҒЫЛАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ТДМ 8.2, 12.6

2022 жылы КПО өткен жылдары қалыптасқан нық іргетасқа сүйене отыра бұрғылау және ұңғымаларға қызмет көрсету жұмыстарының қоршаған ортаға әсерін азайту жұмысын жалғастырды. Бұрынғыдай, біз парниктік газдар шығындыларын, су мен ресурстарды тұтынуды азайту бойынша төмендегі іс-шаралар арқылы нөлдік шығарындыларға қол жеткізу бойынша жұмыс атқардық:

- ▶ Ағын қарқындалғаннан кейін жұмыс істеу үшін икемді сорғы-компрессорлар құбырларының орнына арқан техникасын пайдалануға бағытталған бастамаларды іске асыруды жалғастыру.
- ▶ Мүмкіндігінше жою немесе күйдіру қажеттілігін және ластанған сұйықтықтарды жою қажеттілігін азайтуға бағытталған жоғары тиімді экологиялық таза оттықтарды пайдалану.
- ▶ Газ өндіру деңгейі жоғары (газ факторы) қолданыстағы ұңғымаларға қарағанда жоғары мұнай өндіруді қамтамасыз ететін ұңғымаларды игеру үшін бұрғылау науқанын қайта бастау.
- ▶ Ұңғымаларды сынау/тазарту кезінде жаңа ұңғымаларда «нөлдік» жағуды қамтамасыз ету мақсатында жоғары қысымды сепараторы бар ұңғымаларды жоғары ағынды сорғылармен қарқынды түрде сынау (жоғары газ факторы бар ұңғыма сұйықтығын айдау сорғылары).
- ▶ ҚӨК пен 608 бен 201-ұңғымаларда геологиялық-техникалық жұмыстарды аяқтауға қуаты 3 000 л.с ауыр тоннажды бұрғылау қондырғыларының

орнына ҚӨК (ZJ-20) үшін аз тоннажды бұрғылау қондырғыларын пайдалану. Бұл мақсаттарымызға жету жолында шығарындыларының төмен деңгейіне және қоршаған ортаға аз әсерге қол жеткізді.

- ▶ Кен орнымыздағы Экоорталық немесе қалдықтарды кәдеге жарату кешені геологиялық-техникалық шаралар ретінде ластанған бұрғылау ерітінділері мен бұрғылау шламдарынан мұнай негізін қайта пайдалану үшін алуға мүмкіндік береді.

КПО ұңғымалық операциялар бөлімі ұңғымаларды пайдалану тиімділігін және өндірістік көрсеткіштерді арттыруға бағытталған ішкі процедураларды, жұмыс процестерін әзірлеу, технологиялар мен инновацияларды жетілдіру бойынша үздіксіз жұмыс жүргізуде. 2022 жылы келесі жетістіктер бағындырылды:

- ▶ Ұңғымаларды игеру тиімділігін арттыру үшін «Кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттыру жоспарын» әзірлеу мен енгізу. Мұнда цифрландыруға және өнімділікті арттыруға ерекше назар аударылады.
- ▶ Ұңғымалардың тұтастығын және күйін бақылаудың тиімділігін арттыру – ұңғымалардың тұтастығына байланысты қоршаған ортаға бөлінетін шығарындылардың алдын алу және азайту.
- ▶ Жаңа технологияларды қолдану, мысалы кеңейткіш (қайта бұрғылауды болдырмай ұңғыма оқпанында жергілікті жөндеу жүргізуге мүмкіндік береді) және өндірудің тиімділігін арттыратын маркер технологиясы.



КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ

КПО-ның күрделі жөндеу стратегиясы өндірісті оңтайландыруға және күрделі жөндеулер аралығын ұзарту мен күрделі жөндеу мерзімдерін қысқарту арқылы шығарындыларды азайтуға бағытталған. Сонымен қатар, осы міндетті іске асыру кезінде қауіпсіз, сенімді және үздіксіз өндірістік қызметті қамтамасыз ету және де белгіленген нормалар мен талаптарды сақтау мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Күрделі жөндеулер арасындағы аралықты ұзартуды ГҚДҚ-3-те де жүзеге асыру туралы шешім қабылданды. Әдетте бұл объекте толық күрделі жөндеу жыл сайын жүргізілген: 2023 жылдан бастап күрделі жөндеу кен орнының басқа объектілерінде қалай жүргізілсе солай үш жылына бір ретке дейін қысқартылатын болады.

2022 жылғы күрделі жөндеу жүргізу стратегиясы қыркүйек айында кен орнының барлық объектілерінде бірыңғай кешенді күрделі жөндеу жүргізуді көздеді. КПО-ның бар өндіру жүйесі осы кезеңде 25 күннен сәл аз уақытқа толығымен тоқтатылды. Мұндай ауқымды жұмыс КПО мен мердігер ұйымдардың жабдықтары мен жұмыскерлеріне үлкен жүктемемен байланысты болады. Мүмкіндікті пайдалана отыра КПО жазғы кезеңде ГҚДҚ-3-те жеке технологиялық желілерде қысқа мерзімді тоқтатулар жүргізді. Бұл өз алдына күрделі жөндеу кезіндегі максималды жүктемені азайтуға және объектеде бір мезгілде жүргізілетін жұмыстарға қатысты ЕҚ, ҚТ, ҚОҚ қауіп-қатерлерін азайтуға мүмкіндік береді.

Өндірістік жабдық тұтастығы мен сенімділігін қамтамасыз ету 2022 жылдағы күрделі жөндеуді жүргізудің негізгі факторлары болды. Күнделікті тексерулерден (инспекциялардан) бөлек, жоспарлы техникалық қызмет көрсету және жобалау қызметінен басқа жұмыстардың негізгі кешені екі ыдысты ауыстыру және ескірген жылу алмастырғыштарды бөлшектеуді қамтыды. ГҚДҚ-2 газды кері айдау жүйесі толық жөндеуден өтті, яғни компрессордың ішкі жабдығын ауыстыру мен газ турбиналарын жөндеу жүргізілді.

Жұмыстың барлық кезеңінде алғашқы медициналық көмектің жеңіл түрін қажет еткен 4 жағдай ғана тіркелді, бұл ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелерін қарқынды пысықта-

удың арқасында мүмкін болған өте жоғары көрсеткіш болып табылады. Күрделі жөндеу кезінде компания объектілеріне көптеген жаңа мердігер ұйымдар тартылды, сол себептен мердігер ұйымдармен өзара әрекеттесу мен барлық жұмыс мәселелерін пысықтауға ерекше көңіл бөлінді. Бұл мәселе жоғары басшылық деңгейінде ғана емес, орта буын басшылары деңгейінде де пысықталған болатын.

Күрделі жөндеу кезінде ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша 2 200-ден астам инспекция, сондай-ақ басшылықтың қатысуымен 90 тексеріс жүргізілді. Тексеріс КПО жоғары басшылығы мен мердігер ұйымдардың бірлескен қатысуымен ұйымдастырылды.

Әрдайым жүк көтеру жұмыстарының қауіпсіздігіне ерекше назар аударылып, жүк көтеру жұмыстарымен айналысатын топтарымен жиналыстарды ұйымдастыруды, мамандардың әдеттен тыс жүк көтеру жұмыстарын жүргізу жоспарын қарауды қамтитын шаралар жасалды, ал такелажшылар мен сигнал берушілер сияқты мамандарға біршама назар аударылды. Күрделі жөндеу кезінде жұмысты сапалы орындау бірінші кезектегі міндеттердің бірі болды, ерекше назар іске қосу алдында кез-келген ағып кетуді азайтуға аударылды. Өз кезегінде ағып кетулердің азаюы қысыммен жұмыс істейтін жүйелерді қайта сынау қажеттілігінің төмендеуіне, сондай-ақ азоттың таралынуының төмендеуіне әкелді. Ағып кету саны бойынша КПО өте жақсы нәтижелерге қол жеткізді, 8 400 жіктің 0,5%-нда ғана аздаған ағып кетулер байқалды.



Жалпы алғанда 2,2 млн астам адам-сағаты жасалып,

12 000

мың адам жұмылдырылды





КҮРДЕЛІ ЖОБАЛАР

Қарашығанақ кен орнын игеру жобасы бойынша Қазақстан Республикасының (ҚР) мердігері бола отырып, КПО мердігерлік учаскедегі мұнай және газ шикізатын өндіру үшін қажетті барлық операцияларды мұнай және газ кен орындарын пайдаланудың ұтымды әлемдік тәжірибесіне сәйкес жүзеге асыру бойынша өзіне міндеттемелер алды.

2003 жылы Қарашығанақ кен орнын игерудің екінші кезеңінің бастапқы бағдарламасы аяқталғаннан кейін КПО жаңа ұңғымаларды бұрғылауды, қолданыстағы ұңғымаларға күрделі жөндеу жүргізуді, өндірістік объектілерді жаңғыртуды және өндірудің жоғары деңгейін ұстап тұру үшін қажетті басқа да жобаларды орындауды қамтитын ағымдағы жұмыс бағдарламасын қаржыландыруды және жүзеге асыруды жалғастыруда.

2014 жылдан бастап қолданыстағы қондырғыларда газ дайындауды шектейтін газ факторының ұлғаюына жол бермеу мақсатында КПО өндіру деңгейін көтеру жобаларының бағдарламасын әзірлейді, оған мыналар кіреді:

- ▶ Қарашығанақ өңдеу кешенінің (ҚӨК) газ бойынша өндірістік шектеулерін алу жобасының мақсаты тиісті қондырғылардың өнімділігін арттыру арқасында ҚӨК объектісінің газды дайындау бойынша қуаттылығын арттыру.
- ▶ 4-газды кері айдау компрессоры жобасының мақсаты қабатқа кері айдалатын газдың орташа тәуліктік көлемінің жылдық деңгейін және қабаттағы қысымды ұстап тұрудың тиімділігін арттыру болып табылады.

- ▶ 5-ішкі құбыр желісі және газды кері айдау ұңғымалары жобасы жаңа ішкі құбыр желісін салу, сондай-ақ жаңа кері айдау ұңғымаларын бұрғылау және аяқтау арқылы ГКДҚ-2 ағынынан төмен орналасқан кері айдау жүйесінің өнімділігін жетілдіруге бағытталған.

Өндіру деңгейін көтеру жобаларының портфолиосы бірнеше жыл бойы пысықталып, дамытылды. Нәтижесінде 2019 жылдың желтоқсанында 5-ішкі құбыр желісі және газды кері айдау ұңғымаларының жобасы пайдалануға берілді, үш газды кері айдау ұңғымаларының біріншісі де сол кезде іске қосылды.

2021 жылдың наурызында ҚӨК газ бойынша өндірістік шектеулерін алу жобасы сәтті аяқталды және зауыт іске қосылды. Жоба түпкілікті пайдалануға 2021 жылдың желтоқсанында берілді.

4-ші газды кері айдау компрессорының жобасы сәтті аяқталды; объект 2022 жылдың мамырында іске қосылды. Жоба түпкілікті пайдалануға 2022 жылда берілді.

Қарашығанақты кеңейту жобасы

КПО Қарашығанақты кеңейту жобасының (ҚКЖ-1) бірінші кезеңін сатылап іске асыру есебінен Қарашығанақ кен орнын одан әрі игеру бағытталған жұмыстарды жалғастыруда. ҚКЖ-1 қосымша ұңғымаларды, технологиялық объектілерді және кен орнында өсіп келе жатқан газ факторын реттеу үшін газды кері айдауды ескере отырып, тұрақтандырылған сұйық көмірсутектерді өндіру деңгейін ұстап тұру есебінен Қарашығанақ жобасы бойынша бас компаниялар үшін де, Қазақстан Республикасы үшін де табысты арттыруға мүмкіндік береді.

2020 жылдың желтоқсан айында Қарашығанақ жобасының бас компаниялары ҚКЖ1А жобасын санкциялау туралы келісімге қол қойды. Бұл келісім ҚӨК-дегі газ бойынша өндірістік шектеулерді алып тастау жобасының және 4-ші газды кері айдау компрессоры жобасының жетістіктерін ескере отырып, Қарашығанақ кен орнын игеруді жалғастырудың жаңа кезеңін белгілеген тағы бір маңызды оқиға болды.

ҚКЖ1А 5-ші газды кері айдау компрессорының және басқа да ілеспе қондырғылардың құрылысын қамтитын ҚКЖ1 бойынша жұмыс көлемінің бірінші кезеңі болып табылады. ҚКЖ1А аясында Қарашығанақ өңдеу кешеніндегі ҚГӨША жобасы шеңберінде орнатылған құрғату бойынша объектілерді газды кері айдау қуаттарын ұлғайту үшін іске қосу және жоба шеңберінде салынып жатқан объектілерді қолданыстағы жүйелермен, инженерлік желілермен және өндірістік қондырғылармен біріктіру жоспарлануда. Мұндай тәсіл интеграция арқылы синергия әсерін алуға және күрделі шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. 2021 жылы дайындық жұмыстары мерзімінен бұрын жасалып, уақытша құрылыс объектілерінің құрылысы аяқталды. 2022 жылы жобалау жұмыстары аяқталуға жақындап, қажетті жабдықты сатып алуға тапсырыстар жасалды. Компрессор жоспарға

сәйкес объектіге жеткізілді. Жеткізушілермен жұмыс және алаң құрылысы жалғасуда.

2022 жыл 25 қарашада Қарашығанақ жобасы бойынша бас компаниялар мен өкілетті орган (PSA ЖШС) Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің қолдауымен ҚКЖ1Б жобасын санкциялау туралы келісімге қол қойды. Ол 6-шы газды кері айдау компрессорын, газды құрғату қондырғысын, жинау жүйесін кеңейтуді және басқаларын қамтитын ҚКЖ1 бойынша жұмыс көлемінің екінші кезеңін білдіреді. ҚКЖ1А сияқты, ҚКЖ1Б мақсаты қолданыстағы қондырғылардың өндірістік қуатын барынша пайдалану арқылы өндірілетін сұйық көмірсутектердің көлемін арттыру болып табылады. 2022 жылы ұзақ жеткізу мерзімі бар маңызды тауарларға келісімшарттар жасалды. Құрылыс жұмыстары 2023 жылы басталды. КПО-ның ҚКЖ1А іске асырудағы басымдықтарының бірі жергілікті мердігер ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында жергілікті қамтуды барынша ұлғайту болып табылады. Жоба аясында қазақстандық жұмыскерлер үшін жұмыс орындары құрылатын болады.

6-ішкі құбыр желісі және 3 кері айдау ұңғымалары жобасының мақсаты кен орнындағы кері айдау алаңын ұлғайту есебінен сұйық көмірсутектерді өндіруді барынша арттыру болып табылады. Жоба нәтижесінде газ факторы төмен жақын ұңғымалардағы қысымды ұстап тұру және коллекторды басқаруды жақсарту мақсатында кен орнының оңтүстік-батыс учаскесіне газды кері айдау қайта бөлінетін болады.

Ішкі құбыр магистралі 2021 жылдың қыркүйегінде аяқталды. Жаңа 1-айдау ұңғымасына алғашқы рет газды жіберу 2023 жылдың соңына, ал қалған екеуі 2024 жылдың басына жоспарланған.

Өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету бөлімінің басты мақсаты – ірі апаттардың алдын алу және жұмыскерлерге, қоршаған ортаға, өндірістік объектілерге төнуі мүмкін, сондай-ақ Компания беделіне нұқсан келтіруі мүмкін қауіп-қатерлерді азайту. Бұл міндеттердің орындалуына сауатты жобалау, құрылыс, пайдалану және техникалық қызмет көрсету ықпал етеді.

Өндіріс пен объект тұтастығы технологиялық процестерді жүзеге асыратын конструктивті берік және механикалық жарамды объектілер болған кезде ғана қамтамасыз етіледі. Ірі апат қауіп-қатерінің деңгейін барынша төмендету мақсатында қондырғылармен, жұмыскерлермен және процестермен байланысты барлық тосқауылдар анықталады.

ӨНДІРІС ТҰТАСТЫҒЫ ЖӘНЕ ТЖ БАСҚАРМАСЫ

Өндіріс тұтастығы GRI 3-3, 2-16, 2-25, 403-2, 403-7, OG13, ТДМ 3.9, 8.8, 11.5

КПО өзінің өндірістік қызметіне әсер етуі мүмкін қауіп-қатерлерді қадағалап, тосқауылдарды басқару жүйесінің көмегімен өндіріс объектілерінің тұтастығы үшін қауіп-қатерлер ықтималдылығын төмендету жұмыстарын атқарып келеді. Өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету бөлімі негізгі өндірістік объектілердің жұмыскерлерімен бірге салдарларды жұмсарту бойынша шаралар қабылдау және осы тосқауылдарды бастапқы қалпына

дейін келтіру және ірі апаттардың алдын алу бойынша жоспарларды әзірлеу мақсатында қауіпсіздік тосқауылдарының осал жерлерін анықтау үшін үздіксіз бақылау жүргізеді.

Өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету барысында қауіп-қатерлер деңгейін төмендету үшін біз бірқатар міндеттерді айқындадық. Олардың нәтижесі кестеде келтірілген.



4-кесте. Өндіріс тұтастығын қамтамасыз етудегі міндеттер GRI 3-3, 403-7

2022 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2022 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2023 жылға қойылған міндеттер
Тосқауылдар моделінің бағдарламалық жасақтамасын енгізуді жалғастыру, өндірістік объектілерде бұл жасақтаманы түсіну мен қолдана білу деңгейін арттыру.	Орындалуда	<ul style="list-style-type: none"> Тосқауылдар моделі бойынша оқытулар, электрондық оқытулар мен таныстыру сессияларын өткізумен қатар, тосқауылдар моделі бойынша бейнематериал қолданысқа жіберілді; 2022 жылғы күрделі жөндеу барысында тосқауылдар моделі қауіп-қатерлерінің саны едәуір азайды; Тосқауылдар моделі бойынша ай сайынғы шолу жиналыстар өткізілді; Салдарларды азайту бойынша күшіне енген шаралар мен қалпына келтіру жоспарлары расталды; 	<ul style="list-style-type: none"> Тосқауылдар моделі үшін жиынтық қауіп-қатерді талдау әдістемесін әзірлеу және енгізу; Тосқауылдар моделі бағдарламалық жасақтамасының кеңейтілген функционалдығын одан әрі дамыту; Оқытулар, электрондық оқытулар мен таныстыру сессияларын өткізуді жалғастыру;
Тосқауылдар моделі бағдарламалық жасақтамасының кеңейтілген функционалдығын одан әрі дамыту.	Орындалуда	<ul style="list-style-type: none"> Технологиялық қауіпсіздік негіздері бойынша оқытулар, электрондық оқытулар және таныстыру сессияларымен қатар бейнематериал; 2022 жылы күрделі жөндеу алдында КПО-ның озық персоналы үшін технологиялық қауіпсіздік негіздері бойынша таныстыру сессиялары өткізілді. 	<ul style="list-style-type: none"> КПО мен мердігер ұйымдардың жұмыскерлері үшін технологиялық қауіпсіздік негіздері бойынша таныстыру сессияларын өткізуді жалғастыру. КПО-да технологиялық қауіпсіздікті сақтау мәдениетін ілгерілетуді жалғастыру.
Технологиялық қауіпсіздік негіздерін (PSF) енгізу тиімділігін қайта қарау	Орындалуда	<ul style="list-style-type: none"> Технологиялық қауіпсіздік негіздері бойынша оқытулар, электрондық оқытулар және таныстыру сессияларымен қатар бейнематериал; 2022 жылы күрделі жөндеу алдында КПО-ның озық персоналы үшін технологиялық қауіпсіздік негіздері бойынша таныстыру сессиялары өткізілді. 	<ul style="list-style-type: none"> КПО мен мердігер ұйымдардың жұмыскерлері үшін технологиялық қауіпсіздік негіздері бойынша таныстыру сессияларын өткізуді жалғастыру. КПО-да технологиялық қауіпсіздікті сақтау мәдениетін ілгерілетуді жалғастыру.

Өндіріс тұтастығын басқару жүйесі Қарашығанақ кен орнында жұмыс істейтін КПО, мердігер мен қосалқы мердігер жұмыскерлері арасында ірі апат қауіптерінің алдын алуға және өндіріс тұтастығы мен технологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы хабардарлықты арттыруға арналған процестер кешенін құрайды.

Өндіріс тұтастығын басқару жүйесі келесі басты процестерден тұрады:

- **Тосқауылдарды басқару** – құрылымдалған процесті қолдану және тосқауылдар моделі бағдарламалық жасақтамасы арқылы;
- **Өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету көрсеткіштерін талдау** – тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін пайдалану арқылы;
- **Қолданыстағы объектілерді модификациялауға арналған өзгерістерді басқару жүйесі** – өзгерістерді басқару дерекқорын пайдалану арқылы;
- **Өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету** – талдау, аудит, тексеру мен бағалау жүргізу арқылы;

- **Өндіріс тұтастығын қамтамасыз етуді жақсарту мәдениетінің бастамалары** – механикалық ажырату процедурасы, технологиялық қауіпсіздік негіздері мен тосқауылдар моделі процесі бойынша электрондық оқыту модульдерін шығару арқылы.

2022 жылы Компания КПО-ның өндіріс тұтастығын қамтамасыз етудегі негізгі қауіп-қатерлер мен тосқауылдарды жоюға бағытталған бірқатар шараларды өткізді. Төмендегі кестеде 2022 жылы аяқталған және қазіргі кезде орындалып жатқан шаралардың статусы көрсетілген.

Ағымдағы шаралар кен орнындағы технологиялық жабдықтардың бітеулігімен және тұтануды басқарумен байланысты қауіп-қатерлер деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді.

5-кесте. Нысан тұтастығын қамтамасыз етудегі негізгі қауіп-қатерлерді немесе тосқауылдарды жоюға бағытталған іс-шаралар

Тосқауыл түрі – сипаттамасы – орын алған жері	Өндіріс тұтастығын қамтамасыз етудегі үздіксіз жетілдіру шаралары
2022 жылы аяқталған шаралар	
Технологиялық жабдық бітеулігі – бүкіл кен орны бойынша ССК диаметрі талап етілгеннен аз	Жобалау бөлімі жүргізген қауіпсіздік элементтерін талдау жұмыстарының нәтижесінде өндірістік объектілерде өткізу қабілеті жеткіліксіз ССК-лар анықталды. 2022 жылғы күрделі жөндеу барысында диаметрі кіші ССК-лар ҚӨК және ГҚДҚ-2 объектілерінде ауыстырылды.
Технологиялық жабдықтың бітеулігі – тыйым салынған материалдардан жасалған клапандар – бүкіл кен орнында	Клапандар 2022 жылғы күрделі жөндеу кезінде ҚӨК, ГҚДҚ-2 және Жинау жүйесінде ауыстырылды.
Виртуалды тосқауыл – қауіпсіздіктің негізгі элементтері – Жинау жүйесі/ ГҚДҚ-3/Экоорталық	ГҚДҚ-2-де төртінші газды кері айдау компрессорының жобасын іске асыру аяқталды және объектіні өндірістік бөлімге беру процесінің аясында жобаның тиісті ҚНЭ айқындалды.
Виртуалды тосқауыл – өзгерістерді уақытша басқару процесі тиімділігінің сәйкестігін бағалау (MoC)	КПО процедуралары талаптарының сақталуын тексеру мақсатында өзгерістерді уақытша басқару процесі тиімділігін бағалау жүргізілді (MoC).
2022 жылы басталып, 2023 жылы орындалып жатқан шаралар	
Қауіпсіздік жүйелері – каустикті бейтараптандыру қондырғысын апаттық тоқтау жүйесі	Құрылыс 2022 жылы басталып, 2022 жылғы күрделі жөндеу барысында UOP компаниясының жаңа термиялық тотығу қондырғысы орнатылды, жаңа каустикті бейтараптандыру қондырғысы 2023 жылы орнатылады.
Тұтатуды басқару – жарылыстан қорғалған жабдық, бүкіл кен орнында.	Объекттегі инспекциялар аяқталды, аса маңызды элементтер жөнделді/ ауыстырылды, қалған жұмыс көлемі қарастырылуда.

Тосқауылдар моделі GRI 403-2, 403-7

2022 жылы КПО өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету бөлімі тосқауылдар моделі бағдарламалық жасақтама-сының функционалдығын кеңейту және басқа бағдарламалық қосымшалармен интеграциялау бойынша жұмыс жүргізді.

Алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуы GRI 403-2, OG13

Алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуы (АҚҚТБ) – технологиялық жабдықтың алғашқы қорғаныш қабығынан кез келген заттың, оның ішінде уытты емес және жанбайтын заттардың жоспардан тыс немесе бақылаусыз шығарындысы. АҚҚТБ көрсеткіштері туралы 2022 жылғы есепте алғашқы қорғаныш қабатының бұзылуымен байланысты 2022 жылы орын алған оқыс оқиғаларына, сондай-ақ келесілерге қатысты тағайындалған түзету шараларына талдау берілген:

- ▶ Негізгі себептер (оқиғаларды тергеудің «Тар Root» әдістемесіне сәйкес),
- ▶ «Технологиялық процесс қауіпсіздігінің негіздері» ережелерін сақтау деңгейі,
- ▶ Түзету шараларының статусы,
- ▶ Ағып кетулерді тіркеу кітабы.


Өнімнің ағып кетуі/төгілуі GRI 306-3 (2016)

2022 жылы Қарашығанақ кен орнында өнімнің айтарлықтай төгілу жағдайлары тіркелген жоқ¹.

Технологиялық қауіпсіздікті бұзу жағдайларын талдау (АҚҚТБ) технологиялық қауіпсіздікке байланысты оқиғалардың ықтималдылығы мен ауырлық дәрежесін төмендету және болдырмаудағы негізгі шара болып табылады. Мұндай оқиға туындаған кезде тергеу процесі басталып, негізгі себептер анықталады және ұсыныстар беріледі, олар әрі қарай Synergi дерекқорында бақыланады.

2022 жыл – 1 және 2-деңгейлі қорғаныш қабаты тұтастығы бұзылмаған КПО тарихындағы алғашқы жыл (КПО-да Халықаралық мұнай-газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) технологиясын қолдану 2014 жылы басталды). 2022 жылы 3-деңгейлі қорғаныш қабаты бұзылған 12 жағдай тіркелді.

2-сызба. Өндірістік объектер бойынша технологиялық жабдықтың алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылу жағдайлары, 2020–2022 жж. OG13



Технологиялық қауіпсіздікке байланысты оқиға (1/2/3-деңгейлі) анықтамасымен танысу үшін IOGP № 456 халықаралық стандартын қараңыз.

¹ КПО оқиғалар жіктеліміне сәйкес, «элеулі ағып кету/төгілу» анықтамасы көмірсутектердің/химиялық реагенттердің топыраққа/су бетіне 1 000 литрден асатын көлемде төгілуі салдарынан туындаған қоршаған ортаны ластаумен байланысты оқиғаға қатысты қолданылады.

Бұл біз үшін неге маңызды?

Апаттық әрекет ету және дағдарыс жағдайларын басқару КПО-ның басқару жүйесінің негізгі элементі болып табылады, өйткені апаттық жағдай ушыққан жағдайда, КПО және мердігер ұйымдардың қызметкерлері, жақын маңдағы елді мекендердің тұрғындары қауіпті және зиянды факторлардың ықтимал әсер ету аймағында қалуы мүмкін.

Төтенше жағдайларға дайын болу және әрекет ету ықтимал штаттан тыс жағдайлар мен апаттарды анықтауды, сондай-ақ осындай апаттар салдарының адамдарға, қоршаған ортаға, Компания активтері мен беделіне әсерін барынша азайту үшін ұйымдық құрылым мен ресурстарды қалыптастыруды болжайды. Бұл ресурстар Бөрлі ауданының мемлекеттік авариялық-құтқару қызметтерінің күштері мен құралдарына қоныстану аумақтарындағы және ауыл шаруашылығы жерлеріндегі өрттермен, сондай-ақ су тасқыны салдарымен күресте қолдау көрсету үшін пайдаланылады.

Төтенше жағдайларды басқару GRI 3-3, 2-23, ТДМ 3.9, 11.5


КПО компаниясында оқиға, апат немесе төтенше жағдай туындаған жағдайда бірінші кезектегі іс-шараларды жүргізу, ТЖ ауқымын бағалау, ТЖ оқшаулау және жою, сондай-ақ салдарын жою жөніндегі әрекеттерді жоспарлау және іске асыру үшін қажетті сенімді үш деңгейлі апаттық әрекет ету жүйесі жұмыс істейді. Графикалық түрде жүйе 5-суретте көрсетілген.

2022 жылы КПО бекітілген кестеге сәйкес апаттық басқару штабтарын дайындау жұмыстарын жалғастырды.

2022 жылы келесі КПО азаматтық қорғаныс құралымдарының қатысуымен апта сайын теориялық және практикалық оқу-жаттығулар өткізілді:

- ▶ өрт сөндіру қызметі;
- ▶ газдан құтқару қызметі;
- ▶ ерікті авариялық-құтқару құралымдары;
- ▶ Медициналық құралымдар.

5-сурет. КПО апаттық әрекет ету жүйесі GRI 3-3, 403-5



Оқу-жаттығу полигонында КПО азаматтық қорғаныс құралымдарының қатысуымен барлығы 48 жаттығу өткізілді.

Бұдан басқа 2022 жылы КПО ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес электрондық оқыту жүйесі базасында азаматтық қорғау бойынша персоналды оқытуды жалғастырды.

I деңгейдегі күштер мен құралдарды дайындау шеңберінде 2022 жылы Компанияның барлық қауіпті өндірістік объектілерінде ай сайын объектінің Апаттық басқару штабының, авариялық-құтқару қызметтерінің және КПО мен мердігер ұйымдар персоналының қатысуымен апатқа қарсы жаттығулар өткізді.

2022 жылы бірінші деңгейдегі апаттық басқару штабтарының және авариялық-құтқару құрамаларының әрекеттерін пысықтау үшін КПО объектілерінде 114 оқу-жаттығу өткізілді (2021 жылы 103).

Сонымен қатар ҚР ТЖ министрінің м.а. 2021 жылғы 16 шілдедегі № 349 «Қауіпті өндірістік объектілерде аварияларды жою жоспарын әзірлеу және оқу-жаттығу


дабылдары мен аварияға қарсы жаттығуларды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сәйкес 12 оқу-жаттығу дабылы өткізілді, оның бесеуі 2-ші деңгейлі АБТ қатысуымен болды.

КПО жергілікті атқарушы органдармен су тасқыны мен өрт қаупі бар және қысқы кезеңдерде тығыз ынтымақтастықты жалғастыруда.

2022 жылы КПО авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарының өкілдері ауыл шаруашылығы объектілерінің, шаруашылық құрылыстарының дала өрттерін сөндіруге және орман белдеулерінің жануын сөндіруге көмек көрсету үшін елді мекендерге 12 рет шықты.

2022 жылы КПО апаттық басқару жүйелерін қолдану қажеттілігі туындаған шынайы жағдайлар орын алды. Атап айтқанда, 2022 жылдың қаңтар айында елдегі және өңірдегі әлеуметтік шиеленістер мен оқиғаларға байланысты Чех қалашығының АБО негізінде II-деңгейлі АБТ және III-деңгейлі ДЖБТ мүшелерінің тәулік бойы кезекшілік ету практикасы енгізілді.

3-сызба. 2020–2022 жылдары өткізілген апатқа қарсы жаттығулар мен оқу-жаттығу дабылдары



II және III деңгейдегі штаб мүшелері дайындық деңгейін сақтауға мүмкіндік берген келесі оқу-жаттығуларға қатысты: **GRI 3-3**

6-кесте. 2022 ж. өткізілген II және III деңгейлі оқу-жаттығулар

Оқу-жаттығу түрі	Өткізілген күні	Міндеттер	Қатысушылар
Тактикалық-арнайы оқу-жаттығу	2022 жылғы 02 қыркүйек	«Жайық өзені мен ҚАТЖ құбырының қиылысында мұнай төгілуін жою бойынша күштер мен құралдардың іс-әрекеттері». Өртке қарсы қызметтің, Үлкен Шаған МАС басқармасының апаттық штабының және БҚО ТЖ департаментінің су айдындарында мұнайдың авариялық төгілуін оқшаулау және жою жөніндегі іс-әрекеттерін практикалық түрде пысықтау жүргізілді.	АҚҚ және БҚО ТЖД-мен бірлескен КПО құралымдары
Кешенді оқу-жаттығу	2022 жылғы 10 маусым	«Қарашығанақ кен орны объектілеріндегі ауқымды төтенше жағдайлардың жою кезінде апаттық басқару органдары, авариялық-құтқару қызметтері мен КПО б.в. құралымдарының күштері мен құралдарының іс-әрекеттері». Кешенді оқу-жаттығу-2022 бағдарламасы Приуральное елді мекенін қоса алғанда, алдын ала белгіленген 6 оқу-жаттығу орнында апатты жою бойынша түрлі іс-әрекеттердің сценарийлерін пысықтауды көздеді.	АҚҚ, БҚО ТЖД және Бөрлі ауданы әкімдігімен бірлескен КПО құралымдарының күштері мен құралдары
BERRY командалық-штабтық оқу-жаттығуы	2022 жылғы 1 желтоқсан	«ГҚДҚ-3-тен конденсат тасымалдаудың б" құбырының үзілуі немесе бұзылуы». Оператор-компаниялармен, мемлекеттік және бақылаушы органдармен, БАҚ және зардап шеккендердің туыстарына хабарлау және байланысу процесі пысықталды.	КПО АӘ I, II, III-деңгейлі штабтардың персоналы, PARIS тобы

ТЖ мәселелері бойынша жергілікті халықпен қарым-қатынас

GRI 2-23, 2-29, 3-3

КПО елді мекен тұрғындарына ҚМГКК және ҚАТЖ экспорттық құбыр желісі аумақтарында ТЖ туындаған кезде әрекет ету тәртібі туралы елді мекендердің тұрғындарын хабардар ету бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізеді. Осы сияқты хабардар ету жұмыстары өрт қаупі бар кезеңдегі жалпы өрт қауіпсіздігі талаптарына қатысты жүргізіледі.

2022 жылы бекітілген жоспарға сәйкес ҚМГКК аумағы бойынша орналасқан 160 адамды қамтыған елді мекен тұрғындарымен келесі тақырыптарда 20 кездесу өткізілді: орталық мониторинг станциясының рөлі, апаттық құлақтандыру станциясы және олардың мақсаты, өрт қаупі бар кезеңде ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізудегі өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау.

БҚО, Теректі, Бәйтерек және Ақжайық аудандарында ҚАТЖ экспорттық құбыр желісі бойын мекендейтін тұрғындармен 151 адамды қамтыған 21 кездесу өткізілді.

Кен орнынан қауіп төнген жағдайда елді мекен тұрғындарын эвакуациялауды ұйымдастыру кезінде ауылдық округтер әкімдіктері мен жауапты тұлғалардың бірлескен іс-әрекеттерін пысықтау бойынша, сондай-ақ АБО диспетчерімен өзара әрекеттесу мәселелері, елді мекендерде қауіп туындаған жағдайда АҚС және ДЗЖ пайдалану тәртібі бойынша практикалық жаттығулар өткізілді.

Елді мекендердегі апаттық құлақтандыру станцияларының әрдайым әзір болуын қамтамасыз үшін 2022 жыл ішінде КПО апаттық әрекет ету тобының халықты қорғау жөніндегі мамандары мердігер ұйымның өкілдерімен бірлесіп, апаттық құлақтандыру дабылдары мен дауыс зорайтқыш жүйелерін ай сайын тексеруден өткізіп, осы жабдыққа техникалық қызмет көрсетті. Аталмыш апаттық құлақтандыру станциялары кен орны периметрі бойынша орналасқан сегіз елді мекенде орнатылған.

Бүкіл әлем цифрлық технологияларға көшіп жатыр, егер біз бұл бизнестің ел мен инвесторлар үшін тартымдылығын сақтап қалғымыз келсе, КПО бұл үрдістен шетте қалмауы керек. КПО-да іске асырылған пилоттық жобалардың кейбірі бизнеске шынында ықпал ететінін көрсетіп отыр, мысалы, жұмыскерлерге төнетін қауіп-қатерді азайту, жұмыс процестерінің, шығындардың тиімділігін арттыру және тағы басқа.

Қазіргі таңда АТ / Цифрлық ресурстар бізді іскерлік те, жеке де өмірде қоршайды. Сол себептен, оларды қалай қауіпсіз пайдалану керектігін білу өте маңызды. Сонымен қатар, киберқауіпсіздік фишинг, бопсалаушы-бағдармалар немесе мақсатты шабуылдар секілді Киберқауіптен КПО-ның құнды ресурстарын (атап айтқанда адамдарды, деректер мен қосымшаларды) қорғаудың стратегиялық басымдықтарын жүзеге асырудағы шарттардың бірі болып табылады.

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ҮЗДІКСІЗ ЖЕТІЛДІРУ ТДМ 8.2, 9.4, 17.6, 17.8

ҚР Үкіметі 2017 жылы енгізген «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында КПО 2018–2021 жылдарға арналған цифрландыру жөніндегі жол картасын жасаған болатын. Өндірісті оңтайландырудан бастап технологиялық процестердің тиімділігін арттыруға дейінгі түрлі салалардағы цифрландыру бойынша мүмкіндіктерді қамтитын он бір негізгі бағыт ұсынылды. Бұл жол картасы ұйымды қауіпсіз, тиімді және икемді етуге бағытталған.

Мысалы, 2021 жылы Өндірісті оңтайландыру бөлімі қызметінің аясында Телеметрия I Кезең жобасы, яғни нақты уақыт режимінде ұңғымалардан мәліметтер алуға мүмкіндік беретін жоба сәтті орындалды. Бұл ұңғымалардағы жұмыскерлерге төнетін қауіп-қатерді едәуір азайтуға және өндірісті оңтайландыру үшін интеграцияланған желілік модельді жақсартуға көмектеседі. Сонымен қатар «Цифрлық қолтаңба (ішкі)» немесе «Қашықтан инспекция жүргізу үшін дрондарды жіберу», қоймалар үшін штрих кодтау жүйесін енгізу, тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін бақылау, ұңғымаларды ерекшеліктер негізінде бақылау, электрондық медициналық бақылау пункттері және формалар мен жұмыс процестерін цифрландыру сияқты кішігірім жобалар күнделікті қолданыста өздерінің артықшылықтарын көрсетіп те үлгерді.

Жаңа цифрландыру жол картасының кейбір жобалары әлдеқашан енгізілген болатын. Олардың қатарына Menti жасырын дауыс беру құралын пайдалану, Udemy оқыту және біліктілікті арттыру платформасын пилоттық пайдалану жатады.

Оған қоса KAZENERGY қауымдастығымен бірге КПО Қазақстанның ірі университеттерінің студенттері қатысқан Student Digital Fest (SDF) байқауын жыл сайын қолдап отырады. SDF-2022 байқауының соңғы кезеңі 2022 жылдың қыркүйек айында сәтті аяқталды.

2022 жылдың қараша айында “Digital future of energy” Хакатоны өтті. Оның мақсаты АТ саласында жергілікті потенциалды анықтап, мұнай өндіруде цифрлық шешімдерді талап ететін мәселелерге көңіл бұру болды.

Саламыздағы цифрлық трансформациядан алынған сабақтар жетістікке жетудің басқа да негізгі факторларын ескеру қажеттілігін көрсетеді. Оларға трансформациялаудың нақты мақсаттары анықталған біріктірілген стратегия, прогресті бақылаудың тиімді жолы, цифрлық технологиялар жұмысы негіздерін өзгерту және персоналды қайта даярлау / біліктілігін арттыру. Қазіргі цифрландыру бойынша жол картасы 2022 жылы аяқталғандықтан, КПО жаңа жағдайлар мен сыртқы тенденциямен үйлестіретін және бейімделетін цифрландыру мен үздіксіз жетілдірудің жаңа стратегиясын әзірлеуді жоспарлауда. Жаңа трансформация бағдарламасы цифрлық стратегия мен жол картасын, сондай-ақ үздіксіз жетілдірудің стратегиясын қамтитын болады.

Үздіксіз жетілдіру стратегиясы 2022 жылдың аяғында бас компаниялардың сарапшыларының көмегімен дайын болды. Ұсынылған стратегия операциялық қызметтегі (өндіріс, техникалық қызмет көрсету) және жеткізу тізбегіндегі бизнес-жоспардың мақсаттарына негізделген жақсарту бағдарламасымен тікелей байланысты мықты коучтер тобын құру болып табылады. Тәжірибе мен мүмкіндіктер жеткілікті болғанда бұл сала басқа да басқармаларға тарай алады.

Жаңа жол картасының алғашқы бағыты Цифрлық мұнай кен орнына, активтерге/инжинирингке, өндірістік процестерге, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ, қауіпсіздік және қосалқы бадамаларға арналған бес блокты қамтиды. Олар негізгі инфрақұрылымды құруға мүмкіндік береді, мысалы, ұңғымаларға / құрылыстарға арналған сымсыз датчиктер, қағаз құжаттарды цифрландыру және де цифрлық салада пайда болатын мүмкіндіктерді пайдалану үшін пилоттық жобалар мен сынақтар.

Жаңа цифрландыру жол картасының кейбір жобалары әлдеқашан енгізілген болатын. Олардың қатарына Menti жасырын дауыс беру құралын пайдалану, Udemy оқыту және біліктілікті арттыру платформасын пилоттық пайдалану жатады.

2022 жылы қайта құру нәтижесінде цифрландыру және үздіксіз жетілдіру командасы АТЖТ және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлімімен бірлесіп, ақпараттық технологиялар және үздіксіз жетілдіру басқармасына қосылды. Бұл жоспарланған цифрлық құралдармен қамтамасыз етуде бастамалардың көшбасшыларына одан да тиімді көмек көрсетуге және әрі қарай жақсартулар ізденісіне ұмтылуға мүмкіндік береді.

Киберқауіпсіздік хабардарлықты арттыру науқаны

2019 жылғы бас компаниялар жүргізген аудитте КПО-ны үнемі дамудағы киберқауіптерден тиімді қорғауға қажетті киберқауіпсіздік процестері мен бақылау құралдарының төмен жетілу деңгейін анықталды. Келесі шара ретінде біздің компания әлемдегі ірі мұнай-газ компанияларының орташа көрсеткішіне жету үшін Киберқауіпсіздік саласындағы жетілу деңгейін арттыру бағдарламасына басымдық берді. Нәтижесінде 2022 жылдың соңында жаңа киберқауіпсіздік бөлімі құрылды.

Кибершабуылдар қарқынды дамып келе жатқандықтан, біз қауіпсіздік құралдарын жетілдіруіміз қажет және КПО-ның барлық жұмыскерлері 2023 жылдың ақпанында бастау алған жыл сайынғы киберқауіпсіздік туралы хабардар ету науқанына қатысады. Іс-шара киберқауіпсіздік бойынша оқыту сабақтарынан, имитациялық фишингтерден, ойындардан және ай сайынғы ақпараттық бюллетеньдерден тұратын болады. Фишинг, мақсатты фишинг, бопсалаушы-бағдарламалар, зиянды бағдарламалар, әлеуметтік инженерия схемалары және т.б. сияқты киберқауіптерден қалай аулақ болуға болатыны туралы ақпаратты тарататын болады.

КПО Бас Директорының SPE конференциясында сөйлеген сөзі



ЭФИР – ең нәзік және қабылдауға қиын элемент. Корпоративтік басқару заңдары күрделі және көп қырлы, бірақ олар барлық процестердің негізі болып табылады және жүйе мен тәртіптің болуын қамтамасыз етеді.



БАСҚАРУ

Ұйым құрылымы және басқару тәсілдері.....	36
Бизнес этика.....	42
Нормативтік-құқықтық сәйкестік.....	44



GRI 2-23

Іскерлік қағида: БИЗНЕСТІҢ АЙҚЫНДЫҒЫ

Біз қызметіміздің барлық аспектілерінде адалдық, мүлтіксіздік және әділдік қағидаттарын ұстанамыз, сонымен қатар бізбен бизнесті жүргізіп жатқан барлық тараптардан біздің қарым-қатынасымызда да осы жолды ұстануды күтеміз.

Біз кез-келген түрде тікелей немесе жанама әдіспен пара ұсыну, беру, бопсалау немесе алу амалдарын мүлде құптамаймыз және ондай қылықтарға үзілді-кесілді қарсымыз.

Біз КПО қызметкерлерімізден өздерінің жеке шаруалары мен КПО компаниясындағы кәсіби қызметтері арасындағы мүдделер қақтығысынан аулақ болуды талап етеміз. Қызметкерлер кез-келген мүдделер қақтығысының ықтимал немесе іс жүзіндегі жағдайлары туралы КПО компаниясына мәлімдеу тиіс.

Іскерлік қағида: СӘЙКЕСТІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Біз өз қызметімізді жүзеге асыратын елдердің қолданыстағы барлық тиісті заңдар мен ережелерді сақтауға міндеттенеміз.

2022

КОРПОРАТИВТІК ІСКЕРЛІК ТӘРТІП:

Қызметкерлердің



98%-ы

нормативтік-құқықтық сәйкестік талаптары туралы хабардар етуге бағытталған курстан өтті

Жедел желі арқылы түскен шағымдар саны



106

Шағымдардың



100%-ы

қарастырылып, олар бойынша шара қабылданды

КЕЛЕСІ СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕС СЕРТИФИКАТТАЛҒАН:

- ▶ ISO 14001:2015
- ▶ ISO 45001:2018
- ▶ ISO 50001:2018
- ▶ ISO 39001:2012



Сауатты құрылған басқару жүйесі – кәсіпорынның табысты дамуының кепілі. КПО компаниясында қауіп-қатерлерді басқаруды, ішкі бақылауды және нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз етуді қамтитын кешенді және үйлесімді басқару жүйесі жолға қойылған. Кешенді басқару тәсілі жоғары басшылық бекіткен стратегияларды, алға қойған міндеттер мен нұсқауларды жүйелі және тиімді жүзеге асыруды бақылау тетіктерін енгізуге және ақылға салынған шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

ҰЙЫМ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ТӘСІЛДЕРІ

GRI 2-9, 3-3, ТДМ 16.6, 16.7

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» Қазақстандық филиалы 1997 жылы Қарашығанақ мұнай және газ конденсаты кен орнын (бұдан әрі – Қарашығанақ кен орны немесе ҚМГКК) пайдалануды Өнімді бөлісу туралы түпкілікті келісімге (әрі қарай – ӨБТК) сәйкес жүзеге асыруға арналған бірлескен кәсіпорын ретінде құрылды.

GRI 2-1

КПО өз қызметінде бес халықаралық мұнай-газ компанияларының (бұдан әрі – «мердігер компаниялар» немесе «бас компаниялар») озық тәжірибелерін жинақтап отыр, атап айтқанда:

«Аджип Қарашығанақ Б.В.», «Шелл Қазақстан», «Шеврон Интернэшнл Петролеум Компани», «Лукойл Оверсиз Карачаганак Б.В.» және «КМГ Карачаганак» ЖШС. GRI 2-6 с



Ұйым құрылымы GRI 2-9, 2-10

КПО компаниясының ұйымдық құрылымы сыртқы экономикалық жағдайларға тұрақты бейімделуді ескере отырып, Қазақстан Республикасы (ҚР атынан «PSA» ЖШС Өкілетті органы өкілдік етеді) және Бас компаниялар алға қойған бизнес-міндеттерге қол жеткізу және талаптарды орындау мақсатында әзірленді. ӨБТК-де белгіленген мұнай-газ операцияларын жүзеге асыру мақсатында «Аджип Қарашығанақ Б.В.» және «Би Джи Карачаганак Лимитед» (сәйкесінше, «ЭНИ С.п.А.» және «Шелл» компанияларының филиалдары; «Шелл» концерні «БиДжи Групптың» 100%-ын ресми түрде сатып алды) компаниялары бірлесіп оператор болатын модель қабылданды.

КПО компаниясының екі жоғарғы басқарушы органдары – бұл ӨБТК-ге сәйкес бес мердігер компанияның әрқайсысының және өкілетті органның өкілдерінен тұратын Басқару жөніндегі бірлескен комитет (ББК) пен Өнімді өткізу жөніндегі бірлескен комитет (ӨБК). ӨБТК шарттары бойынша ББК төрағасы қашан да өкілетті органның өкілі болады, ал хатшысы бас оператор компаниялардың басшылық буынының өкілдері болады.

GRI 2-11

Басқару жөніндегі бірлескен комитет тұрақты даму мәселелері жөніндегі жоғарғы орган болып табылады.


Жоғарыда айтылғанға қоса, Бірлескен қызмет туралы келісім (құрушы компаниялардың арасындағы) және Біріккен басқару туралы келісім («ЭНИ» мен «Шелл» операторлары арасындағы) шарттарын мердігер компания мен оператор деңгейінде орындау үшін ұйымда тиісті мәселелермен айналысатын қосалқы комитеттер жүйесі енгізілген. Толық басқару құрылымы 6-суретте график түрінде көрсетілген.

Бас компаниялардың өкілдерін басқару құрылымының барлық буындарында мүшелікке қатысушылар ретінде тағайындау, іріктеу және олардың қызметін бағалау бас компаниялардың өздерінің және ҚР өкілетті органның ішкі нормативтік ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Есеп беруге тиіс ұйым болғандықтан, бұл мәліметтер КПО-ға берілмейді. Осы мәселелер бойынша есеп құрушы компаниялардың өз тұрақты даму есептерінде жеке беріледі. GRI 2-9, 2-10, 2-18

КПО комитеттерге, қосалқы комитеттерге және Оператордың, бас компаниялардың, жобада Қазақстан Республикасының атынан «PSA» ЖШС өкілдік ететін Өкілетті органның және Қазақстан Республикасының басқа да уәкілетті органдарының өкілдеріне әртүрлі есептерді береді. ББК мүшелері жоғарыда аталған ресми комитеттермен ақпарат алмасу негізінде КПО компаниясының тұрақты дамуын сүйемелдеу мақсатында мүдделі тараптармен өзара байланысты бақылап, басқарады.

GRI 2-13 b

GRI 2-9, 2-12, 2-13



Басқару бойынша бірлескен комитет

Басқару жөніндегі бірлескен комитет мұнай-газ операцияларын, әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды ортақ басқаруға жауапты; ол жұмыстардың ӨТБК мен Реттеу туралы келісімге сәйкес орындалуын қамтамасыз етеді. ББК жылдық Жұмыс бағдарламасы мен бюджетті, әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды, сонымен қатар Кен орнын игеру жоспарына енгізілетін кез-келген толықтыруларды қарауға және бекітуге өкілетті. ББК жиналыстары әдетте жылына үш рет өткізіледі. 2022 жылы жиналыстар наурыз, шілде және қараша айларында өтті. ББК төрағасы болып Өкілетті органның өкілі қойылады. Батыс Қазақстан облысының әкімі ББК-ге дауыс беру құқығы жоқ өңір өкілі ретінде қатысады. КПО жиналыстарға шақырылған қонақ ретінде қатысады, оның бұл комитетте өкілі жоқ.

ББК мүшелерінің жұмыс ақысын олардың компаниялары төлейді; үміткерлерді барлық қатысушы ұйымдардың жоғарғы басшылығы әрқайсысы өз жеке тәжірибесі мен тиісті компанияның саясатына сүйене отырып таңдайды.

GRI 2-10, 2-19

ББК қосалқы комитеттері

ББК бірнеше қосалқы комитет құрды: Сатып алу (СБК) жөніндегі бірлескен комитет және Жергілікті қамту (ЖҚ) жөніндегі қосалқы комитет.

СБК КПО жасайтын негізгі келісімдерді бекітуге немесе мақұлдауға жауап береді және өз қызметі барысында СБК ББК бекіткен тендер процедураларын басшылыққа алады. СБК-де мүшелік ету мен дауыс беру құқығы ББК-ге ұқсас және бұл комитетте шешімдер бірауыздан қабылдану керек.

ЖҚ жөніндегі қосалқы комитет құрамына КПО мен Өкілетті органның өкілдері кіреді. ЖҚ жөніндегі қосалқы комитет ББК-ге жергілікті тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу, жергілікті кадрлардың санын көбейту, қазақстандық қызметкерлерді оқыту және дамыту мәселелері бойынша қолдау көрсетеді. Сонымен қатар ЖҚ жөніндегі қосалқы комитет Қазақстан Республикасы, өкілетті орган немесе мердігер компаниялар ұсынатын жергілікті қамту мәселелеріне қатысты жоспарлар мен бағдарламаларды талқылау мен талдауға қатысады.

Өнімді өткізу жөніндегі бірлескен комитет

ӨБК көмірсутекті және көмірсутекті емес өнімдерді ӨБТК аясында сатумен байланысты барлық қызметтерге жауапты. Аталмыш комитет мұнай өнімдерін тасымалдау, қайта өңдеу, айырбастау және сатуға қатысты ұсыныстарды бекітеді. Шешімдер барынша көп таза түсім алу мақсатында қабылданады. ӨБК төрағасы Мердігер компаниялардың бірінің өкілі болады. КПО маркетинг директорының ӨБК отырыстарына дауыс беру құқығынсыз қатысуға құқығы бар.

Мердігер комитеті және Оператор комитеті

Бірлескен қызмет туралы келісім шарттарына сәйкес, Қарашығанақ жобасының бірлескен кәсіпорнын басқару екі деңгейлі басқару және шешім қабылдау жүйесі арқылы іске асырылады. Бастапқы басқарушы орган – ББК отырыстарында талқыға салынатын барлық мәселелер бойынша Мердігер компаниялардың ұстанымын тұжырымдауға жауапты Мердігер комитеті. Келесі басқарушы орган – Оператор комитеті кәсіпорынның қызметін бақылайды және ӨБТК шарттарының орындалуын қамтамасыз етеді.

Тұрақты даму стратегиясын құрастыратын жоғарғы басқарушы орган Мердігер комитеті болып табылады.

Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу бойынша осындай жұмыстарға КПО өкілдері бастама береді және Оператор комитетінің жиналыстарында талқыға салады, сонымен қатар аталмыш жұмыстар Оператор комитеті деңгейінде талқыланады. Мердігер комитеті барлық бас компаниялар тарапынан өткізілетін жыл сайынғы ішкі аудит аясында процестердің ұйымдастырылуы мен іске асырылуының тиімділігін қадағалайды. **GRI 2-12**

Мердігер және Оператор комитеттерінің қосалқы комитеттері

Мердігер мен Оператор деңгейіндегі әртүрлі қосалқы комитеттер арнайы салаларда нақты өндірістік және корпоративтік мәселелер бойынша өздерінің кәсіби ұсынымдары мен құнды нұсқауларын береді. Әрбір қосалқы комитеттің тиісті Ережелерде көрсетілген өз мақсаттары мен міндеттері бар.

Тұрақты дамуға қатысты мәселелер, соның ішінде оның әлеуметтік, экономикалық және экологиялық аспектілері Операторлар комитеті жанындағы Тұрақты даму жөніндегі қосалқы комитеттің құзіретіне жатады.

Оның жұмысына Оператор өкілдері де, КПО да қатысады. Тұрақты даму жөніндегі қосалқы комитеттің негізгі мақсаты – КПО орындайтын операциялардың тікелей әсер ету аймағында орналасқан елді мекендердің тұрғындарына кен орнының әсеріне қатысты нақты

мәселелер мен сұрақтар бойынша түсініктеме және кеңес беру. **GRI 2-12**

Сонымен қатар Тұрақты даму жөніндегі қосалқы комитет бұрынғы Березовка және Бестау ауылдарының тұрғындарының көшірілгеннен кейінгі өмір сүру жағдайларына мониторинг жасауға қатысты мәселелерді қарастырады.

Қауіп-қатерлерді басқару **GRI 2-12, 2-13, 2-16**

Мұнай-газ операциялары адамдардың денсаулығына, қоршаған ортаға және өндірістік активтерге тиюі мүмкін әсерді ескере отырып, мұқият ұйымдастырылуы және жүргізілуі қажет. Міндеттемелеріне жауапкершілікпен қарайтын жер қойнауын пайдаланушы ретінде КПО компаниясы кәсіпорын жұмысының барлық аспектілерін қамтитын бизнеске қатысты қауіп-қатерлерді басқаруға ерекше назар аударады. Оларға басқа да қауіп-қатерлермен қатар келесілер кіреді:

1. көміртексіздендіру үдерісінің бизнеске ықпал етуі;
2. жол-көлік оқиғалары (көлікті басқара алмай қалу);
3. өндіріс тұтастығының бұзылуы;
4. шығындарды өтей алмай қалу;
5. қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттың уақытша тоқтатылуы және кейін ықтимал қайтарылып алынуы;
6. Бас компаниялардың нақты ұзақ мерзімді стратегиясының жоқтығы;
7. күрделі кибершабуылдарға ұшыраумен байланысты қауіп-қатер;
8. ОГӨЗ-де газдың қабылдануына тәуелділіктің төмендетумен қатар табысты тұрақтандыру әрі әртараптандыру;
9. саяси және әлеуметтік тұрақтылықтың жоғалу қаупі;
10. тәртіп кодексінің, этикалық стандарттардың, нормативтік-құқықтық сәйкестікке қатысты саясаттар мен процедуралардың елеулі бұзылуынан туындайтын қауіп-қатерлер;
11. КПО мақсаттарына жету үшін қажетті кадрлар мен ресурстардың жоқтығы / олардан айырылу;
12. әлемдегі геосаяси және экономикалық факторлар / санкциялар мен қарсы санкциялар;

Жоғарыда көрсетілген қауіп-қатерлердің жағымсыз әсерін төмендету үшін КПО жан-жақты жүйелі жұмыс жүргізіп, үздіксіз бағалау өткізеді. Бұл жердегі мақсат – оңтайлы бизнес-стратегияны әзірлеу және өзгерістерді басқару.

Қауіп-қатерлерді басқару процесінің тиімділігін тиісті түрде тексеру үшін есеп берудің келесі кезеңдері орындалады:

сондай-ақ Бөрлі ауданының, оның ішінде Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан елді мекендердің тұрғындарымен өзара әрекеттестік, үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс, тұрақты даму бойынша есептілікке қатысты мәселелермен айналысады. **GRI 2-14**

- ▶ **Жылына екі рет:** Қауіп-қатерлер жөніндегі комитеттің отырыстарында қауіп-қатерлер туралы жиынтық есеп талқыланады, келісіледі және Мердігер комитетіне жіберіледі.
- ▶ **Ұдайы:** анықталған қауіп-қатерлерді жеңілдетуге арналған алдын алу шараларының уақтылы және тиімді орындалуын қамтамасыз ету және қауіп-қатерлерді кешенді басқару жөніндегі жетекші маманды уақтылы хабардар ету мақсатында қауіп-қатерлердің өршуі туралы ақпарат қауіп-қатердің иелері деңгейінде тұрақты түрде қайта қаралып, жаңартылып отырады.

Маңызды әлеуметтік, экологиялық және экономикалық тақырыптар бойынша негізгі қауіп-қатерлерді жеңілдету шаралары есептің тиісті тарауларында толығырақ сипатталған.

2019 жылы КПО қауіп-қатерлерді біріктіріп басқару моделін құрастыруды бастады. Бұл модель 2021 жылдан бастап бизнеске және технологиялық қауіпсіздікке қатысты қауіп-қатерлерді сапалы бағалауға және тиімді басқаруға мүмкіндік берді. Сонымен бірге технологиялық үдерістің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Тосқауылдар моделі» атты қауіп-қатерлерді басқару жүйесі жасалды.

Бизнеске және технологиялық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатерлерді басқару: Бұл процестің анықтаулары мен сипаты және Компания бойынша тиісті қызметтер мен міндеттер Қауіп-қатерлерді біріктіріп басқару процедурасы мен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қауіп-қатерлерді басқару жүйесінде көрсетілген. Корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі басқарма бизнес пен қауіпсіздікке қатысты қауіп-қатерлерді қамтитын қауіп-қатерлерді біріктіріп басқару жүйесін енгізуге, қолдауға, бақылауға және үнемі жетілдіруге жауап береді. Бизнеске төнуі мүмкін қауіп-қатерлер саласында бұл процесс қауіп-қатерлерді біріктіріп басқару процедурасымен реттеледі, қауіп-қатерлер Корпоративтік қауіп-қатерлердің тізіліміне енгізіледі. Осы модель бизнеске қатысты негізгі қауіп-қатерлер мен тиісті алдын алу және түзету іс-шараларын қамтиды. Қауіпсіздікке төнуі мүмкін қауіп-қатерлер саласында бұл процесс ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қауіп-қатерлерді басқару



Сонымен қатар қауіп-қатерлерді басқару компанияның барлық деңгейлерінде оның бизнес-мақсаттары мен міндеттерін қызметтегі қауіп-қатерлермен үндестіруге бағытталған.

жүйесімен реттеледі, қауіп-қатерлер ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы корпоративтік қауіп-қатерлердің тізіліміне енгізіледі. Осы модель қауіпсіздікке қатысты негізгі қауіп-қатерлер мен тиісті алдын алу және түзету іс-шараларын қамтиды. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қауіп-қатерлерді басқару моделінің нәтижелері бизнеске қатысты қауіп-қатерлерді басқару моделінде көрсетіледі.

Қауіп-қатерлерді басқарудың түпкілікті моделі КПО компаниясының жоғары басшылығының қатысуымен өтетін Қауіп-қатерлер жөніндегі комитеттің жиналыстарына дайындалу кезінде қаралып, түйінделеді. **GRI 2-13**

Технологиялық процестердің қауіпсіздігіне қатысты қауіп-қатерлерді басқару Екінші жағынан, технологиялық процестердің қауіпсіздігіне төнетін қауіп-қатерлер олардың толық сипаттамасы берілген Тосқауылдар моделінде тіркелген. Технологиялық процестердің қауіпсіздігіне төнетін қауіп-қатерлерді басқаруға Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен өндіріс тұтастығы басқармасы жауапты болады, мұндай қатерлер ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қауіп-қатерлерді басқару жүйесімен реттеледі. **GRI 2-16**

Қауіп-қатерлерді бақылау және тексеру қауіп-қатерлерді басқару процесінің бір бөлігі болып табылады. Бұл процеске қауіп-қатерлерді басқарудың арнайы бағдарламасы көмегімен орындалатын мерзімді тексерулер мен қайта бағалаулар кіреді. Осы бағдарламаға қауіп-қатерлерді біріктіріп басқару мәселелеріне қатысты есептер мен тексерулер бойынша толық ақпарат енгізілген.

Тиімділікті қамтамасыз ету **GRI 2-12, 3-3**

Компания тұрақтылығын сақтап, жауапкершілікпен дамуы үшін КПО-ның ішкі бақылау мәдениетін дамытуға ұмтылуының маңызы зор. Осы міндеттеменің аясында КПО өз бизнес-мақсаттарын қолдау үшін негізгі екі процесті әзірледі:

- күрделі шығындар жұмсалатын жобалардың тиімділігін бағалау процесі және
- аудиттер – ішкі, сыртқы және мердігер ұйымдардың аудиттері.

Тиімділікті бағалау процесіне келетін болсақ, шешім қабылдау барысында тиісті негіздемені қамтамасыз ету үшін КПО-ны дамыту бойынша барлық күрделі жобалар мүмкіндіктерді анықтаудан бастап пайдалану кезеңіне дейін бағаланып отырады. Бұл үдеріс Жобалардың тиімділігін бағалау саясаты және Басқару жүйесі, Жобалардың тиімділігін бағалау шаралары бойынша нұсқаулықта сипатталған. Бұл процесс тұрақты даму мен қоршаған ортаны қорғауға ерекше көңіл бөле отырып, салынған инвестициялардан максималды мөлшерде табыс алуға бағытталған. Инвестициялардың ауқымын

ескеріп, өз жобаларын іске асыру бойынша жұмыстардың тиімді орындалуын қамтамасыз ету үшін КПО тиімділікті бағалауға бағытталған ішкі және сыртқы іс-шаралар (бас компанияларды жұмылдырумен) жүргізеді.

Тиімділікті қамтамасыз етудің осы үдерістері айқындық пен есеп беруді жетілдіріп қана қоймай, КПО-ның ұзақ мерзімді тұрақты дамуына себептеседі.

Ішкі аудит бойынша процедурада көрсетілген **аудиторлық тексеру процесіне** келетін болсақ, ішкі аудит қызметі қауіп-қатерлерді ескере отырып, корпоративтік басқарудың құрылымы мен жұмыс тиімділігінің, ішкі бақылаудың, КПО-ның бақылау құрылымында көрсетілген процестердің және жүйелердің тәуелсіз тұрғыдан тексерілуін қамтамасыз етеді. Ішкі аудит қызметі компанияның өндірістік мақсаттарына қол жеткізуге кедергі болуы ықтимал кез келген ағаттықты анықтайды. Жыл сайын КПО қызметінің қауіп-қатерлер төну қаупі жоғары салаларында, соның ішінде корпоративтік басқару, келісімшарттар мен сатып алулар, мердігердің және

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біріктірілген басқару жүйесі **GRI 3-3, 403-1, 403-7, 403-8**

КПО компаниясы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелерін ISO 14001:2015 (Экологиялық басқару жүйесі), ISO 45001:2018 (Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік) және ISO 50001:2018 (Энергия тұтынуды басқару) халықаралық стандарттарына сәйкестігі сертификатталған біріктірілген менеджмент жүйесі шеңберінде басқарады. 2022 жылы КПО ISO 39001:2012 сертификатын (Жол қозғалысы қауіпсіздігін басқару жүйесі) алды.

Қоршаған ортаға мейлінше аз әсер етіп, қызметкерлердің денсаулығын сақтау және еңбек етуге қауіпсіз жағдай жасау бойынша үздіксіз жетілу мен адал қызмет Компания үшін айрықша маңызға ие. 2022 жылы КПО ISO 14001:2015, ISO 45001:2018 және ISO 50001:2018 стандарттары бойынша қайта бақылау аудитін өтті және ISO халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігін растау үшін ISO 39001:2012 стандарты бойынша сертификатталды. Бұл процесті қолдау бағытында КПО мен мердігер ұйымдардың қызметкерлері үлкен жұмыс атқаруда.

компанияның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару, қаржы, есептілік, өндірістік операциялар, логистиканы ұйымдастыру және т.б. салаларында ішкі аудит өткізу бойынша жоспарын орындайды. Бұдан басқа ішкі аудиттер тексеріс нәтижелері бойынша ұсынылған шаралардың орындалуын тексеру қызметін қамтиды.

Онымен қоса Бас компаниялар өздерінің ішкі қауіп-қатерлерді бағалауы негізінде жыл сайынғы аудит өткізеді. Бұл КПО-ның Басқару жүйесінің құрылымы мен тиімділігі тәуелсіз тұрғыдан қосымша деңгейде тексерілетіндігін білдіреді. Аудит нәтижелері КПО мен Бас компаниялардың басшылығына Аудит жөніндегі қосалқы комитет отырыстарында беріледі.

Сертификатталған сыртқы аудиторлар КПО-ның басқару жүйесінің жалпы тиімділігін қамтамасыз етуге себептеседі, ал жүйенің халықаралық стандарттар мен ҚР заңнамасына сәйкестігі ISO сертификаттарын алу және шолу аудиттерін өткізу арқылы расталады.

Аудит нәтижелері КПО мен Бас компаниялардың басшылығына Аудит жөніндегі қосалқы комитет отырыстарында беріледі.

КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы талаптары Компания ішінде де, одан тыс та кең таралған және Компанияның барлық келісімшарттарының арнайы қосымшасында көрсетілген (яғни ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы талаптар берілетін барлық келісімшарттарға енгізіледі).

Жыл сайын КПО-да ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәдениетін арттыру мақсатында бірқатар бағдарламалар, тренингтер, бастамалар мен науқандар жүзеге асырылады. Мұндай бастамаларға көптеген шаралар кіреді, соның ішінде, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша кіріспе нұсқамалар, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша арнайы кәсіптік оқыту, сондай-ақ «Қауіпсіздік техникасы бойынша көшбасшылық және мәдениет бағдарламасы», «ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкасы», «ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы ынталандыру бағдарламасы», «Денсаулыққа төнетін қауіп-қатерлерді бағалау», «Экологиялық мәдениетті дамыту және хабардарлық деңгейін арттыру» және т.б. бағдарламалар.

Бұдан басқа, КПО жыл сайын еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы ішкі аудит бойынша өз жоспарын орындайды. Мысалы, 2021 жылы КПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында 16 аудит жүргізді.

КПО-да біз негізгі құндылықтарды басшылыққа аламыз. Бұл – адамдарға сыйластықтың негізін қалайтын адалдық, әдептілік және әділдік. Осы құндылықтарды қабылдап, оларды күнделікті жұмысымызда ұстану арқылы әрқайсымыз КПО беделін қорғауға және нығайтуға үлес қосамыз. Баршамызға ортақ құндылықтар – бұл біз орындайтын жұмыстың айнасы және олар КПО-ның Тәртіп кодексі мен Іскерлік қағидаттарының негізі болып табылады. КПО іскерлік қағидаттары компания өз қызметін атқару барысында басшылыққа алатын ережелерді белгілейді және акционерлер, тапсырыс берушілер, жұмыскерлер, бизнес серіктестер мен қоғам алдындағы міндеттерімізді анықтайды. Тәртіп кодексінде КПО-ның барлық жұмыскерлері орындауға міндетті тәртіп ережелері және компанияның өз жұмыскерлері алдындағы міндеттері түсіндіріледі.

Адам ісімен бағаланады. Жұмысымызды заңнамаға, КПО іскерлік қағидаттарына, Тәртіп кодексіне сүйеніп жүзеге асыратын болсақ, беделіміз арта түседі. Бизнес серіктестерімізге КПО іскерлік қағидаттарын немесе оларға парапар қағидаттарды міндетті түрде басшылыққа алуға кеңес береміз.

БИЗНЕС-ЭТИКА GRI 2-23, 2-24, 3-3, ТДМ 10.3, 16.3, 16.5, 16.8

КПО іскерлік қағидаттары

КПО өз қызметін 2019 жылы жеке құжат ретінде шығарылған және КПО Директорлар кеңесінің барлық мүшелерімен бекітілген «КПО іскерлік қағидаттарына» сәйкес іске асырады. 2019 жылға дейін іскерлік қағидаттар КПО тәртіп кодексінің бөлігі болатын.

КПО іскерлік қағидалары қызметімізде басшылыққа алатын негізгі іскерлік аспектерді айқындайды және қызмет пен этикалық тәртіпке қатысты жоғары стандарттар қояды. Мүдделі тараптар, соның ішінде мердігерлер

мен жеткізушілер, осы қағидаларды құрметтейді және өз жұмысын Іскерлік қағидаларға сүйеніп орындайды деп күтеміз.



«КПО іскерлік қағидалары» құжатының толық нұсқасын және таныстырма бейнебаянын КПО сайтындағы [«Іскерлік этика»](#) бөлімінен тауып таныса аласыздар.

Тәртіп кодексі

КПО тәртіп кодексі компания мен оның қызметкерлерінің қызметін және беделін қорғауды мақсат ететін нормативтік-құқықтық сәйкестікке қатысты құжат болып табылады. Тәртіп кодексі – бұл КПО-ның қызметкерлері, мердігер ұйымдардың қызметкерлері және КПО атынан жұмыс істейтін басқа тұлғалардың барлығы міндетті түрде сақтауы тиіс КПО-ның іскерлік этика және корпоративтік мәдениет саласындағы жалпы ережелер жүйесі.

Тәртіп кодексі кәсіпкерлік еркіндігі мен адал бәсекелестік қағидаттарын ұстану, адам құқықтары мен компания активтерін қорғау, бірдей мүмкіндіктер беру, сыбайлас жемқорлыққа және қылмыстық жолмен табылған табысты заңдастыруға (ақшаны жылыстатуға), сондай-ақ

жұмыс орнындағы кез келген қудалауға жол бермеуге қатысты ережелерді қамтиды, сонымен қатар ұлттық және халықаралық сауданың, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғаудың, ақпаратты (оның ішінде жеке деректерді) қорғау және алмасудың кейбір аспектілерін реттейді.



КПО Тәртіп кодексінің толық нұсқасын КПО сайтындағы [«Іскерлік этика»](#) бөлімінен тауып таныса аласыздар.

Адам құқықтары GRI 408-1, 409-1, ТДМ 8.7, 16.2

Қызмет атқару барысында біз адам құқықтарын құрметтейміз және қолданыстағы заңнаманың талаптарын, соның ішінде БҰҰ-ның Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында белгіленген нормаларды және Халықаралық еңбек ұйымының негізгі конвенцияларын сақтаймыз. Сонымен қатар, бұл нормалар Қазақстан Республикасының (ҚР) Конституциясында, ҚР Еңбек кодексінде, ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексінде, ҚР «Азаматтық қорғау туралы» заңында, ҚР Экологиялық кодексінде және тиісті нормативтік құқықтық актілерде белгіленген.

Адам құқықтарын сақтау Компания «қызмет жүргізуге лицензия» алу үшін міндетті шарт болып табылады. Компанияның барлық қызметі жұмыскерлеріміз, мердігерлеріміз, жергілікті халықтан бастап жергілікті билік органдарына дейін барлық мүдделі тараптардың адам құқықтарын сақтауға негізделген. Бұл мақсаттарды ұстана отырып, КПО сыртқы мүдделі тараптармен үнемі өзара әрекеттестікте болады және өзі жұмыс істейтін қауымдастықтардың жалпы өркендеуіне тікелей немесе жанама үлес қосуға ұмтылады.

Адам құқықтары мәселелері әлеуметтік үлес, қауіпсіздік және адам ресурстары тұрғысынан талаптардың сақталуын сипаттайтын Компанияның ішкі ережелерінде көрініс тапқан. Тиісінше, адам құқықтарын қорғауға қатысты талаптар Тәртіп кодексіне және КПО-ның қолданыстағы құрылымына, саясаттарына және ішкі ережелеріне енгізілген. Оларға мыналар жатады:

- **Әлеуметтік қызмет** – біздің әлеуметтік қызмет бойынша жоспарымыз бар және біз қызметіміздің жергілікті халық өміріне тигізетін әсерін ескереміз.

- **Қауіпсіздік** – Бүкіл Компанияға қойылатын қауіпсіздік талаптары қызметкерлердің, мердігерлердің және нысандардың қауіпсіздігін адам құқықтары мен жергілікті халықтың қауіпсіздігі сақталатындай қамтамасыз етуге көмектеседі.
- **Адам ресурстары** — саясаттарымыз бен стандарттарымыз жұмысқа әділ орналастыру, этикалық еңбек қатынастары, жағымды жұмыс ортасы мен еңбек жағдайларын құру қағидаттарын іс жүзінде жүзеге асыруға көмектеседі.
- **Келісімшарттар мен сатып алулар** – біз тұрақты дамуға үлес қосатын және экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тұрғыдан жауапты мердігерлермен және жеткізушілермен жұмыс істеуге ұмтыламыз.

Заңнамаға сәйкестік саласындағы жалпы саясат шеңберінде КПО этикалық нормалар мен нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау саласында оқытудың жаңа бағдарламасын қабылдады және орындауға кірісті. Бұл бағдарлама қабылданған қағидаттар мен міндеттемелер бойынша жоғарыда аталған негізгі мәселелерді шешуге бағытталған.

КПО қазіргі заманғы құлдық пен балалар еңбегін пайдалануға мүлдем қарсы. Осы орайда Компания өзінің жеткізу тізбегінде не қызметінің басқа салаларында балалар еңбегін пайдалануды, құлдықты және адам саудасын анықтауға және мүмкіндігінше жоюға ұмтылады. 2022 жылы КПО мен оның мердігерлік ұйымдары ішінде балалар еңбегін пайдалану және адам саудасы оқиғалары тіркелген жоқ.

7-сурет. КПО іскерлік қағидалары негізгі жеті категорияны қамтиды:



НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ СӘЙКЕСТІК GRI 2-24

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл GRI 2-15, 205-1, 205-3

КПО сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске ерекше көңіл бөледі. КПО-да әзірленген Парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және ақшаны жылыстатуға қарсы әрекет ету жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Тәртіп кодексі мен Іскерлік қағидаттарға негізделген, ол парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа тиым салатын ұлттық және халықаралық заңнаманы сақтау бойынша талаптарды белгілейді. Барлық персонал, соның ішінде құрушы компаниялардың іссапарға жіберілген жұмыскерлері, штаттағы қызметкерлер мен жіберуші тараптардың (кадрлар агенттіктерінің) жұмыскерлері осы Нұсқаулықты басшылыққа алуға міндетті. Нұсқаулық сыйлықтар мен қонақжайлық белгілерімен байланысты жұмыс процестерін анықтап, персоналға сыбайлас жемқорлыққа қатысты ықтимал қауіп-қатерлерді бағалауға көмектеседі. Келесілерге ерекше назар аударылады:

- ▶ Келісімшарттар жасау,
- ▶ Сыйлықтар мен қонақжайлық белгілері,
- ▶ Элеуметтік инвестицияларды қаржыландыру,
- ▶ Мемлекеттік органдармен әрекеттесу,
- ▶ Мүдделер қақтығысы.

КПО-ның бас директоры, директорлары мен басқарушылары тиісті директораттарда/басқармаларда нормативтік-құқықтық сәйкестік бойынша негізгі құқықтық және этикалық қауіп-қатерлерді анықтайды, бағалайды және қадағалайды.

«Тәртіп кодексі, нормативтік-құқықтық сәйкестік жөніндегі саясаттар мен процедуралардың талаптарының елеулі бұзылу қаупін» бағалау процесіне КПО-ның бүкіл қызметін сыбайлас жемқорлыққа қатысты қауіп-қатерлердің бар-жоғы тұрғысынан бағалау кіреді.

Сыбайлас жемқорлыққа қатысты қауіп-қатерлерді азайту мақсатында келесі ережелер мен процестер енгізілген:

- ▶ Контрагентпен келісімшарт немесе кез келген заңды күші бар келісім жасау алдында кешенді тексеріс жүргізледі. *(төмендегі «Контрагенттердің этикалық сәйкестігін тексеру» бөлімін қараңыз).*
- ▶ Парақорлыққа және кез келген ресми рәсімдерді оңайлатуға төленетін төлемақылар беруге (соның ішінде пара алу, пара беру, параға коммерциялық сатып алу, пара алу не беруде/параға коммерциялық сатып алуда делдалдық) тиым салынады.
- ▶ Қайырымдылық және демеушілік сияқты бизнес-процестер үшін қатаң ережелер мен шектеулер белгіленді, шығындар міндетті түрде есепке алынады және процеске қатысушылардың барлығы алдын ала тексеруден өтеді.
- ▶ Саяси партияларға, саяси ұйымдарға немесе олардың өкілдеріне компания қаражаты есебінен қандай да болса төлемдер (тікелей не жанама) жасауға тиым салынған. **GRI 415-1**
- ▶ Сыйлықтар алу/беру және қонақжайлық белгілерін қабылдау/көрсетудің негізгі ережелері, шекті сомалары, мақұлдау және бекіту деңгейлері белгіленген, тиісті тізілім жүргізіледі.
- ▶ Мүдделер қақтығысы туралы хабарлау (іс жүзіндегі, ықтимал және болжалды) қағидаттары мен ережелері, жұмысқа қабылдауға қатысты ерекше шарттар белгіленген. Барлық мүдделер қақтығысы оқиғалары тиісті тізілімге енгізіледі, жауапты бөлімшелер оларды реттеу бойынша шаралар қабылдайды. *(төмендегі «Мүдделер қақтығысы» бөлімін қараңыз).*
- ▶ Мерзімді оқытулар жүргізіледі, жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқықбұзушылықтар туралы білімі тексеріледі. *(төмендегі «Нормативтік-құқықтық сәйкестік талаптарын сақтау бойынша оқытуды» қараңыз).*
- ▶ Компанияның ішкі құжаттарының ережелерін және қолданыстағы заңнаманы бұзу туралы хабарлау процестері реттелді, Компанияның ішкі ережелерін бұзу жағдайларын тергеу және сол ережелерді бұзу үшін жауапқа тарту тәртібі анықталды.

Нормативтік-құқықтық сәйкестік талаптарын сақтау бойынша оқыту GRI 205-2

КПО-ның барлық қызметкерлері нормативтік-құқықтық талаптарды сақтау мәселелері бойынша жүйелі оқытудан өтеді. 2022 жылдың қорытындысы бойынша компания жұмыскерлерінің 98% (жұмыскерлердің 3 496-ы оқытудан өтті, 119-ы оқытудан өткен жоқ; статистика барлық санаттардағы қызметкерлерді қамтиды), соның ішінде бас компаниялардың іссапарға жіберілген жұмыскерлері, штаттағы қызметкерлер мен жіберуші тараптардың (кадрлық агенттіктердің) жұмыскерлері төмендегі жыл сайынғы интерактивті оқыту курстарын аяқтады:

- ▶ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл,
- ▶ Тәртіп кодексі,
- ▶ Жағымсыз әрекеттерге, қысым жасауға және алымсақтыққа қарсы іс-қимыл,
- ▶ Құпиялық.

Бұдан басқа, Компанияның әрбір жұмыскері жыл сайын Іскерлік қағидаттармен, Тәртіп кодексімен, Парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және ақшаны жылыстатуға қарсы әрекет ету жөніндегі нұсқаулықпен танысқандығын растауы және Заңнама мен этикалық құндылықтарға сәйкестік туралы мәлімдемеге қол қоюы қажет.

2022 жылдың қорытындысы бойынша жұмыскерлердің 99%, соның ішінде құрушы компаниялардың іссапарға жіберілген жұмыскерлері, штаттағы қызметкерлер мен жіберуші тараптардың (кадрлық агенттіктердің) жұмыскерлері, Заңнама мен этикалық құндылықтарға сәйкестік туралы жыл сайынғы мәлімдемеге қол қойды.

Кез келген жұмыскер нормативтік-құқықтық сәйкестік жөніндегі барлық саясаттар мен процедураларды КПО-ның Интранет желісінен тауып қарай алады. Барлық мүдделі тараптар Іскерлік қағидалар мен Тәртіп кодексін КПО-ның сайтынан таба алады.

2022 жылы КПО-ның нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөлімі Ұңғыма операциялары бөлімі мен мердігерлерінің персоналына Нормативтік-құқықтық сәйкестік бойынша қосымша семинар өткізді.

Мүдделер қақтығысы GRI 2-15

КПО-да мүдделер қақтығысы Тәртіп кодексімен, Парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және ақшаны жылыстатуға қарсы әрекет ету жөніндегі нұсқаулықпен және Мүдделер қақтығысын басқару жөніндегі нұсқаулықпен реттеледі. Нұсқаулықтардың соңғысы жұмысқа алумен айналысатын КПО менеджерлеріне, сонымен қатар Заң директорына болжамды, ықтимал немесе іс жүзіндегі мүдделер қақтығысын басқаруда көмек ретінде әзірленді. Оператор комитеті мүдделер қақтығысын қарау процесін реттеуді нормативтік-құқықтық сәйкестік саласында аудиттер өткізу арқылы бақылайды. КПО-ның басқа жұмыскерлерімен, мемлекеттік лауазымды тұлғалармен, мердігерлермен, жеткізушілермен, бәсекелес ұйымдар және бизнес серіктестермен туыстық байланыс болған жағдайда, Компания жұмыскерлерінде мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін. Мұндай оқиғалар Компания ішінде қаралып, реттеледі.

Жұмысқа қабылдау алдында барлық іріктелген үміткерлер мүдделер қақтығысының бар-жоғы туралы мәлімдемені толтырады. Сонымен қатар, нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөлімі қызметкерлерге мүдделер қақтығысын мәлімдеу қажеттілігі туралы ай сайын хабарлайды.

Мүдделер қақтығысы тақырыбының маңыздылығы туралы Бас директор мен нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөлімі барлық қызметкерлерге барлық нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету ережелері мен талаптарын сақтау қажеттігі туралы корпоративтік пошта желісінде ақпараттық хаттар жіберу арқылы жүйелі түрде хабарлайды.

Контрагенттердің этикалық сәйкестігін тексеру

GRI 2-23, 205-1, 205-2, 414-1

КПО корпоративтік басқаруда, соның ішінде этикалық және нормативтік сәйкестікті қамтамасыз етуде ең жоғары стандарттарға қол жеткізіп, сол деңгейді сақтауға ұмтылады. КПО-ның жетістігі біздің бизнестегі тұрақты табысқа жетуімізде маңызы зор және осы міндеттемені бөлісетін Компанияның серіктестерімен байланысты.

Этикалық сәйкестікті тексеру бойынша процедура аясында КПО ықтимал бизнес серіктестерінің әрқайсысымен байланысты қауіп-қатерлерді анықтау үшін және қатер төндіруі мүмкін мәселелерді реттеудің тиісті шараларын айқындау мақсатында өз жеткізушілерінің этикалық сәйкестігін бағалауды орындайды.

Әрбір ықтимал бизнес серіктесте меншік түрі және иесі, басшылығы және шаруашылық және коммерциялық қызметі, соның ішінде оның этикалық іскерлік қағидаттары туралы ақпарат пен растайтын құжаттарды жіберуді сұрайтын сауалнама жіберіледі. Тексеру шеңберінде КПО серіктестер берген мәліметтерді растау үшін және іскерлік тәжірибесі мен нарықтағы беделі туралы пікірлерді тексеру мақсатында ашық көздерден алынған ақпаратты да пайдаланады. Бұл үшін КПО «Refinitiv World-Check One» халықаралық дерекқорын, ашық ұлттық дерекқорларды, солардың ішінде салық және сот дерекқорларын пайдаланады, сонымен қатар тәуелсіз халықаралық сарапшыларды тартады. Содан кейін, компанияның бизнес серіктес болуға лайықтығын анықтау мақсатында қауіп-қатерлерді бағалау жұмыстары жүргізіледі. Қажет болған жағдайларда, қалдық қауіп-қатерлерді азайту үшін тиісті шаралар қолданылады.

Сонымен қатар, КПО өзінің бизнес серіктестерінен компаниямен келісімшарт жасасқандағы стандартты үлгінің бір бөлігі болып табылатын міндеттемелерді орындау арқылы жемқорлыққа және парақорлыққа қарсы қолданыстағы қазақстандық және халықаралық заңдарға сәйкес жұмыс істеуді талап етеді.

Барлық бизнес серіктестер өткен күнтізбелік жыл ішінде КПО-ның әрбір келісімшартының 25-бабы «Этика және іскерлік тәжірибесінде» көрсетілген мәлідемелерге, кепілдіктерге және міндеттемелерге сәйкес қызмет еткендігін растайтын Жыл сайынғы сәйкестік бойынша сертификатты толтыру қажет.

Осы шаралардың барлығы серіктестерімізге КПО-ның бизнес жүргізуде жоғары этикалық стандарттарды ғана ұстанатынын көрсететініне сенімдіміз. КПО өзінің бизнес серіктестерімен тығыз жұмыс істейді және жемқорлық пен парақорлықты болдырмау мақсатында олармен бірге қолданыстағы барлық заңнамаларды сақтауы керек.

Жедел желі және сәйкестіктің сақталуын қамтамасыз ету бойынша басқа да шаралар

GRI 2-25, 2-26, 3-3, ТДМ 16.10



Компанияның нормативтік құқықтық сәйкестік бағдарламасын іске асыру мақсатында КПО-да тегін, анонимдік және құпия [Жедел желісі](#) жұмыс істейді.

Жедел желі КПО жұмыскерлері, жеткізушілері және мүдделі тараптары үшін әділ және қауіпсіз жұмыс ортасын құрудағы маңызды құрал болып табылады. Жедел желі арқылы компания қызметкерлері мен үшінші тұлғалар (мердігерлер, жеткізушілер және басқа да мүдделі тараптар) хабарлай алатын тақырыптарға ықтимал құқықтық және этикалық тәртіп бұзушылық, соның ішінде дискриминация, жыныстық алымсақтық, мүдделер қайшылығы, қаржыға қатысты ереже бұзулар немесе жемқорлық кіреді. Мәлімдемені телефонмен немесе онлайн нысанды толтыру арқылы жолдауға болады. Келіп түскен мәлідемелерді олардың құпиялығы мен анонимдігіне кепілдік беретін тәуелсіз компания өңдейді. Бұдан әрі мәлідемелер олардың кәсіби және құпия қаралуын қамтамасыз ететін КПО-ның тиісті тұлғаларына беріледі. Сондай-ақ, Компания қызметкерлері нормативтік-құқықтық сәйкестік бөліміне, еңбек ресурстары бөліміне немесе өздерінің тікелей жетекшілеріне жүгіне алады.

2022 жылы нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөліміне 106 мәлімдеме келіп түсті. Барлық мәлідемелер мұқият қаралып, тиісті шаралар қолданылды. Мәлідемелердің басым бөлігі жұмыс орындарындағы

қарым-қатынас мәселелеріне және мүдделер қақтығысына қатысты болды, 80-і 2022 жылы, ал 44-і 2021 жылы келіп түскен 124 мәлімдеме нормативтік-құқықтық сәйкестік бойынша ереже бұзуды тергеу процедурасының және/немесе мәлімдеменің сипатына байланысты тәртіптік мәселелерді шешу жөніндегі ереженің талаптарына сәйкес шешілді және жабылды.

Келіп түскен барлық мәлідемелер нормативтік-құқықтық сәйкестікке қатысты ереже бұзуларды тергеу тобымен тергеледі және, қажет болғанда, салдарларды басқару бойынша тиісті іс-шаралар қолданылады. 2021 жылы Компанияда қызметтік тексерулерді сапалы жүргізу және ұйым ішіндегі салдарды жою бойынша шараларды жүйелі қолдану мақсатында нормативтік-құқықтық сәйкестікке қатысты ереже бұзуды тергеудің жаңа процедурасы қолданысқа енгізілді. Тергеудің сапасы «Мәлімдемелерді тіркеу журналын» үздіксіз жүргізу мен жаңарту арқылы қамтамасыз етіледі, бұл тергеулердің тиімділігін бағалауға және қызмет нәтижелері

Монополияға қарсы күрес GRI 206-1, 3-3

Монополияға қарсы заңдар кәсіпкерліктің еркіндігі мен бәсекелестіктің әділдігін қорғайды. Заңда жазылғандықтан ғана емес, бұларға өзіміз кәміл сенетіндігімізден осы қағидаларды сақтаудың КПО үшін маңызы зор.

КПО Тәртіп кодексі қызметкерлердің барлығы сақтауы тиіс заңға қайшы әрекеттерге, соның ішінде бағаны белгілеу, нарықты бөлісу, өндіріс көлемін шектеу, тендерге қатысуға өтінімдер тапсыру немесе тендерге қатысу кезіндегі келісу, бәсекелестікке қарсы әрекет ету және монополиялауға қарсы күреске қатысты ережелерді рет-

Заңнама мен нормативтік актілерді сақтау GRI 2-27

КПО өз қызметін іске асыратын мемлекеттерің қолданыстағы барлық заңдары мен нормативтік актілерін сақтайды.

КПО Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мен Заң директоры нормативтік-құқықтық сәйкестік мәселелері ӨБТК және Бірлескен қызмет туралы келісімге, мұнай-газ компанияларының қызметін реттейтін барлық ҚР заңдарына / халықаралық заңнамаға, сонымен қатар нормативтік-құқықтық сәйкестікке қатысты процестерді реттейтін КПО-ның саясаттары мен процедураларына сай шешілуін қадағалайды.

теріс болған жағдайда үрдістер мен алғашқы себептерді талдауға мүмкіндік береді.

Ең маңызды тергеулер мен салдарды басқару үдерістерін бақылау және оларға қатысты шешім қабылдау мақсатында Этика мәселелері бойынша кеңес құрылды.

Салдарды басқару бойынша барлық шаралар КПО-ның қолданыстағы саясаттарына сәйкес қадағалауға және бақылауға жатады. Этика мәселелері бойынша кеңес талқылап, мақұлдағаннан және бекіткеннен кейін, салдарды басқару бойынша шаралар тиісті директораттарда/басқармаларда орындалу үшін міндетті болады. Барлық осындай шаралар арнайы журналдың («Шаралар тізілімі») көмегімен тіркеледі, қадағаланады және бақыланады.

тейді. КПО қызметкерлеріне монополияға қарсы заңнаманы бұзу болып есептелуі мүмкін мәселелер бойынша бәсекелестермен келісімдер жасауды айтпағанда, бәсекелестермен мұндай мәселелерді тіпті жеке талқылауға да тыйым салынады.

Есептік кезең ішінде КПО-да жосықсыз бәсекелестікке және монополияға қарсы заңнаманы бұзуға қатысты аяқталмаған немесе аяқталған сот қуынымдары болған жоқ.

2022 жылы КПО әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша жалпы сомасы 7 504 350 теңгені құрайтын әкімшілік айыппұлдар төледі. Әкімшілік құқық бұзушылық фактілері бойынша жалпы жеті іс қозғалды, оның ішінде үш іс «Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің департаменті» ММ, екі іс «Бөрлі ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі» және екі іс «Бөрлі аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ-ге қатысты болды.

2022 жылы қаржылай емес санкциялар қолданылған жағдайлар тіркелген жоқ.

АУА адамдардың қоршаған ортамен және әлеммен қарым-қатынасын кейіптейді. Ол айналамыздағы барлық кеңістікті толтырып бізді орып алады, бірақ ауа біз қозғалғанда ғана сезіледі. Ауаны тек қозғалыс кезінде сезетіміз сияқты, әлеуметтік қатынастар да біз белсенді қатысып, үлес қосқанда ғана дамып, өркендей алады.

ӘЛЕУМЕТТІК ҮЛЕС

Қауіпсіздік техникасы саласындағы тәжірибе	51
Охрана труда и здоровья	59
Жұмысқа орналасу тәжірибелері	67
Қақтығыстар және қауіпсіздікті қамтамасыз ету	83
Жергілікті қауымдастықтар	87



GRI 2-23

Іскерлік қағида: ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Іскерлік қағида: ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

Іскерлік қағида: ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР

Ескерту: қағидалар бөлімнің тиісті тарауларында толығырақ сипатталған.

2022

ҚАУІПСІЗДІК КӨРСЕТКІШТЕРІ:

Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі



0,22

Жол-көлік оқиғаларының жиілігі



0

ӨНДІРІСТІК ҚАТЫНАСТАРДЫ БАҚЫЛАУ:



~17 мыңға
жуық қызметкерлер

151

мердігер компания

ЖЕРГІЛІКТІ ҚАУЫМДАСТЫҚТАР:



17

консультативтік кеңес отырысы өткізілді

Егде жастағы



150

адамға шипажайда ем алуға жолдама берді

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР:



4 053

адам

Жалақы жалпы



22%-ға

арттырылды

Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өндіріс тұтастығы – кез келген мұнай, газ және конденсат кен орнын игеру мен пайдаланудағы табыстың негізгі факторлары. Күкіртсутек шығарындылары, өнімнің ағып кетуі және ЖКО сияқты қауіп-қатерлермен байланысты өндірісте жұмыс істейтін персоналдың қауіпсіздігі компания үшін басты міндет болып табылады. Әр жұмысшы үйіне аман-есен оралуы керек, ал өндірісте ағып кету жағдайлары мүлдем болмауы керек.

КПО ұйымда да, одан тыс жерлерде де тиімді ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәдениетін енгізіп сақтауға көп күш жұмсайды.



Іскерлік қағида: ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

Біз жұмыс көрсеткіштерді үздіксіз арттыруға қол жеткізу үшін еңбекті қорғауды, қауіпсіздік техниканы, қауіпсіздік қызметті басқарудың жүйелі тәсілін қолданамыз.

Осы мақсатпен біз осы мәселелерді қызметтің маңызды түрлері ретінде басқара отырып, стандарттарды белгілеп, жақсартуға бағытталған мақсаттарды қойып, шараларды қолданамыз, сонымен қатар бағалау жүргізіп, жұмыс нәтижелері туралы сыртқа есеп береміз.

GRI 2-23



Қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету бойынша 2022 жылы атқарылған жұмыс

Орындалу пайызы:

Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспары

90%-ға
орындалды

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы коммуникацияны жақсарту жөніндегі іс-шаралар

100%-ға
орындалды

Басшылықтың қатысуымен өткен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ тексерістері

Жоғары басшылық

224%-ға
орындады

КПО-дағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәдениетінің деңгейін бағалау нәтижесі:

80%
есепке алатын деңгей

Қызметкерлердің **90%-ы**

«Өмірлік маңызы бар ережелер – Жұмыстарды орындауға рұқсат» курсынан өтті

22 798

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ картасы тіркелді

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ САЛАСЫНДАҒЫ ТӘЖІРИБЕ

Компаниядағы қауіпсіздік техникасына қатысты қауіп-қатерлерді және Компанияның әсерін азайту мақсатында бірқатар міндеттер қойдық. Оларды іске асыру нәтижелері төменде келтірілген.

7-кесте. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы міндеттеріміз GRI 3-3

2022 жылға қойылған міндеттер	Орындалу статусы	2022 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2023 жылға қойылған міндеттер
ҚТ саласындағы көшбасшылықты дамыту және мәдениетті арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруды жалғастыру	Ауыстырылды	ҚТ саласындағы көшбасшылықты дамыту және мәдениетті арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары орындалмайтын болды, ол КПО қауіпсіздік мәдениетін өзгерту жоспарымен ауыстырылды.	Қауіпсіздік және көшбасшылық мәдениетін өзгерту жоспарын орындау
ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы коммуникацияны жақсарту жөніндегі 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспарын орындау	Орындалды	2022 жылға жоспарланған іс-шаралар мен науқандар сәтті жүзеге асырылды.	ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы коммуникацияны жақсарту жөніндегі 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспарын орындау
Жол қозғалысы қауіпсіздігін басқару жүйесі	Орындалды	2022 жылы ISO 39001 стандарты бойынша сертификаттаудан сәтті өту үшін КПО мынадай іс-шараларды орындады: 2020 жылы олқылықтарға талдау жүргізілді және сертификаттауға дайындық басталды, 2021 жылы алдын ала сертификаттаудан сәтті өтті.	ISO 39001 стандарты бойынша қадағалау аудитінен сәтті өту
Компаниядағы ҚТ мәдениетінің деңгейін бағалау шарасын өткізу	Орындалды	ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы мәдениет деңгейін анықтау мақсатында КПО-да бірқатар бағалау шаралары жүргізілді: екі рет компания қызметкерлері компания ішінде бағалау өткізді (наурызда және желтоқсанда) және оған қоса үшінші тараптар мен операторлар да бағалау өткізді (2022 жылғы шілде мен тамыз айларында). ҚТ мәдениетінің деңгейін бағалау нәтижесі: 80% – есепке алынатын деңгей.	Қауіпсіздік пен көшбасшылық мәдениетін өзгерту жоспарын орындау шеңберінде ҚТ саласындағы көшбасшылық және тәртіп мәселелеріне ерекше назар аударып отырып, КПО-да ҚТ мәдениетін арттыру

ЕҚ және ҚТ бойынша көрсеткіштер GRI 3-3, 403-2, 403-9, ТДМ 3.9, 8.8

Біз қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау саласындағы қызметімізді дамуымыздың қарқынын қадағалай және әлемде болып жатқан оқиғаларды ескере отырып жоспарлаймыз. Біз белгілі бір жұмыс көлемін орындау кезінде болған оқиғалардың жиілігін адам-сағат санын ескере отырып өлшейміз. Біздің еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша көрсеткіштеріміз 2017–2022 жылдарды қамтиды, бірақ 2022 жылға ерекше назар аударылады.

4-сызбада еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақаттар жиілігі (ЕҚЖЖ)² және тіркелуге тиіс жарақаттар жиілігі (ТТЖЖ)³ көрсетілген.

4-сызба. ЕҚЖЖ және ТОЖ жиілігі: КПО және мердігер ұйымдар, 2017–2022 жылдар GRI 403-9



Ескертпе: КПО-дағы ЕҚЖ және ТТЖ жиілігін есептеу үшін келесі әдіс қолданылады:

² Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақаттар жиілігі (ЕҚЖЖ) = еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақаттар саны (еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақаттар + өлімге әкелген оқиғалар) x 1 000 000 / адам-сағат саны;

³ Тіркелуге тиіс жарақаттар жиілігі = тіркелуге тиіс жарақаттар саны (еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақаттар + медициналық емделуге әкелген оқиғалар + жеңіл жұмысқа ауыстыруға әкелген оқиғалар) x 1 000 000/адам-сағат саны).

2022 жылы КПО-да тіркелуге тиіс жарақаттар саны едәуір өсті (2021 жылғы үш жарақаттан 2022 жылы он үш жарақатқа дейін). Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақаттар саны да өсті (2021 жылғы бір жарақаттан 2022 жылы жеті жарақатқа дейін). 2022 жылы КПО-дағы ТТЖЖ 0,22 (2021 жылы 0,03 болған) болса, ал ЕҚЖЖ 0,40 (2021 жылы 0,09 болған) құрады. Жарақаттар санының артуы негізінен пандемияның салдарымен, жұмыс көлемінің өсуімен (жобаларды іске асыруды қоса алғанда), қауіп-қатер деңгейін жете бағаламаумен және қауіпсіздік мәселелеріне тиісті назар аудармаумен байланысты.

Біз олардың қайталануын болдырмау үшін барлық оқиғаларға тергеу жүргіземіз. Сонымен қатар, біз мерді-

герлермен және басқа да мүдделі тараптармен оқиғалардан алынған сабақтар туралы ақпарат алмасамыз және қауіпсіздікті жақсарту мақсатында басқа компаниялардың тәжірибесін өзімізде енгіземіз.

8-кестеде КПО-ның ЕҚЖЖ бойынша көрсеткіштері мердігер ұйымдардың соңғы үш жылдағы ЕҚЖЖ көрсеткіштерімен салыстырып көрсетілген. КПО және мердігерлік ұйымдардың деректері бөлек көрсетілген. Жиынтық көрсеткішті алу үшін деректерді қосып жиынтық мәнін шығарудың орнына есептеу формуласын қолдану керек.

8-кесте. Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақаттар жиілігі: КПО және мердігер ұйымдар, 2020 – 2022 жылдар GRI 403-9

Тиімділік көрсеткіштері	2022	2021	2020
Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақаттар жиілігі (КПО)	0,00	0,14	0,00
Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақаттар жиілігі (мердігер ұйымдар)	0,27	0,00	0,07

9-кестеде КПО-ның ТТЖЖ бойынша көрсеткіштері мердігер ұйымдардың соңғы үш жылдағы ТТЖЖ көрсеткіштерімен салыстырып көрсетілген.

9-кесте. Тіркелуге тиіс жарақаттар жиілігі: КПО және мердігер ұйымдар, 2020 – 2022 жылдар GRI 403-9

Көрсеткіштер	2022	2021	2020
Тіркелуге тиіс жарақаттар жиілігі (КПО)	0,00	0,14	0,00
Тіркелуге тиіс жарақаттар жиілігі (мердігерлік ұйымдар)	0,50	0,08	0,22

Ескерту: Алғашқы медициналық көмек көрсетуге әкелген жағдайлар өндірісте алған жарақаттарды есептегенде есепке алынбайды.

КПО жұмыс істеуге қауіпсіз жағдай жасауға ұмтылады. Осыған қарамастан, 2022 жылы Компанияда он үш оқиға орын алып, онда мердігер ұйымдардың жұмыскерлері түрлі жарақаттар алды.

10-кесте. 2022 жылы болған оқиғалар GRI 403-9

Жарақат түрі	Сипаттамасы	Саны
Еңбек ету қабілетінен уақытша айрылуға әкелген жағдайлар	Тайып құлаудың нәтижесінде алынған тізе жарақаты	1
	Биіктіктен құлаудың нәтижесінде алынған бел мен бас жарақаты	1
	Құбырдың бір бөлігінің секциясы аяққа құлау нәтижесінде алынған аяқ жарақаты	1
	Биіктіктен құлау нәтижесінде алынған бел жарақаты	1
	Көтергіштің себетінен құлау нәтижесінде алынған бас, арқа және кеуде жарақаттары	2
	Бөтен заттың тиюінің алынған көз жарақаты	1
Тіркелуге тиіс жарақаттар (яғни жұмыскер медициналық емдеу алғаннан кейін жұмысын жалғастыра алды немесе жеңіл жұмысқа ауыстырылды)	Тор еден опырылған кезде құлаудың нәтижесінде алынған жіліншік жарақаты	1
	Арматураға кесіп алу нәтижесінде алынған білек жарақаты	1
	Қысып алу нәтижесінде алынған саусақ жарақаты	4
Барлығы		13

2022 жылы бірде-бір айтарлықтай ЖКО тіркелген жоқ. 1 млн км қашықтыққа есептегендегі жол-көлік оқиғаларының жиілігі (ЖКОЖ⁴) 2022 жылы КПО мен мердігерлік ұйымдарда үшінші жыл қатарынан нөлге тең болып қалды (2020 – 2021 жылдардағыдай). ЖКО бойынша нөлдік көрсеткіш Жол қауіпсіздігін жақсарту жоспары аясында жасалған бірқатар іс-шараларды орындаумен және «Жол қауіпсіздігі» бөлімінде сипатталған басқа да жетістіктермен байланысты. КПО көлік құралдары жүріп өткен қашықтық 2021 жылы 40,2 млн км-ға тең

болған болса, ал 2022 жылы 39,3 млн км-ді құрады.

GRI 403-9, ТДМ 3.6.1 (C030601)

2019–2022 жылдардағы КПО және мердігерлік ұйымдарда өліммен аяқталған оқиғалардың жиілігі нөлге тең болып қалады.⁵ GRI 403-9, ТДМ 3.9

2022 жылы КПО мен мердігер ұйымдардың жұмыскерлері 32 515 598 адам-сағат жұмыс істеді: Оның 20% (6 629 709 адам-сағат) КПО қызметкерлеріне тиесілі, ал 80%-н (25 885 889 адам-сағат) мердігер ұйымдардың жұмыскерлері атқарды.

11-кесте. Жұмыс істелген адам-сағаттар саны: КПО және мердігер ұйымдар, 2020 – 2022 жылдар

GRI 403-9

Көрсеткіштер	2022	2021	2020
Жұмыс істелген адам-сағат саны (КПО)	6 629 709	6 924 081	7 269 825
Жұмыс істелген адам-сағат саны (мердігер ұйымдар)	25 885 889	25 340 974	26 955 757
Барлығы	32 515 598	32 265 055	34 225 582

2022 жылы КПО-да жеті ықтимал қауіпті оқиға (ЫҚО⁶) тіркелді: еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақатпен байланысты үш оқиға, мүліктің зақымдалуымен байланысты үш жағдай және бір ықтимал қауіпті жағдай.

12-кесте. Ықтимал қауіпті оқиғалардың саны (ЫҚО): КПО және мердігер ұйымдар, 2020 – 2022 жылдар GRI 403-9

Көрсеткіштер	2022	2021	2020
ЫҚО саны (КПО)	0	0	1
ЫҚО саны (мердігерлік ұйымдар)	7	1	1
Барлығы	7	1	2

2022 жылы Компанияда 82 ықтимал қауіпті жағдай тіркелді: оның 49-ы (60%) оқиғалар туралы хабарлау процедурасы арқылы, 33-і (40%) ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталарының көмегімен анықталды. Әрбір ЫҚЖ үшін, әрбір оқиға бойынша, КПО мұқият тергеу жүргізеді, олардың себептері анықталады және кемшіліктерді түзетуге және оқиғалардың қайталануын болдырмауға бағытталған ұсынымдар әзірленеді.⁷

13-кесте. Ықтимал қауіпті жағдайлардың саны (ЫҚЖ): КПО және мердігер ұйымдар, 2020 – 2022 жылдар GRI 403-9

Көрсеткіштер	2022	2021	2020
ЫҚЖ саны (КПО)	24	22	27
ЫҚЖ саны (мердігерлік ұйымдар)	58	43	46
Барлығы	82	65	73

⁴ КПО-да қолданылатын ЖКОЖ есептеу әдісі: ЖКО жиілігі = ЖКО саны (елеулі) x 1 000 000 / жүріп өткен км саны.

⁵ КПО қолданатын өлімге әкелетін оқиғалардың жиілігін есептеу әдісі: өлімге әкелетін оқиғалардың жиілігі (миллион жұмыс істеген адам сағатына) = өлімге әкелетін оқиғалардың саны x 1 000 000 / жұмыс істеген адам сағаты.

⁶ Ықтимал қауіпті оқиға (ЫҚО) – бір немесе бірнеше өлімге әкелуі ықтималдығы болған оқиға немесе ықтимал қауіпті жағдай.


⁷ Ықтимал қауіпті жағдай (ЫҚЖ) – тіркелуге тиіс жарақаттарға, мүлікке, қоршаған ортаға зақымға немесе технологиялық қауіпсіздікке байланысты оқиғаға әкелуі ықтималдығы болған кез-келген жоспарланбаған немесе басқарылмайтын оқиға немесе оқиғалар тізбегі, бірақ түрлі жағдайлардың арқасында мұндай оқиғалар орын алмаған.

Саладағы басқа компаниялармен салыстыру GRI 3-3

Жыл сайын біз қызметіміздің тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін (ТНК) Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (бұдан әрі – IOGP) есебінде ұсынған оператор компаниялардың көрсеткіштерімен салыстырамыз. IOGP қауымдастығы ЕҚ және ҚТ саласындағы тиімділік негізгі көрсеткіштерін жыл сайын www.iogp.org сайтында жариялайды.

2022 жылы КПО-да еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақаттардың саны артты (2021 жылғы бір жарақат тіркелген болса, 2022 жылы – жеті). Егер КПО-ның 2022 жылғы көрсеткіштерін саланың басқа компанияларымен салыстыратын болсақ, еңбекке еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақаттар жиілігі бойынша КПО көрсеткіші IOGP-дің орташа көрсеткіштерінен жақсырақ, бірақ IOGP бойынша 10 үздік компанияның көрсеткіштерінен төмен. (5-ші сызбаны қараңыз).

5-сызба. КПО көрсеткіштері мен IOGP көрсеткіштері, 2009 – 2022 жылдар



ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жақсарту жөніндегі 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспары GRI 2-23, 3-3, 403-7, ТДМ 8.8

Жоспардың басты мақсаты – ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесін оңтайландыру, қауіп-қатерлерді одан әрі бақылау, жұмыскерлердің денсаулығы мен қоршаған ортаға зиян келтірмеу. Бұған «мақсатты элементтерді» және Компанияның күнделікті өндірістік қызметінен тыс, айтарлықтай пайда алуға және жақсартуларға қол жеткізуге бағытталған бірқатар іс-шараларды қолдану арқылы қол жеткізіледі.

Аталмыш Жоспар мен ТНК бір біріне сәйкес болуы үшін және қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін 2022 жылы КПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жақсарту бойынша іс-шаралар жоспарын дайындауда құрылымдық тәсілді қолданды.

14-кесте. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жақсарту жөніндегі 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспары өзара байланысты бағыттардан тұрады:

ДЕҢГЕЙ I (негізгі):	Жарақат алу бойынша нөлдік көрсеткіші және өндірістердің тұтастығын қамтамасыз ету
ДЕҢГЕЙ II (көмекші):	<ul style="list-style-type: none"> ▶ Мінез-құлық үлгілері және көшбасшылық ▶ Жеке бас денсаулығы ▶ Жеке бас қауіпсіздігі ▶ Объектілердің тұтастығы және технологиялық қауіпсіздік ▶ Жол қозғалысы мен инфрақұрылымның қауіпсіздігі ▶ Қоршаған ортаға ықпалды азайту
ДЕҢГЕЙ III (бұған қалай қол жеткіземіз):	Стратегия мен мақсатты элементтер

- ▶ Осы қойған мақсаттарды орындау үшін жыл бойына орындалатын көмекші жоспарлар жасалды;
- ▶ КПО-ның барлық мүдделі тараптары ортақ мақсаттар мен қосымша жоспарларды қабылдап, өз араларында бөліп алды;
- ▶ КПО негізгі мақсатқа жету мақсатында жоспарларды жүзеге асыру және кедергілерді нығайту бойынша бірлесіп жұмыс істеді.

I, II және III деңгейлердің тапсырмалары бойынша жоспардың мониторингі «бағдарламалар» (жасыл, сары, қызыл) жүйесінің көмегімен жүзеге асырылды.

Келесі параграфтарда біз ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көшбасшылық дағдыларды дамыту және мәдениетті арттыру бойынша 2022 жылы орындалған іс-шараларды, сондай-ақ жол қауіпсіздігін жақсарту жөніндегі жоспардың іс-шараларын сипаттаймыз. Қоршаған ортаны қорғау, өндірістің тұтастығы, қауіп-қатерлерді басқару және денсаулықты қорғау туралы ақпарат есептің тиісті тарауларында берілген.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көшбасшылық және мәдениет

GRI 3-3, 2-23, 2-29, 403-5, ТДМ 8.8

2022 жылы ҚТ корпоративтік мәселелер жөніндегі бөлім ҚТ саласындағы көшбасшылық пен мәдениетті қалыптастыру бағдарламасын жүзеге асыра бастады, соның ішінде тәлімгерлік басты назарда болды. Бұл бағдарлама қауіп-қатер деңгейі жоғары жұмыстарға тартылған, қарамағында жұмыскерлер тобы бар және рөлі объектідегі қауіпті факторлардың алдын алатын немесе азайтатын тосқауылдардың жұмысын қолдау болып табылатын КПО мен мердігерлік ұйымдардағы басшыларына арналған. Оқыту сессияларын бастамас бұрын бағдарламаны іске асыру жөніндегі топ объектілерде іріктелген кандидаттарға «Тәлім беру, әрекеттесу және араласу» бойынша оқыту курсы ұйымдастырды.

- ▶ Атап айтқанда, ГҚДҚ-3 және ГҚДҚ-2 объектілерінде 14 тікелей жетекшіге арнап 108 жеке практикалық сессия өткізілді.
- ▶ 2022 жылғы шілдеден бастап КПО жобаларды жүзеге асыру директорының мердігер ұйымдарының 12 шеберіне арнап 33 жеке сессия өткізілді, бұл оқыту курстары 2023 жылы да жалғасады.
- ▶ «ККС-Сичим», «Сырласу», «Қазкаргоэкспесс», «КарИнфраСтрой» мердігер ұйымдарының нұсқаушыларына арнап жыл бойы бірнеше сессия өткізілді.

КПО-дағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы мәдениет деңгейін анықтау мақсатында бірқатар бағалау шаралары жүргізілді: екі рет компания қызметкерлері компания ішінде бағалау өткізді (наурызда және желтоқсанда) және оған қоса үшінші тараптар мен операторлар да бағалау өткізді (шілде мен тамыз айларында). ҚТ мәдениетінің деңгейін бағалау нәтижесі: 80% – есепке алынатын деңгей (бізде барлық қауіптерді басқаруға арналған жүйелер бар). Бағалау нәтижесінде жақсартуды қажет ететін келесі бағыттар анықталды:

- ▶ «Біртұтас ұжым» ұстанымы (КПО мен мердігерлік ұйымдар),
- ▶ араласу және қауіптер/оқиғалар туралы хабарлау,
- ▶ қауіп-қатерге үйреніп кету,
- ▶ қауіпсіздік техникасы үшін жауапкершілік,
- ▶ қарым-қатынас орнату дағдылары,
- ▶ қауіп-қатерлер мен қауіпті жағдайларды түсіну.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері бойынша хабардарлықты арттыру құралдары GRI 2-29, 3-3

КПО-да қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау мәдениетін қамтамасыз ету негізгі басымдық болып табылады. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ қызметтерінің бірлескен жұмысының арқасында 2022 жылы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы коммуникацияны жақсарту жөніндегі барлық жоспарланған іс-шаралар мен науқандар 100% орындалды.

Тоқсан сайын ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша викторина жүргізілетін болды. Онда әр қызметкер ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ туралы негізгі білімін тексеріп, сыйлық ұтып ала алады. Сонымен қатар, түрлі өзекті мәселелер туралы ақпарат беретін және түрлі нұсқаулар беретін күн сайын экран бетіне шығатын хабарламалар мен әлсін-әлсін шығарылып тұратын «ҚТ бойынша қысқаша ақпарат» арқылы қызметкерлерді дереу хабардар ету және білімін арттыру бойынша тұрақты жұмыс жүргізілді. Жыл бойы әртүрлі тақырыптарды қамтыған 19 ҚТ бойынша қысқаша ақпарат шығарылды: оқиғалар туралы хабарландырулар, араласу, жол қауіпсіздігі, табиғатқа қамқорлық және т.б.

«Өмірлік маңызы бар ережелер – жұмысты орындауға рұқсат» және (3 647 жұмыскер өтті) және «ҚР жаңа Экологиялық кодексі, КПО «жасыл» тұжырымдамасына көшу» (3 985 жұмыскер өтті) атаулы екі тақырып бойынша электрондық оқу курстары әзірленді.

2022 жылдың шілдесінде оқиғалар туралы дер кезінде хабарлаудың маңыздығына назар аударту мақсатында компания мен мердігер ұйымдардың қызметкерлерінің қатысуымен «Оқиғалар туралы хабарлау» тақырыбында

ҚТ бойынша кезектен тыс жиналыс өткізілді. Уақтылы хабарланбаған өмірде болған нақты жағдайлар және олардың арты қандай жағымсыз салдарға апарғаны талқыланды.

Сонымен қатар, компаниядағы жүргізушілерге арналған жалпы жиналыс өткізіліп, қауіпсіз сапарларды дұрыс жоспарлау және жол жүру қауіпсіздігінің негізгі ережелері талқыланды. Бұл жиналыс барысында қауіпсіздік белдігін пайдалану, көлік жүргізу кезінде ұялы телефонды пайдалану, шектеулі жылдамдықтан аспау және т.б. осы сияқты өмірлік маңызы бар ережелерді сақтау маңыздылығы айтылды. Презентация материалына қоса бейнеролик түсіріліп, шара барысында көрсетілді.

Көптеген жылдар бойы коммуникацияның ажырамас бөлігі болып келген шара – жыл сайынғы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ форумы. 2022 жылдың желтоқсанында КПО мердігер ұйымдармен [ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері бойынша «Тиімді жұмыс мәдениетін қалыптастырудағы басшының рөлі»](#) тақырыбында кезекті форум өткізді. Форумға КПО мен мердігер ұйымдардың жоғары буын басшылары қатысты. Форумның мақсаты – Қарашығанақ кен орнындағы еңбек қауіпсіздігі мәдениетін арттыру, оның ішінде қауіпсіздік техникасы, көлік жүргізу, психикалық денсаулық және қызметкерлердің экологиялық түйсігіне қатысты мәселелерді бірлесіп талқылау және оларға шешім іздеу. Форум барысында топтық интерактивті сессиялар, топтық тапсырмалар, сауалнамалар мен квесттер өткізілді. Мұндай жаттығулар қалыптасқан мінез-құлық аспектілері мен мәдени сенімдердің себептерін жан-жақты талдауға, сондай-ақ оларды жақсарту және алдын алу шараларын жоспарлауға ықпал етті.

Жұмыс учаскелерінде басшылықтың болуы

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жалпы көрсеткіштерін қадағалау және басшылықтың жергілікті жұмыс алаңындағы қызметкерлермен өзара әрекеттеуін қамтамасыз ету мақсатында КПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша тексерістер өткізеді. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша тексеріс екі деңгейде орындалады: орта буын басшыларының аралап тексеруі және КПО директорларының/басқарушыларының және мердігерлік ұйымдардың қатысуымен жоғары басшылықтың аралап тексеруі.

2022 жылы жоғары басшылық ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жалпы саны 204 тексеріс өткізді (91 тексеріс өткізу жоспарлаған болатын, яғни жоспар 224%-ға асыра орындалды), ал орта буын басшылары 1 013 тексеріс өткізуді жоспарлап, іс жүзінде 924 тексеріс өткізді (жоспар 91,5%-ға орындалды).

Жол қауіпсіздігі GRI 3-3, 403-9

Жол қозғалысының қауіпсіздігі бойынша тұрақты көрсеткіштерді қамтамасыз ету мақсатында КПО ЖҚ жақсарту жөніндегі жыл сайынғы іс-шаралар жоспарларын іске асыруды жалғастыруда. 2022 жылы компания жоспардағы іс-шаралардың 90%-н орындады.

2022 жылы ЖҚ бойынша жеткен негізгі жетістіктер/орындалған іс-шаралар:

- ▶ 2022 жылдың аяғында ЖКО жиілігі 0,00 (қатарынан үшінші жыл) құрады;
- ▶ ISO 39001: Жол қозғалысының қауіпсіздігін басқару жүйесі – сәтті сертификаттаудан өтті (ешбір сәйкессіздік табылған жоқ);
- ▶ КПО және мердігер ұйымдарда жұмыс істейтін 286-дан астам жүргізушінің құзыреттігі (жүргізу дағдыларын) бағаланды. Олардың арасында кездейсоқ таңдалғандары да болды, сонымен қатар қауіп-қатерді талдау нәтижелері негізінде, мысалы, КБЖ-ден шығатын RAG есептерді, көлік құралының түрі, тасымалдайтын жүк түрі, жүріп өткен қашықтығы негізінде таңдалғандары да болды;
- ▶ ЖҚ бойынша көрсеткіштері ең төмен 13 мердігер ұйымдардағы ЖҚҚ қамтамасыз етудің тиімділігі тексерілді;
- ▶ КПО мен мердігерлер жүргізушілері үшін қыста көлік жүргізуге байланысты қауіптерге, соның ішінде жолда жануарлармен соқтығысу қаупіне қатысты кезектен тыс жиналыс өткізілді;
- ▶ КПО-ның апаттық әрекет ету және денсаулық сақтау бөлімдерінің қатысуымен апатты ЖКО бойынша оқу-жаттығу жұмыстары ұйымдастырылды;
- ▶ КПО мен мердігер ұйымдардың көлік құралдарын тексеру процедурасы жаңартылды;
- ▶ Негізгі маршруттарға қатысты КПО жолдағы қауіп-қатерлерді бағалау құжаты жаңартылды (жаңа қауіптер, қауіп-қатерлер, бақылау шаралары, жаңа формат) және КПО Интранетіне жүктелді.

Сондай-ақ, мемлекеттік органдармен және халықпен өзара іс-қимыл шеңберінде КПО ЖҚ жақсарту мақсатында 2022 жылы келесі іс-шараларды өткізді/қатысты:

- ▶ Бөрлі ауданының әкімдігімен, жол полициясымен және жергілікті фермерлермен қараусыз жүрген бұратана үй жануарлары мәселесі бойынша кездесу өткізілді. Нәтижесінде осы мәселені шешу үшін жоғарыда аталған өкілдер қосылған WhatsApp тобы құрылды. Сондай-ақ, қараусыз кезіп кеткен жануарларды кен орны аумағынан айдап әкету мақсатында аумаққа кіретін фермерлерге арнап көлікті қауіпсіз жүргізу, күкіртсутектен қорғау бойынша курстар ұйымдастырылды, оларға тыныс алу органдарын қорғау құралдары берілді және олардың көліктері тексеруден өтті.
- ▶ Үй жануарларымен байланысты ЖКО болдырмау мақсатында егістікке апаратын жалпы пайдаланудағы жолдарға 10 үй жануарларының манекені орнатылды;
- ▶ Әкімдікке 15 баланың манекені табысталып, олар Ақсай қаласындағы орта білім беретін мектептердің жанындағы жаяу жүргіншілер өткелдерінде орнатылды;
- ▶ 1 маусымда Халықаралық балаларды қорғау күнінде Ақсай қаласының балаларына арнап жолдағы қауіпсіздік бойынша хабардарлықты арттыру бойынша шара ұйымдастырылды, түрлі сайыстар мен естелік сыйлықтар табысталды;
- ▶ Жаңа оқу жылының басында Бөрлі ауданының орта білім беретін мектептерінің 1-сынып оқушыларына жарық шағылыстыратын жолақтары бар және ЖҚ бойынша негізгі ережелер жазылған ауыстыратын аяқ киім салуға арналған сөмкелер берілді;
- ▶ «Ақсай» радиосында келесі тақырыптарға арналған ЖҚ бойынша жаңа аудиороликтер эфирге шықты: «жолдағы жануарлар» және «жүргізушінің көзінен таса қалатын аймақтар»;
- ▶ Ақсай қаласында ЖҚҚ тақырыбындағы баннерлер жаңартылды.

Халықаралық балаларды қорғау күнін тойлау



Бұл біз үшін неге маңызды?

GRI 3-3

КПО Денсаулық сақтау бөлімі қызметкерлердің денсаулығын сақтау және оны күту жолында қызмет етеді. Алдын алу шараларын қолдану, медициналық қызметке уақтылы қол жеткізуді қамтамасыз ету және сол арқылы қызметкерлердің денсаулық жағдайын жақсарту олардың өз еңбек міндеттерін тиімдірек орындауына ықпал етеді.

КПО-да біржақты көзқарастың не кемсідуді болдырмауға бағытталған «Жұмысқа жарамдылықты анықтау қағидалары» атты ашық процедура бар. Жауапты жұмыс беруші ретінде КПО өз қызметкерлерінің денсаулық тұрғысынан жұмысқа жарамдылығына қатысты заң талаптарын сақтауға көп көңіл бөледі. Жұмысқа орналасу алдындағы медициналық тексеруді қызметкерлердің денсаулығын қадағалаудың негізгі деңгей ретінде пайдалана отырып, біз қызметкерлеріміздің жұмысты жалғастыру мүмкіндігіне ғана емес, сонымен қатар олардың жалпы денсаулығына өндірістік факторлардың әсерін де бағалап, олардың денсаулығын бақылап отырамыз.

Мұндағы мақсат – өндірістік факторлардың қандай да бір теріс әсерін болдырмау және азайту. Бұған қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау және қолдау, жұмыс орындарын қызметкердің қажеттілігіне қарай жайластыру немесе оларды басқа жұмысқа ауыстыру және ең соңында қажетті мамандарға жіберу арқылы қол жеткізіледі.



Іскерлік қағида: ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

Біз жұмыс көрсеткіштерді үздіксіз арттыруға қол жеткізу үшін еңбекті қорғауды, қауіпсіздік техниканы, қауіпсіздік қызметті басқарудың жүйелі тәсілін қолданамыз.

GRI 2-23



Денсаулық сақтау бөлімінің 2022 жылы атқарған жұмысы



40

қызметкердің **ACLS** және **ITLS** сертификаттары бар



464

қызметкерлерге көмек бағдарламасы аясында өткізілген сессиялар саны

ӨТКІЗІЛГЕН ШАРАЛАР:



148

мың ауысым алдындағы медициналық тексерулер саны



8

мердігерлердің медициналық кабинеттеріне жүргізілген аудиттер саны



30

мың Қондырғылар мен объектілерде еңбекті қорғау және гигиена сақтау талаптарының сақталуын анықтау мақсатында жүргізілген өлшеулер саны



36

мердігерлердің тамақтандыру объектілерін жүргізілген тексерістер саны

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

Қауіп-қатерді азайту және өндірістік факторлардың қызметкерлердің кәсіби денсаулығына әсерін азайту үшін қойылған міндеттердің нәтижелері төменде келтірілген.

15-кесте. Денсаулық сақтау саласындағы міндеттер GRI 3-3, 414-2, ТДМ 3.4, 3.5, 3.8, 3.9, 8.8

2022 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2022 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2023 жылға қойылған міндеттер
<ul style="list-style-type: none"> Пандемияға байланысты шектеулер жеңілдетілгеннен кейін Стресске төзімділік бағдарламасын жалғастыру. Психикалық денсаулық бағдарламасын жалғастыру. 	Орындалды	<ul style="list-style-type: none"> Өткен жылдарда жинаған тәжірибені ескере отырып, бағдарлама модульдерінің оқуға, қатысушыларға үлестіруге арналған материалдары қайта қаралды. Компания қызметкерлерінің арасынан ерікті болатын адамдар шақырылып, одан кейін оларға фасилитатор болу үшін қажетті дағдылар үйретілді. Қызметкерлерді психологиялық қолдау бағдарламасы жалғасуда. Бетпе-бет, онлайн және телефон арқылы кеңес беруден басқа, шұғыл қоңырауларды қабылдайтын жедел желі жұмыс істейді. 	<ul style="list-style-type: none"> Стресске төзімділік бағдарламасын іске асыру үшін фасилитаторларды оқыту. Компания персоналы арасында стресске төзімділік бағдарламасын бастау. Психологияға қатысты әртүрлі сұрақтар бойынша вебинарлар мен топтық сабақтарға деген ұжымның қызығушылығын талдау. Талдау нәтижелері бойынша осындай сессиялардың жоспарын жасау.
Жобаларды жүзеге асыру директорына және өндірістік қатынастар бөліміне мердігер ұйымдардың жұмыскерлері тұратын объектілерде жасалған жағдайды тексеруге көмектесу.	Орындалды	Жобаларды жүзеге асыру директорымен және өндірістік қатынастар бөлімімен бірлесіп, мердігер ұйымдар қызметкерлері тұратын объектілерде жасалған жағдайға 9 рет тексеру жүргізілді. Бірқатар сәйкессіздіктер анықталды, оларды жою бойынша ұсыныстар жазылды.	Мердігер ұйымдардың жұмыскерлері тұратын объектілерде жасалған жағдайды тексеруді жалғастыру.
КПО-да қажумен байланысты қауіп-қатерлерді бақылау бағдарламасын іске асыруды жалғастыру. 2022 жылы өтетін күрделі жөндеу жұмыстарына ерекше назар аудару.	Орындалды	2022 жылғы күрделі жөндеуге дайындық шаралары кезеңінде КПО персоналы арасында қайта оқыту курстары, сондай-ақ мердігер компаниялардың персоналына арнап қажумен байланысты қауіп-қатерлерді басқару, қажу факторларын өз бетінше бақылау тақырыптары бойынша оқытулар өткізілді.	Қажумен байланысты қауіп-қатерлерді басқару ережелерін жаңарту, оның талаптары тек ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы маңызды лауазымдарға ғана емес, сонымен қатар компанияның барлық қызметкерлеріне және мердігерлерге де қатысты болады.
Кен орнындағы және Орал қаласындағы кеңселерде 10 автоматты сыртқы дефибрилляторларды (АСД) сатып алу және орнату.	Орындалмады	Қаржыландырудың шектеулі болуына байланысты бұл шара орындалған жоқ.	
Легионеллез қаупінің алдын алу бойынша талаптардың орындалуын жалғастыру	Орындалды	Қауіп-қатерді бақылау шаралары орындалды.	Легионеллезге қатысты қауіп-қатерлерді азайту бойынша жоспардың орындалуына аудит жүргізу.
2023 жылға жоспарланған жаңа тапсырмалар			
8 өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттауды өткізу.			
Жүрек-қан тамырлары ауруларының қаупін азайту жөніндегі пилоттық бағдарламаны, соның ішінде қызметкерлерді сауықтыру жөніндегі 2023 жылға арналған жоспарды іске асыру			
Компания қызметкерлеріне іріктеп алкотест өткізу бағдарламасын жетілдіріп, оған КПО өнеркәсіптік объектілеріндегі мердігерлік ұйымдарды да қосу.			
КПО бас мердігерлерінің шұғыл медициналық әрекет ету жүйесіне аудит жүргізу.			

Жедел медициналық көмек көрсету сапасын арттыру **GRI 3-3, 403-3**

Жедел жәрдем және төтенше жағдайлар бөлімі кен орнында және Ақсай қалалық бөлімшелерінде тәулік бойы жедел медициналық көмек көрсетеді. 5 медициналық пункттің дәрігерлері мен фельдшерлері жедел жәрдем шақыртуларына баруға қоса, олар емханада адамдарды қабылдайды, ауысым алдындағы, рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық тексеруді жүргізеді, өнеркәсіптік объектілерде санитарлық-ағарту жұмыстарымен

айналысады, апаттық жағдайларға қарсы әрекет ету процесіне тартылған персоналмен үнемі сабақтар мен оқу-жаттығулар өткізеді.

КПО медициналық тобының барлық 40 мүшесі ауруханаға дейінгі жәрдем беру стандарттарының жоғары деңгейін қамтамасыз ететін әлемде танылған ACLS (Advanced Cardiac Life Support) және ITLS (International Trauma Life Support) курстары бойынша сертификат алды.

16-кесте. Медициналық көмек көрсету көрсеткіштері, 2022 жыл

Медициналық көмек көрсету көрсеткіштері	
Медициналық орталықтардың көмегіне жүгінген емделушілер	2 092
Шұғыл шақырулардың саны	121
Медициналық мекемелерге жеткізілген науқастар саны	105
Практикалық жаттығулар және оқулар	276
Алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша дайындықтан өткен жұмыскерлер саны	330
Ауысым алдындағы медициналық тексеру (жүргізушілер/операторлар/электриктер)	
Тексерулер	148 594
Еңбекке жарамсыз болып қалуға әкелген жағдайлар	191
Іріктеп алкотест өткізу ТДМ 3.5	1 688
Ішінара алкогольдік тексерудің оң нәтижелері	0

Денсаулық сақтау бөлімінің COVID-19 пандемиясына қарсы атқарған қызметі **GRI 403-2, 403-3, 403-6, ТДМ 3.8**

2022 жылғы қаңтарда Қазақстанда пандемияға байланысты болған форс-мажор және төтенше жағдайлар кезінде COVID-19 жұқтырғандар санының өсуі тіркелді. 50-ге жуық қызметкер ауруға шалдықты. Денсаулық сақтау департаментінің қызметкерлері мен КПО бөлімдерінің еріктілерінен тұратын КВИ-ге қарсы медициналық бригада науқас қызметкерлерге, науқаспен байланыста болған адамдарға КВИ ықпалын еңсеруге көмектесіп, түрлі шараларды іске асыруын жалғастырды. Орталық қызметкерлері әр ауруға шалдыққан қызметкер толық сауығып кеткенге дейін қадағалап отырды. Пандемияның қызметкерлерге және өндіріс процесіне әсер етуін алдын алу мақсатында жаппай ауруға шалдығу кезінде COVID-19 таралуын бақылау шаралары қайта қаралды.

2022 жыл ішінде компания қызметкерлерін КВИ-ге қарсы вакцинация/ревакцинациялау бағдарламасы бойынша белсенді жұмыс жүргізілді. Компания қызметкерлерімен және мердігерлермен бірнеше кездесулер ұйымдастырылды, онда вакцинация/ревакцинациялау маңыздылығы туралы ақпарат талқыланды. «Дәрігерден сұра» онлайн сессиялары өткізілді. Компанияның ішкі сайтында КВИ туралы, Қазақстан бойынша және КПО

бойынша вакцинация/ревакцинация қарқыны туралы ақпарат тұрақты негізде жаңартылып тұрды. 2022 жыл бойы Ақсай аудандық ауруханасының базасында КПО вакцинациялау орталығы жұмыс істеп тұрды, онда компания қызметкерлері өздеріне ыңғайлы күні барып, вакцинация/ревакцинациядан өте алды.

Орындалған жұмыстардың нәтижесінде 2022 жылдың 31 желтоқсанында КПО қазақстандық қызметкерлерін вакцинациялау бойынша келесі көрсеткіштерге қол жеткізілді:

- ▶ 1 доза – 3607 (94,3%)
- ▶ 2 доза – 3603 (94,2%)
- ▶ 3 доза – 3292 (91,4%)

2022 жылғы кен орны объектілеріндегі күрделі жөндеу жұмыстары КВИ-мен байланысты эпидемиологиялық жағдай кезінде өтті. Жоспарлау және күрделі жөндеу бөлімі мен денсаулық сақтау бөлімінің бірлескен әрекетінің арқасында КПО компаниясы, күрделі жөндеуге тартылған мердігерлер пандемияның келесі толқыны болуы мүмкін болса да, жұмыстың барлық көлемін орындауға дайын болды.

КПО-ның тұрақты даму туралы есебі 2022

Ақсай қаласындағы аурухананың жедел медициналық көмек көрсету қызметінің сапасын жақсарту жөніндегі әлеуметтік жоба **GRI 3-3, 203-1, ТМД 3.8, 9.1, 9.4**

2020 жылдың қаңтар айынан бері жалғасып келе жатқан жоба халықаралық стандарттарды енгізу арқылы 5 жыл ішінде ауруханадағы жедел медициналық көмек көрсету жүйесін жетілдіруге бағытталған. Жоба қарқыны туралы соңғы есеп аурухананың негізгі тиімділік көрсеткіштерінің жақсарғанын көрсетеді (мысалы, хирургиялық, қарқынды терапия бөлімшелері және жалпы өлім-жітім көрсеткіштері). Шетелдік мамандар үздіксіз медициналық білім беру бағдарламасын сәтті жүзеге

асыруда, бұл жобаның табысты болуы және енгізіліп жатқан өзгерістердің тұрақтылығы үшін өте маңызды.

2022 жылдың желтоқсанында КПО ауруханамен бірлесіп жобаның нәтижелерін тексеру және ірі апат болған жағдайда шұғыл көмек көрсету кезінде өзара әрекеттесуді пысықтау мақсатында жаттығулар өткізілді. Оқу-жаттығу нәтижесінде, аурухана қызметкерлері медициналық сұрыптауды дұрыс жүргізуге, емдеу жоспарын құруға және медициналық көмекті сауатты көрсетуге қабілетті екенін көрсетті.

Қызметкерлердің ауруға шалдығуын бақылау **GRI 403-3, GRI 403-6, ТДМ 3.5, 3.8**

Медициналық сақтандыру

КПО қызметкерлері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасында кепілдендірілген тегін медициналық көмек пен міндетті медициналық сақтандыру шеңберінде көрсетілетін медициналық қызметтерді толықтыратын медициналық сақтандырумен қамтамасыз етілген.

2022 жылы 75 452 м³ көлеміндегі тазартылған ағынды су КПО-ның техникалық қажеттіліктеріне қайта пайдаланды. 2021 жылмен салыстырғанда қайта пайдалану екі есе өсті, негізгі көлемі ҚМГКК өндірістік объектілерінің техникалық қажеттіліктеріне пайдаланылды. 39-кестеде тазартылған сарқынды сулар мен суларды пайдаланумен қатысты жұмыс түрлері келтірілген.

39-кесте. 2020–2022 жылдарда тазартылған ағынды сулар мен жер асты суларын қайта пайдалану, м³

	2022	2021	2020
Жалпы қайта пайдалану, соның ішінде:	75 452	35 061	18 313
ҚМГКК өндірістік объектілерінің техникалық қажеттіліктері	42 161	3 362	0
Бұрғылау қажеттіліктері мен бұрғылау ерітіндісін дайындауға	18 509	5 317	3 482
Суару, гидросынау және өрт резервуарларын толтыруға	10 376	8465	335
Шаң басуға	4 406	17 917	14 496

Ескерту: қайта пайдаланылған су көлемін есепке алу бақылау талонын толтыра отырып, жанама әдіспен м³ (мотосағат, автоцистерна көлемі, рейстер саны, сорғылардың өнімділігі және т.б.) анықталады және деректер есепке алу журналына енгізіледі.



Экоцентр қызметкері

Өндірістік ағын суларды басқару **GRI 303-2, ТДМ 3.9, 6.3**

Қарашығанақ кен орнындағы қойнауқаттық суларды және өндірістік ағын суларды кәдеге жарату – Компанияның маңызды міндеттерінің бірі.

КПО-ның өндірістік ағындарды басқару стратегиясы жер асты суларын пайдалану тұрғысынан өндірістік шектеулерді алып тастауға, сондай-ақ қызметкерлердің қауіпсіздігін, жабдықтың тұтастығын және экологиялық талаптарды сақтауға бағытталған бірқатар өзара байланысты жобаларды жүзеге асыру болып табылады.

2022 жылы жобалық көрсеткіштерді түзету бөлігінде өндірістік ағындарды айдаудың қолданыстағы жобасына № 3 қосымша әзірленген болатын. Ықтимал әсерлер туралы есеп жасалды, олар өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің департаментімен келісіліп, ҚР ЭГТРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің оң қорытындысына ие болды. Аталмыш жұмыстарға жер қойнауын сараптау жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысында сыналған геологиялық есеп негіз болды. Қабатқа кері айдау жобасын түзету ӨБТК мерзімінің соңына дейін коллектор қабаттардың болжамды өндірістік су көлемін қабылдау мүмкіндігін дәлелдеу мақсатында өнеркәсіптік ағындарды жер астында көмудің № 2 полигоны учаскесінің триас сулы кешенінің III және II резервуарларының геологиялық-гидрогеологиялық жағдайларын толық зерделеуге бағытталған бұрын жүргізілген геологиялық барлау және зерттеу жұмыстары кешенінің соңғы кезеңі болып табылады.

Қабатқа кері айдау жобасын № 3 қосымшада 2023 жылдан бастап полигонды пайдалану мерзімінің соңына дейін (2037 ж.) жылына 1 100 мың м³ дейін өнеркәсіптік ағынды суларды айдау көлемін арттыру, сондай-ақ айдаудың нысаналы және перспективалық интервалдарын қосымша перфорациялау және ГҚРО жүргізу арқылы айдау ұңғымалары қорының әлеуетін ұлғайту бойынша техникалық іс-шаралар жүргізу көрсетілген.

40-кесте. 2022 жылы басталған өндірістік ағынды суларды басқару жобалары **GRI 303-2**

Жоба	Бизнес-фактор	Ескерту
Пайдаланылған каустикті бейтараптандыру блогын жаңарту	Өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету	Жобаны іске асыру сілтіні залалсыздандыру процесін жақсартуға мүмкіндік береді. Процесті автоматтандыру қауіпті реагенттердің персоналға әсер ету қаупін төмендетеді.
Құмды және қорғаныс сүзгілерін жаңғырту	Өндіру деңгейін қолдау	Құмды және қорғаныс сүзгілерін жаңғырту ҚӨК-тің суды тазарту қуатын тәулігіне 115м ³ дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл жұмыстарды төмендегідей реттілікпен жүзеге асыру жоспарланған:

- ▶ 2023 жылы II қабаттағы перфорация аралықтарын ұлғайту мақсатында РП-6 ұңғымасында күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда;
- ▶ 2024 жылы II қабаттағы перфорация аралықтарын ұлғайту мақсатында РП-7 ұңғымасында күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда;

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес 2024 жылы Компания мемлекеттік бақылаушы органдарға кейіннен есеп дайындай отырып, жобалық шешімдерге жобадан кейінгі талдау жүргізуді жоспарлап отыр.

2021 жылы екі жоспарланған жоба аяқталды: өнеркәсіптік ағындарды тиімдірек жою үшін екінші сіңіргіш ұңғыманы күрделі жөндеу және каустик содамен өңдеу процесін автоматтандыру үшін модификацияланған газолинді меркаптаннан тазарту қондырғысын іске қосу.

2022 жылы пайдаланылған каустикті бейтараптандыру блогын жаңғырту жөніндегі жұмыстар жалғасын тапты, оны 2024 жылы іске қосу жоспарланып отыр.

Сондай-ақ, 2022 жылы ЖЖЖ кезінде өнеркәсіптік ағындарды мұнайдан тазарту үшін қажетті газарындық флотациялық қондырғы мен көлбеу пластиналы сепаратордың ыдыстарын ауыстыру жұмыстары аяқталды. Бұл ыдыстарды ауыстыру нысанның тұтастығын және жоғары өткізу қабілетін сақтауды қамтамасыз етеді, нәтижесінде мұнайды судан бөлу сапасы артады, бұл терең қабаттарға айдау алдында ағынды суларды дайындаудың бүкіл жүйесінің жұмысына оң әсерін тигізеді.

2-полигонға айдалатын су көлемін ұлғайту жоспарын қолдау мақсатында қазіргі таңда құмды және қорғаныш сүзгілерін жаңғырту жобасы жалғасуда, аталмыш жобаның 2024 жылы іске асырылуы болжанып отыр.

Қауіпті өндірістік қалдықтар, сондай-ақ оларды жинау және орналастыру орындары қауіпсіз айналыста болмаған кезде қоршаған ортаға қауіп төндіреді және атмосфералық ауаны, жер асты және жер үсті суларын, топырақ пен өсімдіктерді ластаудың ықтимал көзі бола тұра қоршаған орта мен адам денсаулығының нашарлауына әкеп соғуы мүмкін.

КПО компаниясы қоршаған ортаға теріс әсер етудің алдын алу бойынша кешенді жұмыс жүргізеді, яғни қалдықтарды жинаудың жабдықталған орындарында ғана көмуді және жинақтауды жүргізіп, қалдықтарды нормативтен тыс көмуге және жинақтауға жол бермеуді, сондай-ақ қалдықтарды жинақтау орындарынан уақтылы шығаруды қадағалайды.

ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ ТДМ 3.9, 6.3, 11.6, 12.4, 12.5

КПО компаниясындағы қалдықтарды басқару әрекеті компанияның өндірістік қызметі нәтижесінде түзілетін қалдықтардың адамдар мен қоршаған ортаға нақты және ықтимал қауіпін азайтуға бағытталған.

Біз объектілеріміздегі қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату, полигондарға шығарылатын қалдықтар көлемін және көмілген қалдықтардың кері әсерін азайту, сондай-ақ жаңа әдістер мен технологияларды зерттеу және қолдану мақсаттарын көздейміз.

Мониторингтің жұмыс бағдарламасына сәйкес, КПО тұрақты негізде кен орны аумағында қалдықтарды көму және жинақтау объектілерінде қоршаған орта-

ның жай-күйіне өндірістік экологиялық бақылау (ӨЭБ) жүргізеді. 2022 жылы жүргізілген бақылау нәтижесінде қоршаған орта компоненттеріне тікелей теріс әсер байқалмады. ӨЭБ шеңберінде орналастыру көлемдерін, сондай-ақ қалдықтардың жинақталу көлемі мен уақытын есепке алу мақсатында қалдықтардың қозғалысына сандық бақылау жүзеге асырылады. **GRI 306-1**

Компания қалдықтарының қоршаған ортаға өндірістік әсер ету қауіпін барынша азайтуға бағытталған жұмысымыздың нәтижелері төмендегі кестеде және мәтінде берілген.



41-кесте. Қалдықтарды басқару саласындағы міндеттер **GRI 3-3**

2022 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2022 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2023 жылға қойылған міндеттер
ҚМГКК үшін қалдықтарды басқару бағдарламасына, сондай-ақ Үлкен Шаған МАС және Атырау МАС қалдықтарын басқару бағдарламаларына сәйкес 2022 жылға жоспарланған іс-шаралардың орындалуын жүзеге асыру.	Орындалды	Жыл ішінде қалдықтарды басқару бағдарламасы бойынша 2022 жылға жоспарланған барлық іс-шаралар орындалды	ҚМГКК үшін қалдықтарды басқару бағдарламасына, сондай-ақ Үлкен Шаған МАС және Атырау МАС қалдықтарын басқару бағдарламаларына сәйкес 2023 жылға жоспарланған іс-шаралардың орындалуын жүзеге асыру.

КПО шикізатты өндіру, дайындау және тасымалдау процестері, сондай-ақ арнайы жабдықтарды, материалдарды және осыған қажетті басқа да ресурстарды пайдалану қалдықтардың пайда болуымен байланысты.

КПО-да түзілген қалдықтардың көлемін азайту, қалдықтарды жинау, оларды жинау және тасымалдау кезінде экологиялық қауіпсіздік ережелерін сақтау, қалдықтардың қауіпті қасиеттері мен көлемін сұрыптау, қайта пайдалану, қайта өңдеу және азайту, оларды ҚО үшін қауіпсіз көму жөніндегі шаралар адамдарға және қоршаған ортаға теріс әсерді едәуір төмендетуге ықпал етеді. **GRI 3-3, 306-1**

КПО-ның 2022 жылға арналған қалдықтарды басқару бағдарламасында жинақталған және түзілетін қалдықтардың көлемі мен қауіпті қасиеттерінің деңгейін біртіндеп төмендету көрсеткіштері мен шаралары көзделген. Компанияда қалдықтарды өңдеудің келесі әдістері қолданылады, атап айтқанда:

- ▶ қалдықтарды өндірістік үдеріске қайта жіберу;
- ▶ қалдықтарды Эко орталық қондырғыларында қайта өңдеу;
- ▶ қалдықтарды Эко орталық объектілерінде көму;
- ▶ қалдықтарды кейіннен қайта өңдеу, қайта пайдалану немесе жою мақсатында мамандандырылған мердігер ұйымдарға тапсыру. **OG7**

2022 жылы КПО объектілерінде түзілген қалдықтардың жалпы мөлшері 37 243 тоннаны құрады. 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы КПО қалдықтарының саны 17 583 тоннаға ұлғайды, бұл негізінен ұңғымалық операциялардың ұлғаюымен, ҚМГКК негізгі объектілерінде күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізумен, жаңа объектілер салумен, сондай-ақ ҚМГКК аумағында мердігер ұйымдардың жұмыстарды орындауынан пайда болатын қалдықтарды қосумен байланысты. 25-сызбада КПО қалдықтарының барлық түрлері көрсетілген.

Біріңғай республикалық қалдықтар бойынша есеп берудің ақпараттық жүйелер формасына сәйкес 2022 жылғы түзілген қалдықтардың жалпы көлеміне түзілген қалдықтар, сондай-ақ қайта өңделген қалдықтар да жатады.

25-сызба. 2019–2022 жылдары КПО нысандарындағы түзілген қалдықтар мөлшерінің динамикасы, тоннамен **GRI 306-3**



Ескерту: Өндірістік қалдықтармен салыстырғанда елеусіз көлемде (6% – дан аз) болғандықтан, коммуналдық қалдықтар осы есепте ескерілмеген. Коммуналдық қалдықтар төменде қалдықтарды басқару әдістері туралы кестеде берілген.

Қалдықтарды қайта өңдеу және көму **GRI 306-2, 306-4, 306-5**

Компанияның өндірістік және тұтыну қалдықтарын қайта өңдеу қалдықтарды кәдеге жарату кешені мен Экоорталық объектілерінде жүргізіледі. Бұл объект қатты және сұйық қалдықтарды тиімді және экологиялық тұрғыдан қауіпсіз кәдеге жарату мен қажетсізді қамтамасыз етіп, Батыс Қазақстан аймағындағы бұрғылау қалдықтарын басқаруда озық тәжірибе үлгісі болып есептеледі.

Бұрғылау қалдықтары тек көлемді азайтуға және олардың қауіптілігін азайтуға ғана емес, сонымен қатар қалдықтардан құнды компоненттерді шығаруға, сондай-ақ оларды қайта пайдалану үшін өңдеуге мүмкіндік беретін технологияларды қолдана отырып қайта өңделеді.

Компания қолданатын қалдықтарды өндіріс процесіне қайтару тәжірибесі – түзілген қалдықтарды қайта пайдаланудың оңтайлы әдісі.

КПО Экоорталығында қалдықтарды өңдейтін бес қондырғы және оларды қауіпсіз көму полигоны бар.

2022 жыл ішінде жоспарланған барлық шаралар, соның ішінде қалдықтарды бөлек жинау, сұрыптау, қайта пайдалану, өңдеу, олардың көлемін және қауіпті қасиетін азайту жұмыстары КПО қалдықтарды басқару бағдарламасына (ҚББ) сай орындалды. 2022 жылы Экоорталықта келесі шаралар жүзеге асырылды:



КПО Экоорталығы

42-кесте. 2022 жылғы Экоорталық қондырғылары мен қалдықтарды қайта өңдеу іс-шаралары.

Экоорталық қондырғылары	2022 жылғы қалдықтарды қайта өңдеу іс-шаралары.
Бұрғылау қалдықтарын термомеханикалық тазалау қондырғысы (БҚТТҚ)	Мұнай негізіндегі қайта өңделген бұрғылау қалдықтарынан базалық май мен суды бөлу технологиясының арқасында 2022 жылы көмілген КПО қалдықтарының көлемі 17%-ға азайды. 2022 жылы 9 008 тонна қалдық өңделіп, 1 506 тонна базалық май мен су бөлініп алынды және термомеханикалық өңдеуден өткен 7 502 тонна қалдық қатты қалдықтарды көму полигонында жинақталды.
Жалпы мақсаттағы пеш (ЖМП)	Қалдықтарды жалпы мақсаттағы пеште жағу нәтижесінде КПО-ның қалдықтарды орналастыру көлемі 89%-ке қысқарды. 2022 жылы 600 тонна қалдық жағуға жіберіліп, кейін 69 тонна күл Экоорталықтың өнеркәсіптік қатты қалдықтарды көму полигонында орналастырылды.
Сұйық қалдықтарды тазарту қондырғысы (СҚТҚ)	2022 жылы 8 674 тонна сұйық қалдықтар өңделді. Өңделгеннен кейін қайта пайдалану үшін, яғни тұздықтар мен бұрғылау ерітінділерін дайындау үшін 5 153 тонна тұздықтар мен ерітінділер тазартылды.
Қалдықтарды сұрыптау қондырғысы (ҚСҚ)	2022 жылы 834 тонна сұрыпталған қатты тұрмыстық қалдықтың 600 тоннасы жалпы мақсаттағы пеште жағуға жіберілсе, қалдықтардың 123 тоннасы, оның ішінде макулатура, метал сынықтары, әйнек пен пластик мамандандырылған ұйымдарға қайта өңдеу және қайта пайдалану мақсатында жіберілу үшін сұрыпталды. Қатты тұрмыстық қалдықтың 111 тоннасы қатты тұрмыстық қалдықтарды көму полигондарында көму үшін мамандандырылған ұйымдарға берілді. 252 тонна тамақ қалдықтары мамандандырылған ұйымға шіріту әдісімен қайта өңделуге берілді.
Қатты өнеркәсіптік қалдықтарды көму полигоны	2022 жылдың аяғында қатты өнеркәсіптік қалдықтарды көму полигонында 16 ұяшық жабылды.

2022 жылы Компания ескі қатты қалдықтарды сақтау алаңында жиналған қалдықтар мен пайдаланылған бұрғылау сұйықтарын сақтау алаңынан қалдықтарды алып, бұрғылаудың сүзілген қалдығын термомеханикалық өңдеу қондырғысы мен айналмалы пеште өңдеп, кейін қатты өнеркәсіптік қалдықтарды көму полигонында орналастыру жұмыстарын жалғастырды. Қалдықтарды полигонда көму ҚР экологиялық заңнамасы талаптарына сәйкес жүргізіледі.

2022 жылы қатты қалдықтар мен пайдаланылған бұрғылау сұйықтықтарын сақтау алаңынан қайта өңдеуге 5 318 тонна қалдық жіберілген (2021 жылы 4 308 тонна). Қайта өңдеу көлемінің ұлғаюы айналмалы пештің жөндеуден кейін іске қосылғанына байланысты. 2023 жылы ескі алаңдағы қалдықтарды одан әрі қайта өңдеу жоспарланған. **GRI 306-4**

43-кестеде 2022 жылғы КПО-ның қалдықтарды өңдеу тәсілдері көрсетілген.

43-кесте. 2022 жылғы КПО-ның қалдықтарды өңдеу тәсілдері, тонна **GRI 306-3, 306-5**

№	Қалдықтармен жұмыс істеу әдістері	Қауіпті түзілген қалдықтар	Қауіпсіз түзілген қалдықтар	Коммуналдық қалдықтар	БАРЛЫҒЫ
1	Кәсіпорында 2022 жыл басында болған көлем	337 711	530	1	338 242
2	Есептік жыл ішінде түзілген	32 035	3 973	1 235	37 243
3	Кәсіпорында қайта пайдаланылған	5 843	0	0	5 843
4	Кәсіпорын қондырғыларында қайта өңделген	23 354	226	722	24 302
5	Энергия алмай жалпы мақсаттағы пеште жағу	0,5	0	600	600,5
6	Қатты өнеркәсіптік қалдықтар көму полигонына орналастырылды	14 424	0	0	14 424
7	Экоорталықтың № 35 А/Б ұяшықтарында сұйық бұрғылау қалдықтарын уақытша сақтау	3 718	0	0	3 718
8	Мамандандырылған мердігерлік ұйымдарға берілген	1 468	3 747	624	5 839
9	Кәсіпорында 2022 жыл аяғындағы мөлшері	350 262	8	4	350 274

Ескерту: қалдықтардың тоннамен саны Экоорталықтың таразында оларды қайта өңдеуге, сұрыптауға, жоюға, көмуге және басқа да операцияларға аяқталу алдында қалдықтардың әрбір партиясын өлшеу жолымен айқындалады. Қалдықтардың мөлшері жөніндегі деректер жүк ілеспе құжаттарына (бақылау талондары, қабылдау-тапсыру актісі) енгізіледі және кейін Компанияның қалдықтарды есепке алу дерекқорына енгізіледі.

Компания қалдықтарының басым бөлігі ұңғымаларды бұрғылаудан және жөндеуден түзіледі. Бұл ретте, қолданылатын бұрғылау ерітіндісі түріне байланысты су немесе мұнай негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің бұрғылау шламы түзіледі. 2022 жылы түзілген қатты және сұйық бұрғылау қалдықтарының көлемі 17 552 тоннаны құрады (қайта өңдеуге дейінгі бастапқы түзілген қалдықтар көлемінің 68%). Ұңғымалық операциялардың ұлғаюына байланысты бұрғылау қалдықтарының көлемі айтарлықтай өсті.

44-кесте. 2020–2022 жылдары қолдану әдісіне қарай ұңғымалық операциялардан шыққан қалдықтар **OG7**

№	Қалдық түрі	Түзілген қалдықтар, тонна			Өңдеу тәсілі
		2022 ж.	2021 ж.	2020 ж.	
1	Пайдаланылған су негізіндегі бұрғылау ерітінділері	1 154	382	4 125	Сұйық қалдықтарды тазарту қондырғысында (СҚТҚ) қайта өңдеу
		3 467	383	1 020	Экоорталықтың № 35 А/Б ұяшықтарында сұйық бұрғылау қалдықтарын уақытша сақтау
2	Су негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің бұрғылау қалдықтары	2 716	987	533	Көму
		0	0	0	Айналмалы пеште термиялық өңдеу
3	Пайдаланылған мұнай негізді бұрғылау ерітіндісі	1 257	432	818	Қалдықтарды термомеханикалық тазалау қондырғысында (ТТҚ) және сұйық қалдықтарды тазарту қондырғысында (СҚТҚ) қайта өңдеу, айналмалы пеште термиялық өңдеу
4	Мұнай негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің бұрғылау қалдықтары	5 760	2 776	5 316	Мұнай негізі мен суды алумен және қатты бөлігін кейінгі көмумен ТТҚ-да қайта өңдеу, айналмалы пеште термиялық өңдеу
5	Пайдаланылған тұздықтар	3022	1 438	1 932	ТТҚ және СҚТҚ қайта өңдеу, айналмалы пеште термиялық өңдеу
		155	189	296	Экоорталықтың № 35 А/Б ұяшықтарында сұйық бұрғылау қалдықтарын уақытша сақтау
6	Мұнайлы қалдықтар	21	60	11	Айналмалы пеште термиялық өңдеу, СҚТҚ-да қайта өңдеу

Келісімшарттар талаптарының шеңберінде Компания қалдықтардың бір бөлігін кәдеге жаратуға мамандандырылған мердігерлік ұйымдарға береді. Олар КПО-дан қабылданған қалдықтарды әрі қарай өңдеу әдістерін өздері анықтап, тоқсан сайын қалдықтарды орналастыру бойынша үшінші тараптарға есеп береді. Қалдық түріне байланысты мамандандырылған ұйымдар қалдықтарды кейін тұтыну тауарларын дайындауға қайта өңдеуге, сондай-ақ сынаптан арылту, регенерация, термиялық өңдеу, өртеу, физикалық және химиялық өңдеу, және құрамдас бөліктерге бөлшектеп, мүдделі кәсіпорындарға қайталама шикізат ретінде пайдалануға жібереді.

Полигонда пластмасса, пластик, полиэтилен қалдықтарын және полиэтилентерефталатты қаптаманы, макулатураны, картонды, қағаз қалдықтарын, әйнек сынықтарын көмуге тыйым салатын ҚР Экологиялық кодексінің 351-бабының негізінде мердігер ұйымының қатысуымен Компания офис ретінде пайдаланатын ғимараттарда аталмыш қалдықтарды сұрыптауды және бөліп жинауды ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді. Кейін бұл қалдықтар қайталама шикізат ретінде пайдалану үшін мамандандырылған кәсіпорындарға жіберіледі.

GRI 306-4

44-кестеде бұрғылау қалдықтарының негізгі түрлері мен оларды өңдеу әдістері бөлініп көрсетілген. Кестеге сәйкес, Экоорталықтың 35 А/Б ұяшықтарында тек су негізіндегі ерітінділер мен тұздықтар көміледі, ал бұрғылаудың су негізіндегі қалдықтары – полигонда орналастырылады. Мұнай негізіндегі бұрғылау қалдықтары алдын ала өңделіп, құрамынан мұнай негізі алынып тасталғаннан кейін көмуге жіберіледі. **GRI 306-5**

2011 жылдан бастап 2022 жылдың аяғына дейін 831 тонна макулатура жиналып, тұтыну тауарларын дайындау үшін жергілікті кәсіпорындарға берілді.

Компанияның барлық кеңселерінде пайдаланылған батарейлерді бөліп жинау ұйымдастырылған. 2022 жылы 110 кг батарейлер жиналған. **GRI 306-4**

Тамақ қалдықтарын қайта өңдеу

GRI 306-4-c-ii

ҚР Экологиялық кодексі талаптарына сәйкес келу үшін КПО 2021–2022 жылдары Қарашығанақ кен орнындағы тамақтану объектілерінде түзілетін тамақ қалдықтарын тиімді әдіске бағыттады. Тамақ қалдықтарын биокомпосттау бойынша келісімшарт жасалды. 2022 жылы Компания Қарашығанақ кен орнының тамақтану объектілерінен қалған тамақ қалдықтарын өңдейтін кәсіпорынға 252 тонна тамақ қалдықтарын қайта өңдеу үшін тапсырды. Алынған биокомпост жердің құнарлығын қалыптастыру мақсатында органикалық қоспа ретінде ауыл және орман шаруашылығында пайдаланылады.

Халықаралық мұнай және газ өндіруші компания бола тұра, КПО өзінің өндірістік қызметін биотүрлілікке неғұрлым аз әсер ете отырып жүргізуге көп күш жұмсайды.

2012 жылдан бастап КПО биотүрлілік жағдайды бақылап, өзінің өндірісдік қызметінен болатын ықтимал қауіп-қатер деңгейін айқындайды. Батыс Қазақстан аймағының қоршаған орта жағдайына кәсіпорынның кері әсер ету белгілері анықталған жағдайда, экожүйені сақтау жөніндегі шараларды уақытылы жоспарлау үшін мониторинг жүргізу қажет.

Биотүрлілікті сақтау бойынша шаралар жоспары аясында КПО ҚМГКК аумағы биотүрлілік жағдайына әсер ететін төрт негізгі факторға бағалау жүргізеді:

- ▶ Ластаушы заттардың шығарындылары;
- ▶ Физикалық әсер (шу, жарық, діріл);
- ▶ ҚМГКК аумағында мал жайғау;
- ▶ Механикалық әсер (құрылыс, карьер, жолдар және т.б.).

БИОТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУ ТДМ 15.1, 15.5, 15.9



45-кесте. Биотүрлілікті сақтау саласындағы міндеттер GRI 3-3

2022 жылға қойылған міндеттеріміз	Орындалуы	2022 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2023 жылға қойылған міндеттер
Негізгі және сирек кездесетін түрлерді қоса алғанда, өсімдік жамылғысына мониторинг жүргізу	Орындалды	Өсімдіктерді бақылаудағы далалық зерттеулер 2022 жылдың 17-26 мамыр, 21-31 тамыз аралықтарында жүргізілді.	Қашықтан зондылау жерсеріктік деректер негізінде ҚМГКК мен оған іргелес аумақтардың экожүйесінің өзгеру динамикасына талдау өткізу. 2024–2025 жж. арналған БСШЖ жасау.
«Қарашығанақ-Атырау» тасымалдау жүйесіне БСШЖ әзірлеу.	Жаңа міндет	ҚАТЖ экспорт құбыр желісі трассасының бойында 2023–2030 жж. арналған БСШЖ кәсіпорынның барлық бөлімшелерінің өңірдің биотүрлілігіне әсерін бағалауды кеңейту мақсатында әзірленді.	ҚАТЖ трассасы бойындағы жануарлар мен өсімдіктерді зерттеуді бастау.

Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орны (ҚМГКК) 280 км² аса жер көлемін алып жатыр. КПО біртұтас аумақты басқа табиғат пайдаланушылармен бөліседі, бұл ретте КПО өз қызметін тек өнеркәсіптік объектілердің, құбырлардың және кен орнының жолдарының астындағы алаңда ғана жүзеге асырады.

КПО өндірістік объектілерден бөлек ҚМГКК-де «Конденсат» АҚ сияқты шикізатты қайта өңдейтін немесе кенорындарда және инфрақұрылым объектілеріне қызмет көрсететін кәсіпорындар бар. ҚМГКК аумағында КПО мен үшінші тараптар объектілерінен бөлек бұрын ауылшаруашылық (жер жырту) мақсаттарда қолданылған жер телімдерінің үлкен аумақтары бар. 1956 жылға дейін бұл жер шөп ору мен мал жайғау үшін қолданылған. 1957 жылдан бастап фермерлер жайылым ретінде пайдаланған Қоншыбай мен Калминовка жыраларындағы жайылмалары мен беткейлерін қоспағанда, онда дәнді

дақылдар өсіре бастады. Қазіргі уақытта ҚМГКК санитарлы қорғау аймағында (СҚА) мемлекеттік қордың жері басым. Алайда жердің кей бөлігінде шаруа қожалықтары орналасты.

Сол себепті жоғарыда келтірілген факторлар шекараны белгілеуде қиындықтар туғызып, КПО компаниясының қоршаған орта мен оның биотүрлілігін қалпына келтіруге шектеулер салады.

Дегенмен, КПО табиғат экожүйесінің биологиялық әртүрлілігі адам құрған әкімшілік-аумақтық бөліністерге бағынбайтынын түсініп, белгіленген аумақтың барлық биологиялық байлығын, тізбектегі нәзік түрлерді сақтау үшін барлық қатысы бар қоғамдастықтарға ережелер мен қағидаларға ұстануы керек екенін түсінеді түсінеді. Осыған байланысты келісілген аумақтарда биотүрлілікті сақтау компанияның ерекше назарында болып қала береді.

Кенорын аумағындағы биологиялық алуантүрлілікке әсерді азайту мақсатында КПО 2012 жылдан бастап биотүрлілікті сақтау бойынша шаралар жоспарын (БСШЖ) әзірлеп, жүзеге асыруда. Биотүрлілікті сақтау бойынша шаралар жоспары экожүйе бұзылуының және биотүрлілікті қысқартудың бірден-бір ескерту шарасы болып табылады.

БСШЖ «Мұнай және газ саласы үшін БСШЖ жасау жөніндегі нұсқаулық» құжатына (IPECA/OGP) сәйкес жасалып, әр үш жыл сайын жаңартылады. Бұл орайда белгіленген кезеңді зерттеу циклі қамтылады. БСШЖ шеңберінде өзендер жағалауы маңындағы сезімтал экожүйелер үшін ұсынылған іс-әрекеттер нұсқаулығы әзірленді және тұра-тын флора мен фауна түрлері бойынша деректер қоры құрылды. Деректер базасы әр зерттеу жылынан кейін жаңартылады.

БСШЖ аясында КПО ҚМГКК аумағындағы биотүрлілікке ықпал ететін факторларды бағалайды.

Экожүйе жағдайының динамикасын бақылау мақсатында әр 10 жыл сайын ҚМГКК аумағында жерсеріктен түсірілген суреттерге талдау жүргізіледі. Келесі қашықтық зондылау талдауы 2023 жылға жоспарланған. Сондай-ақ 2023 жылдан бастап КПО биоалуантүрлілікке бақылау жүргізілетін көлемді едәуір кеңейтеді.

Қарашығанақ кен орнын өндіру құрылымдарының бірі Қарашығанақ-Атырау экспортты құбыр желісі (ҚАТЖ) болып табылады. Құбыр желісі 2004 жылы іске қосылып, 635,5 км құрайды. КПО алғаш рет 2022 жылы ҚАТЖ бойында орналасқан 2023–2030 жылдарға арналған БСШЖ-ны жасап шығарды.

КПО 2023 жылдан бастап ҚАТЖ бойында жануарлар мен өсімдік әлемдерін бедерсіз зерттеуді жоспарлап отыр:


- ▶ Флора мен фаунаның басым (негізгі) түрлерін анықтау;

- ▶ Жануарлар мен өсімдіктердің көрсеткіш түрлерін анықтау;
- ▶ ҚАТЖ трассасы бойындағы экожүйеге әсер ететін факторларды анықтау;
- ▶ Алдағы бақылау үшін алаңдар мен бағдар орнату жерлерін таңдау;
- ▶ Жануарлар мен өсімдіктердің деректер базасын құру.

2022 жылдың соңында БСШЖ шеңберіндегі көпжылдық бақылау нәтижесінде алынған деректер келесіні көрсетеді:

1. Жер қабатындағы өсімді-жабынды ара қатынасы мен ластаушы заттар анықталмады.
2. Жануарлардың бірнеше түрі физикалық факторларға, атап көрсетсек – үздіксіз біркелкі шуыл, көліктердің қозғалысына бейімделді. Мысалға сарышұнақтар, құстар қозғалысы үдемелі орталық жолдарға немесе жұмыс жасап тұрған құрылғыларға жақын жерлерде байқалады.
3. ҚПО қызметінің табиғи экожүйеге әсер ететін негізгі факторы – құрылыс кезіндегі механикалық әсер. Аймақтар жергілікті, аймақтық немесе біржақты деңгейде әсерленді.
4. СҚА бірнеше аумағында жылқылар мен ірі қара малдың бірқалыпты жайылуы оң әсер тигізеді. Өйткені үздіксіз мал жайылымы жердің беткі қабатының өсімділерін азайтып, тіпті мүлдем жою мүмкін. СҚА ішіндегі бақыланатын алаңдар өндірістен алыс орналасып, жаппай жайылымның күшейгені байқалады.

ҚМГКК пайдаланудағы бүкіл қызмет штаттық жұмыс режимінде, биотүрліліктің рұқсат етілген қауіп-қатер деңгейі аясында орналасты.



ҚМГКК аумағындағы биоәртүрлік мониторингі GRI 304-2, OG4

Қазіргі уақытта КПО компаниясы бекіткен БСШЖ-ның 2021–2023 жж. жоспарланған шаралар көлемін орындауда. 2011 жылдан бастап БСШЖ барлық кезеңдері www.kpo.kz сайтының [Тұрақты даму/Қоршаған ортаны қорғау/Биологиялық алуантүрлілікті сақтау/БСШЖ](#) бөлімінде баяндалған.

2022 жылдың жұмыс көлемі ҚМГКК аумағындағы өсімдіктер әлемінің динамикалық жағдайын кешенді бағалаудан тұрды.

2022 ж. флораны бақылау

Қарашығанақ кен орнындағы өсімдіктерді бақылау 2022 жылдың көктем және жаз мезгілдерінде өткізілді. Дала зерттемелері 27 бақыланатын алаңда өтті. Өткен жылдарды қоса алғанда таңдаулы мониторингтік алаңдарда өсімділерге салыстырмалы талдау жасалды.

Зерттеу кезінде өсімдіктердің 31 тұқымдасының 95 тектесі мен 133 түрі анықталды. Ең көп тараған астралық (Asteraceae), көк шөп (Poaceae), шұбар түстес (Brassicaceae) және бұршақ тәріздес (Fabaceae) тұқымдар кездеседі. Бұл тұқымдастардың едәуір көп түрлері бар. 82 түрдің өміршеңдік пішінін талдау арқылы өсімдіктердің 62,6 пайызын көпжылдық шөптер құрайтыны аңғарылды. Қарашығанақ кен орнындағы жалпы өсімдіктердің

жылдық динамикасының дәрежесі мен бағытын анықтау үшін көрсеткіш негізінде Қоншыбай жырасына жиылған суға өсіп шыққан өсімдіктердің сапалық және сандық құрам өзгерісі алынды. Осыған байланысты салыстырмалы мониторинг үшін 2022 ж. жазында зерттелген Қоншыбай жырасында өсімдіктер түрінің құрамы 2013, 2016, 2019 жж. зерттеу материалдарымен салыстырылды. Өсімдіктер түрлерінің әр алуандығынан да, жағаға жақын өскен биомасса саны жағынан да өсімді тектердің өшуі байқалмады.

Негізінен ҚМГКК аумағындағы флораны қанағаттанарлық деп сипаттауға болады. Бақылау алаңдарындағы КПО компаниясы қызметінің сапалық сыртқы әсері жоқ.

1. ҚМГКК аумағындағы өсімдіктерге теріс әсер ететін факторлар:
 - ▶ Траншея қазу, құбыр желісін өткізу, нысандар мен жолдар салу сияқты уақытша болатын механикалық әсер.
 - ▶ Ірі қара мен жылқыларды жаю.
 - ▶ Өрт.
2. ҚМГКК көздерінен атмосфераға шығарындылардың өсімдік жамылғысына теріс әсері анықталған жоқ.
3. Тыңайған жерлерде шартты-тамырлы өсімдіктердің қалыптасуы байқалады.



Негізгі түрлерді бақылау

Биотүрлік жағдайды бағалау шеңберінде КПО сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлар түрлеріне назар аударады. Биотүрлікті сақтау мәселесінде халықаралық және жергілікті заңнамаға басымдық беріліп, компанияның қоршаған ортаға сезімталдық пен тұрақтылық және мәнділік әсері белгіленеді.

1990-2022 жылдарда жасалған зерттеулерде қарастырылатын негізгі түрлер kpo.kz сайтының [Тұрақты даму/Биотүрлікті сақтау/ҚМГКК аумағында тіркелген флоры мен фаунаың маңызды түрлері](#) бөлімінде келтірілген.

Осы түрлердің барлығы Қарашығанақ кен орны аймағынан тыс жерлерде де кездесуі мүмкін. Кенорындағы бұл түрлердің болуы немесе болмауы аумақтың экологиялық әл-ауқатына тікелей көрсеткіш бола алмайтынын атап өту керек. Бөлек түрлердің таралуы жергілікті, яки климаттың өзгеруі, шөлейтке айналуы және басқа да жаһандық себептеріне байланысты өзгеруі мүмкін. Бұ-

ның КПО қызметіне ешқандай қатысы жоқ. Осыған қоса, ҚМГКК биотүрлілігінің маңызды бөлігі болып табылатын әр алуан түрдің популяциясына тікелей не жанама әсер етпес үшін өндірістік қызметті жоспарлап, ұйымдастыру қажет.

2022 жылы флораның негізгі түрлерінің санын бақылау шеңберінде ҚазКСР-нің «Қызыл кітабына» және құрып кету қаупі төнген түрлердің тізбесіне енгізілген бес түрі тіркелді. Қызыл кітаптағы үш түрі көбірек кездеседі: Биберштейн қызғалдағы (*Tulipa biebersteiniana*), Шренк қызғалдағы (*Tulipa shrenkii*) және Фишер құсұтты (*Ornithogalum fischerianum*).

Мониторингтік алаңдарда өсетін сирек кездесетін түрлермен қатар, су қорғау аймағының аумағына орайластырылған сирек кездесетін түрді – Шілмұртты (*Fritillaria ruthenica*) есепке алу жүргізілді. 2022 жылы ашылған шілмұрт популяциясы тұрақты фазалы түрде кеңінен өсім бере бастады. Бақылау кезінде кенорынның шілмұрт тектестердің популяциясына әсері байқалған жоқ.



Су тіршілік көзін, оның ағымы мен дамуын білдіреді. Сусыз өмір жоқ, сусыз айналымындағы тіршіліктің бәрі жансыз болады. Су сияқты оң экономикалық әсер айналымындағы әлемді жандандырады, экономикалық өсуге және жергілікті қауымдастықтардың жағдайының жақсаруына ықпал етеді.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮЛЕС

Жеткізілімдерді ұйымдастыру	128
Жергілікті қамтуды дамыту	130
Мемлекетке төленетін төлемдер	132
Электр қуатын жеткізу	134
Әлеуметтік инфрақұрылымға қосылатын үлес	136



GRI 2-23

Іскерлік қағида: ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР

Біз өз қызметімізді жүзеге асыратын аумақтағы аудан тұрғындарының жалпы әл-ауқатын жақсартуға тікелей немесе жанама үлесімізді арттыра отырып, тату көршілік қарым-қатынасты құрудамыз.

Біз билік өкілдерімен, акционерлерімізбен, бизнес әріптестерімізбен және жұмыс орнымыздағы жергілікті қоғаммен тиімді, нәтижелі, бірлескен және сенімді қарым-қатынас құрамыз.

Іскерлік қағида: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰҚТАР

Біз қолданылып жатқан бәсекелестік туралы заңнама шеңберінде әділ және әдепті бәсекелесуге ұмтыламыз.

2022

ЖЕТКІЗІЛІМДЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ДИРЕКТОРАТЫ



388

мердігерлер мен жеткізушілер



1,1

миллиард АҚШ доллары көлеміндегі келісімшарттар мен келісімшарттарға түзетулер

ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ ҮЛЕСІ

КПО сатып алуларында



56,4%

РЕСПУБЛИКАҒА ЖАСАЛҒАН ТӨЛЕМДЕР



3

миллиард АҚШ доллары

БҚО-ҒА БЕРІЛГЕН ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ



246,33

млн кВт

ӘЛЕУМЕТІК ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАР

Іс жүзінде жұмсалған шығын



17

миллиард АҚШ доллары

КПО-ның сатып алу процесі нарықтық бәсекенің шектеулігі, инфляция, құбылмалы айырбас бағамы, шикізат бағасының өсуі және логистикалық мәселелер секілді экономикалық тәуекелдермен күрделендірілген. Тәуекелдерді барынша азайту үшін КПО нарықтық бәсекелестікті қамтамасыз ету және шарттық талаптардағы ықтимал экономикалық ауытқуларды және бұдан әрі сипатталған басқа да көрсеткіштердің орнын толтыратын түрлі тетіктерді қолдану арқылы техникалық тапсырмалар мен тендерлік талаптарды барынша ұтымды әрі ашық түрде әзірлеуге тырысады.

ЖЕТКІЗІМДЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ GRI 2-6, ТДМ 8.1, 8.3

Қарашығанақ кен орнын игеру Қазақстан үшін тек мұнай мен газ өндірісінен түсетін табыс пен салық қана емес, оның елге берері одан да көп. Бұл экономикалық дамуға ықпал ететін ұзақ мерзімді және тұрақты серіктестік қатынастар құру болып табылады.

Жергілікті жеткізушілермен және мердігерлермен бірлесіп жұмыс істеп, компания өңірдің және Қазақстанның жалпы экономикалық дамуына айтарлықтай қолдау көрсетеді.

2022 жылы 388 мердігерлермен және жеткізушілермен (олардың 84%-ы – жергілікті компаниялар) келісімшарттар мен қосымша келісімдер жасалды.


2022 жылы КПО тауарларды жеткізу бойынша 0,3 млрд АҚШ долларын астам сомаға 270-ке жуық келісімшарт пен оларға қосымшалар жасасып, қызмет көрсетуге шамамен 0,8 млрд АҚШ долларына астам сомаға 500-ден аса келісімшарт пен олардың қосымшаларына қол қойды.

КПО өз қызметінде Тәртіп кодексінде белгіленген бизнес-этика қағидаттарын, сондай-ақ барлық тиісті заңнамалық талаптар мен нормативтік ережелерді ұстанады.

Келісімшарт жасасудың және сатып алудың әр кезеңінде және келісімшарт аяқталғанға дейін жоғарыда көрсетілген негізгі қағидаттарға сәйкестік қадағаланып отырады.

GRI 414-1


26-сызба. 2019 – 2022 жж. КПО жеткізушілері және мердігерлері



Осы орайда КПО өз жұмыстарына бизнесті жүргізуде жоғары стандарттарды ұстанатын, компанияға қызметтерін ұсынғанда өз қызметкерлері мен өндірістің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, сондай-ақ белгіленген этика, нормативтік-құқықтық сәйкестік және тұрақты даму стандарттарын сақтайтын жеткізушілер мен мердігерлерді тартады.

КПО-мен келісімшарт жасасудың стандартты талаптары этика мен іскерлік тәжірибеге, жемқорлыққа қарсы күреске және мүдделер қақтығысына қатысты бірқатар ережелерді қамтиды. Сондай-ақ, 2022 жылы мердігерлердің өз қызметкерлеріне қамқорлық жасау және мамандары арасында тұрақты әлеуметтік ортаны қамтамасыз ету тұрғысынан әлеуметтік жауапкершілігін нығайту үшін КПО мен мердігерлер арасындағы өндірістік қатынастар туралы жаңа ережелер енгізілді. Бұл туралы толығырақ «Өндірістік қатынастар» бөлімінде оқи аласыз.

27-сызба. 2019 – 2022 жж. келісімшарттар мен келісімшарттарға қосымшалар құны (млн АҚШ доллары)



КПО-ның тұрақты даму туралы есебі 2022

КПО келісімшарттарының стандартты шарттары ҚР заңнамасының соңғы өзгертулері мен КПО талаптарын ескере отырып үнемі жаңартылып отырады. Осылайша КПО 2022 жылы ҚР Экологиялық кодексінің жаңа талаптарына байланысты Д Қосымшасына – «Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саясаты мнә оқытуға қатысты жұмыстарды орындаудағы келісімшарттарға қойылатын талаптар» жаңартуларды енгізді. Толығырақ осы есептің «Жеткізушілерді экологиялық тұрғыдан бағалау» бөлімінде оқи аласыз.

Келісімшарттарға қатысты жұмыстар және сатып алулар заңнамаға және Қарашығанақ жобасын басқару жөніндегі бірлескен комитеттің тендерлік ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Бұл құжат Қарашығанақ жобасын жүзеге асыру аясында тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру процесін реттейді.

Жуырда шығарылған КПО-ның тендерлік ережелерінде электрондық құжаттармен кеңірек алмасу және оларды өңдеу, сонымен қатар тендерге қатысуға өтінімдерді қабылдау және бағалау сияқты бағыттар қарастырылған. Бұл өз кезегінде КВИ пандемиясы кезінде шектеулерге байланысты туындаған мәселелерді шешуге көмектесті. Тендерлік ережелердің жаңа шығарылымы ерте тендерлер, сынама тапсырыстар, инвестициялар үшін келісімшарттар, мөлшерлемелерді шартты төмендету және қазақстандық тендерлерді өткізу арқылы жергілікті қамтуды дамытуға және Қазақстан Республикасында тауарларды өндіруді қамтамасыз етуге бағытталған.

КПО логистикаға және соған қатысты уақыт пен шығындарға байланысты тәуекелдерге тап болды. Геосаяси жағдайдан туындаған бұл тәуекел КПО бақылауынан тыс, алайда компания тауарлар және материалдармен қамтуды үзбеу үшін баламалы шешімдер мен мүмкін шараларды барынша қолдануда. Жергілікті әлеуетті мердігерлер мен жеткізушілердің бәсекеге қабілетті болуы үшін және олардың тендерден шығып қалу қаупін азайтуға көмектесу үшін КПО конкурс алдындағы өзара әрекеттесу сессияларын ұйымдастыруға жіті назар аударады. Аталмыш сессиялар барысында конкурсқа қатысушылар КПО тендерлік талаптары бойынша нақты түсініктемелер, сондай-ақ жиналған практикалық тәжірибе туралы ақпарат алады. **GRI 2-29, 3-3**

КПО компаниясы «Атамекен» ҚР кәсіпкерлерінің ұлттық палатасы, «KazService» ассоциациясы және мұнай-газ секторының басқа да ұйымдары немесе қауымдастықтары өткізетін іс-шараларға белсенді қатысады.

Әртүрлі мүмкіндіктерді пайдалана отырып КПО жергілікті компанияларға қойылатын талаптарға қатысты түсініктемелер беріп, оларды дамуға және әлемге танылған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер жеткізушілерімен бірлесіп жұмыс істеуге ынталандырады. Жергілікті қамту бойынша межелеген көрсеткіштерге қол жеткізу КПО-ның Қазақстан Республикасы алдындағы басты міндеттемесі болып табылады.

Қызметінің ашықтығын көрсете отырып, КПО жыл сайын сатып алу жоспарларын www.kpo.kz веб-сайтында жариялайды.

КПО тендерлеріне қатысуға қызығушылық танытушы әлеуетті жеткізушілерге [КПО жеткізушілерінің дерекқорына](http://www.kpo.kz) тіркелуге және өздері туралы ақпаратты үнемі жаңартып отыруға (толығырақ [КПО веб-сайтында](http://www.kpo.kz) жарияланған) немесе жеткізушілердің «АЛАШ» бірыңғай мәліметтер қоры арқылы тікелей тіркелуге кеңес беріледі. Тендерге рұқсат алу үшін әлеуетті қатысушылар КПО жеткізушілерді іздеу кезінде ескеретін материалдық-техникалық базасы және тиісті тәжірибесі туралы дұрыс әрі шынайы ақпарат ұсынуы керек.



2021 жылы КПО өз вебсайтында <https://cp.kpo.kz/> парақшасын қосты, осы жерде компаниялар КПО-ның жауапты бөліміне жіберілетін сұрақтарын қоя алады. Бұл парақшада «жиі қойылатын сұрақтарға» жауаптар берілген қосымша бет бар. **GRI 2-29, 3-3**

Компания Қазақстан Республикасының отандық жеткізушілерін дамытудағы бастамаларын толығымен қолдайды және Қарашығанақ жобасын жүзеге асыру үшін жергілікті тауар өндірушілерді көбірек тартудың маңыздылығын түсінеді. Осы мақсатта КПО отандық компаниялардың қатысуын жеңілдету үшін сатып алу процесі механизмін енгізді. Осы орайда компания үшін де, ҚР Өкілетті органы мен жергілікті өндірушілер үшін де Қазақстан Республикасындағы шикізат нарығы шектеулі болғандықтан Қазақстанда өндірілген тауарлардың сапасымен және де тауарлардың өзіндік құнының қымбаттауымен байланысты қауіп-қатерлер бар, сонымен қатар салық салу жүйесі мен халықаралық стандарттар бойынша сертификаттау талаптарының өзгеріп тұруына қатысты қауіп-қатерлер бар.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУДЫ ДАМУЫ GRI 203-2, ТДМ 8.1, 8.3, 9.2, 9.3, 17.7, 17.9, 17.17

Қарашығанақ кен орнын игеру басталғаннан бері КПО компаниясы қазақстандық тауар өндірушілер мен қызмет көрсетушілерді тарту арқылы Қарашығанақ жобасындағы жергілікті қамту үлесін арттыру бойынша белсенді жұмыс істеуде, бұл Қарашығанақ жобасы шеңберінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жалпы көлемінде отандық өндірістің тауарлары, көрсетілетін қызметтері мен жұмыстарының импортын азайтуды және көлемін ұлғайтуды көздейді.

КПО 2001 жылдан бері Қарашығанақ жобасында жергілікті қамтуды дамыту бағдарламасын жүзеге асырып келеді. 2022 – 2023 жылдарға арналған бағдарлама мақсаты ҚР мемлекетінің машина жасау, индустрияландыру мен цифрландыру және КПО-ның жергілікті қамту саласындағы корпоративті саясатына сәйкес келеді. Бұл бағдарлама жергілікті қамтуды дамытуға қатысты мақсаттар мен тапсырмаларды, сонымен қатар қызметті тиімді бақылауға мен бағалауға арналған негізгі көрсеткіштерді белгілейді. **GRI 3-3**

2022 жылы КПО-ның жергілікті қамтуды дамытуға бағытталған бастамаларының арқасында келесі нәтижелерге қол жеткізілді: **GRI 204-1**

- ▶ Қарашығанақ жобасындағы тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетудегі жергілікті қамтудың үлесі 56,4% құрады (511,7 млн АҚШ долларына тең).

- ▶ 42,5 млн АҚШ долларына қазақстандық өнімдер сатып алынды, бұл барлық сатып алынған көлемнің 18%-ын құрайды (оның ішінде жергілікті қамту үлесі СТ-К310 сертификаты бойынша 7,3% құрайды¹⁵).

1997 жылы ӨБТК-ге қол қою сәтінен 2022 жылдың соңына қарай Қарашығанақтағы тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамтудың жиынтық үлесі 9,37 млрд АҚШ долларынан асты.


GRI 204-1

Компания Қазақстанда өндірілген тауарларды сатып алуда жергілікті қамту үлесін арттыруға ерекше көңіл бөледі.

2022 жылы Қазақстанда Қарашығанақ жобасының қажеттіліктері үшін келесі тауар түрлерін өндіруге жалпы сомасы 115 миллион АҚШ долларын құрайтын 27 келісімшартқа қол қойылды: клапандар, трансформаторлар, БӨАМА, бекітуші материалдар және құбыр материалдары, т.б.

«Қазақстандық тендерлер» өткізу жергілікті өндірушілер мен жабдықтаушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектеседі. 2022 жылы КПО жалпы сомасы 389 млн АҚШ долларын құрайтын 10 «қазақстандық тендерді» тек қана жергілікті компаниялар арасында өткізді. Нәтижесінде КПО жалпы сомасы 15,5 млн АҚШ долларын құрайтын 3 келісімшарт жасады. Қалған тендерлер бойынша жұмыстар жалғасып жатыр.

28-сызба. КПО сатып алуларының жалпы көлеміндегі жергілікті қамту үлесі, 2014–2022 жылдар **GRI 204-1**



¹⁵ Тауардың Қазақстан аумағында өндірілгенін немесе қайта өңделгенін растайтын сертификат. Бұл сертификат Қазақстан аумағындағы пайдалануға арналған, мысалы, жер қойнауын пайдаланушылардың немесе мемлекеттік сатып алуларға қатысу кезінде.

КПО орналасқан аймағы – Батыс Қазақстан облысында (БҚО) тауар өндірушілердің тұрақты дамуын нығайтуға бағытталған жұмыстар жүргізуде. КПО жергілікті бизнестің бәсекеге қабілеттілігін дамыту және арттыру мақсатында БҚО кәсіпорындарын, соның ішінде машина жасау секторының кәсіпорындарын нарықты зерттеуге және тауарлар, жұмыстар мен қызметтер тендерлеріне, сондай-ақ Компания өткізетін түрлі іс-шараларға қатысуға тұрақты түрде шақырып тұрады.

2022 жылдың нәтижесі бойынша КПО БҚО кәсіпорындарына тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсеткені үшін 308,1 млн АҚШ долларын төледі, оның ішінде жергілікті қамту үлесі 230 млн АҚШ долларын немесе 74,8%-ды құрады.

Ұзақ мерзімді бастамалар **GRI 2-28**

Қазақстандық тауар өндірушілерді жеткізу тізбегіне тарту мәселесі бойынша КПО ҚР министрліктерімен, бизнес қоғамдастықтар және серіктестермен тығыз ынтымақтастықта жұмыс жасайды.

2020 жылы Мұнай-газ машина жасау саласын дамытуға арналған халықаралық орталық (IMBC) құрылды. Бұл – негізгі мақсаты Қазақстандағы ірі мұнай-газ жобаларында отандық машина жасау кәсіпорындары шығаратын өнімдерді сатып алуды ұлғайту болып табылатын ҚР 2019–2025 жылдарға арналған отандық мұнай-газ саласындағы машина жасауды дамытуға арналған шаралар жоспарының бір бөлігі.

IMBC өз жұмысын 2021 жылы бастады. Орталық қызметін үш Оператор – КПО, ТШО және НКОК атынан жүргізеді және де Индустрия және инфрақұрылымдық даму

министрлігімен, Энергетика министрлігімен, «PSA» ЖШС Өкілетті органымен, сондай-ақ отандық мұнай-газ саласындағы машина жасауды дамытуға қатысатын энергетикалық және машина жасау қауымдастықтарымен тығыз әрекеттеседі.

2022 жылы КПО қауымдастық мүшелерінің келесі жалпы жиналыстарына қатысты:

- ▶ Қаңтар – IMB орталығының 2021 жылғы нәтижелері, жұмыс бағдарламасы мен бюджеті және де 2022 жылға арналған ТНК көрсеткіштері талқыланды.
- ▶ Шілде – IMB орталығының бірінші жартыжылдықтағы жұмыс қорытындылары талқыланды.

КПО IMB орталығына талдау үшін «B» тобы тауарларының (сорғыштар мен тығыздағыштар, желілік құбырлар, технологиялық сүзгілер, ЖЖАБ) техникалық талаптарын / сипаттамаларын ұсынды.

Орталық ұйымдастыратын іс-шаралар аясында 2022 жылдың ақпанында Қауымдастық кеңесінің отырысы өтті. Отырыс нәтижесінде ҚР Энергетика министрі жергілікті қамтуды дамыту жол картасын дайындап, операторларға жолдады. Жол картасын жасаудағы мақсат – Операторлардың 3 санат тауарларын (клапандар, БӨАМА және электр жабдықтары) сатып алуын ұлғайту. Жол картасын жүзеге асыру аясында сатып алудағы мәселелерді талқылау үшін КПО ҚР Энергетика министрлігімен бірлесіп 2022 жылы мамыр айынан қыркүйек айына дейін апта сайынғы кездесулер өткізді:

- ▶ Жалпы сомасы 93 млн АҚШ долларын құрайтын 6 келісімшарт жасалды;
- ▶ 4 келісімшарт қол қою кезеңінде;
- ▶ 1 келісімшарт әзірлену кезеңінде.



ҚР аумағына инвестициялар тарту және өндірісті дамыту мақсатында КПО 2022 жыл бойы қол қойылған жол карталарын жүзеге асыру үшін жаңа өндірушілерді тарта отыра бірегей жабдық өндірушілермен (ОЕМ) жұмысты жалғастырды. Аталмыш жабдық түрін өндіруді жергіліктендіру бастамасы күшіне енген кезден бастап КПО тауарларды жергіліктендіруге бағытталған 16 «жол картасына» қол қойып, бірегей жабдық өндірушілерімен жалпы сомасы 10,4 млн АҚШ долларын құрайтын 4 келісімшарт жасасты. КПО 13 жол картасын жүзеге асыруын жалғастырады. Оның аясында жалпы сомасы 11 млн АҚШ долларынан асатын инвестиция жасау және жаңа 350 жұмыс орнын құру жоспарланған.

Жергілікті қамту мәселелері бойынша өзара әрекеттесу

Жергілікті қамту үлесін ұлғайту шеңберінде КПО өндірістік қызметі мен жобаларында жергілікті және халықаралық жеткізушілерді, өкілетті мемлекеттік органдарды (Энергетика Министрлігі, «PSA» ЖШС, БҚО

әкімдігі), сондай-ақ жергілікті қамтуды дамыту қауымдастықтарын ағымдағы сатып алу көлемдерімен және алдағы кезеңге арналған жоспарлармен таныстыру үшін жүйелі түрде іс-шаралар ұйымдастырып отырады. Компания ағымдағы операциялық қызметі аясында және күрделі жобаларға қажетті тауарлар, жұмыстар және қызметтер (ТЖК) туралы, сондай-ақ олардың техникалық шарттары мен сипаттамасы туралы ақпаратты бөліседі. Сатып алынатын тауарлардағы жергілікті қамту үлесін ұлғайту мақсатында КПО шетелдік серіктестерге және қазақстандық нарықтағы қатысушыларға мұнай-газ жабдықтарын құрастырып қана қоймай, қолданыстағы жабдықтар мен жабдықтардың жаңа түрлеріне арналған құрамдас бөліктерді/қосалқы бөлшектерді жергілікті жасауға кеңес берді. Бұл бастама аясында 2022 жылы КПО бірегей жабдық өндірушілерімен мұнай-газ жабдығының құрамдас бөліктерін/қосалқы бөлшектерін жергілікті өндіру бойынша жол карталарына қол қойды. Олардың арасында «KIOS Techflow» ЖШС, «Тұранмұнайконсалтинг» ЖШС, Leser, «ProControl KZ» ЖШС, «Ескерткіш Қызмет Қазақстан» ЖШС / DPI SEKUR ЖШС компаниялары бар.

МЕМЛЕКЕТКЕ ТӨЛЕНЕТІН ТӨЛЕМДЕР GRI 207-1, 207-2, 207-3, ТДМ 8.1, 10.4

Компания операторы ретінде КПО өз өндірістік қызметтерін Қарашығанақ жобасы акционерлері мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалған өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімнің (бұдан әрі – ӨБТК) шарттарына сәйкес жүзеге асырады.

Акционерлер филиалды қаржыландырады, және ӨБТК-ге сәйкес қаражатты пайдалану жөніндегі акционерлердің бекітілген құқығын ескеріп, КПО салған немесе сатып алған барлық негізгі мүлік есептен шығарылмайды, сарқылмайды және амортизацияланбайды. ӨБТК қарыз немесе капитал бойынша капиталдандыруды қарастырмайды. Осылайша КПО қаржылық есебінде сату көлемдері мен қаржылық-шаруашылық қызметі нәтижелері қамтылмаған. КПО қызметінен түскен табыс Қазақстан Республикасының Үкіметі мен акционерлер арасында бөлініп, олар қаржылық қызметі туралы мәліметтерді, соның ішінде кіріс, таза сатылым, капиталдандыру және басқа да ақпаратты өз қаржылық есептерінде жариялайды. **GRI 2-6, 201-1**

КПО компаниясының салық режимі өнімді бөлісу туралы келісіммен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық туралы заңнамасымен реттеледі. ӨБТК 19-бабының шарттарына сәйкес жоғарыда аталған келісім бойынша ағымдағы қызмет үшін Қазақстанда корпоративтік табыс салығы төленбейді. Корпоративтік табыс салығы КПО-ның құрушы компаниялары немесе

акционерлері үшін міндетті және оны олар өз қаржы есептерінде жариялайды. **GRI 207-4**

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасындағы өндіруші салалардың ашықтығы бастамасын іске асыру жөніндегі ұлттық есептерде КПО екінші ірі салық төлеуші болып танылды, ол елдің мемлекеттік бюджетіне түсетін барлық салық түсімдерінің айтарлықтай бөлігін құраған.

КПО сыйластық және ашықтық қағидаттарына сүйене отырып, ҚР салық органдарымен ашық диалог құрып, ынтымақтастық орнатуға ұмтылып келеді.

Бұл бизнесті дамытуға, сондай-ақ Батыс Қазақстан облысының әлеуметтік саласын жақсартуға қолайлы жағдай туғызып тұр. Салықтық жеңілдіктер беріліп, салықтан босатылған жағдайда да КПО олардың ашықтығын және заңнамаға сәйкестігін көрсетуге тырысады.

Іс жүзінде КПО-ның салық стратегиясы салықтарды дұрыс есептеп, қосарланған салық салу қатерін азайтып, салық органдарымен қандай да бір даулардың алдын алуға бағытталған. Осыған байланысты Компанияның басты қағидаты салықтық міндеттемелерді уақытылы



